Бірақ Коминтерннің III Конгресінде (1921 ж. маусым-шілде) Ленин солшылардың позициясын қатты сынға алды, оның көзқарасының өзгеруіне себептер де болды, өйткені осы кезде Кеңес мемлекеті жаңа экономикалық саясатқа көшіп, халық шаруашылығын қалпына келтіру мәселесін шешуге кіріскен уақыт еді, ал мұндай жағдай дамыған Батыс елдерінен техникалық көмек алуға мүмкіншілік тұғызатын болды.

Осыған қарамастан, кейбір Еуропа мемлекеттерінде таптық күрестің шиеленісуіне байланысты Коминтерннің Президиумы Германияда қарулы көтеріліске дайындала бастады. Мұның өзі большевиктер мен Коминтерннің екіжүзді саясатын байқатады. Біріншіден, 1922 ж. Генуя конференциясынан кейін Кеңес мемлекеті Германиямен өте тығыз байланыстар орнатты, әсіресе әскери байланыстар жаңа деңгейге көтерілді, мысалы, Кеңес мемлекеті немістерге құпия түрде ұшқыштар, танкистер дайындай бастады және Германияға көп мөлшерде шикізат жіберіп тұрды, ал енді өз кезегінде Кеңес Одағы несие және техника мен құралдар алып тұрды [9; 141]. Осыған қарамастан, Германияда көтеріліс ұйымдастыру үшін Кеңес мемлекеті Коминтерн арқылы неміс коммунистеріне әскери кеңесшілер және қару-жарақ жібере бастады. Мысалы, Германияға құпия түрде белгілі қайраткерлер К.Радек, Г.Пятаков басқарған арнайы топ жіберілді, олар басталар революцияға саяси және әскери басшылық жүргізетін болды. Бірақ дайындалған жоспар, әр түрлі көрсетілген көмек керекті нәтижеге жеткізбеді, 1923 жылдың қараша айында Германияда басталған көтеріліс сәтсіз аяқталды [12]. Неміс жұмысшыларының көтерілісі және оның жеңілуі туралы мәселелер 1924 ж. қантар айында РКП (б) және Коминтерннің мәжілістерінде арнайы қаралды, оның шешімдері бойынша Германиядағы пролетарлық революцияның жауы ретінде социал-демократия және «социал-фашизм деп жарияланды. Сонымен қатар коминтерншілердің түрткілеумен ұйымдастырылған Болгариядағы, Польшадағы және Эстониядағы революциялық қозғалыстар сәтсіз аяқталды.

Кейбір мемлекеттердегі жұмысшылар көтерілісіне тікелей көмек көрсетуімен қатар, Коминтерн басқа елдерде коммунистік партиялардың санын көбейту және әр түрлі өзінің ықпалында болатын халықаралық ұйымдарды құру жұмысын белсенді жүргізді. Осылардың ішінде КИМ (жастардың Коммунистік Интернационалы), Профинтерн (Кәсіподақтар Интернационалы), Межрабпом (Халықаралық жұмысшылар көмегі), МОПР (Халықаралық революция күрескерлеріне көмек көрсету ұйымы) және т.б. атауға болады [13]. Барлық осы аталған халықаралық ұйымдарды және олардың көптеген бөлімшелерін кеңес үкіметі қаржыландырып отырды.

20-шы жылдардың басында Коминтерн Ресейдегі большевиктердің империялық пиғылдарын және іс-әрекеттерін ашық қолдап шықты, оны Теріскей Кавказ жеріндегі оқиғалардан байқауға болады. Осында өздерінің тәуелсіздіктерін жариялаған және бұл оқиғаны Еуропа мойындаған Армения, Әзербайжан және Грузияға Кеңестік Ресейдің басшылары ашықтан ашық қоқан-лоққы саясат жүргізіп, неше түрлі арандатушылық ұйымдастыра бастады. Осындай саясатты жүргізуде И.Сталин, С.Киров сияқты большевиктер партиясының белгілі қайраткерлері және Коминтерннің саяси эмиссарлары ерекше белсенділік көрсетті. Жас Кавказ мемлекеттеріндегі ұлттық үкіметтерге: «Еңбекшілер ерекше қарсы болып, бізден көмек сұрады» деген негізі жоқ сылтаумен Ресей басшылары 1920 ж. сәуір айында Қызыл Армияны жіберіп мусаватистер үкіметін құлатып, Әзербайжанда Кеңес өкіметін орнатты [14]. Тура осындай жолмен қараша айында дашнактар билігі жойылып, Кеңес өкіметі Арменияда орнады [15]. Ал 1921 жылдың мамыр айында Қызыл Армия тәуелсіз Грузияға басып кіріп, осындағы ұлттық үкіметті құлатып, осы елді кеңестендіруге жол ашты. Сөйтіп, Коминтерн көсемдері қолдаған большевиктердің агрессиялық саясатының нәтижесінде: армян, грузин және әзербайжан халықтарының тәуелсіздіктері жойылды. Большевиктер мен Коминтерн көсемдерінің «революцияны экспорттау» саясаты осылай Кавказ аймағында нәтиже берді [16].

Бұл саясат өзінің жалғасын барон Унгерннің әскерлері басып алған Монғолияда іске асырылды. 1921 ж. маусым айында осы елдің еңбекшілерінің сұрауы бойынша Қызыл Армия Монғолияға жорық жасап, ақгвардияшылар отрядтарын талқандап билікке Сухэ-Батор басқарған адамдарды отырғызды, енді осы уақыттан кейін Монғолия Кеңес мемлекетіне бағынышты социализм құрып жатқан елге айналды [17].

Осы кезден бастап Коминтерн және КСРО басшыларының назары Шығысқа бұрылды, 1922 ж. қаңтарында Мәскеуде Қиыр Шығыс еңбекшілерінің съезі өтті, оған Қытай, Монғолия, Корея, Жапония, Үндістан, Индонезия және тағы басқа елдерден 100 астам делегат қатысты, съезд өзінің

шешімдерінде Азия құрлығындағы революциялық қозғалысты дамыту керектігін нақты көрсетті [7; 273].

1922 жылы өзінің II съезінде Қытай коммунистік партиясы Коминтернге кіру туралы шешім қабылдады [18]. Осы кезден бастап Коминтерн халықаралық революциялық қозғалысты дамыту жолында Қытайға ерекше мән берді. КСРО және Коминтерн басшыларының келісімдері бойынша 20-шы жж. орта кезінен Қытайдағы бірнеше саяси күштерге көмек көрсетіле бастады. Мысалы, Коминтерн кеңесшілері мен әскери нұсқаушылары Пекиндегі КСРО елшілігінде және бірқатар провинцияларда жұмыс істеді, бұл коммунистерге көрсетілген көмек еді. Сонымен қатар Қытайдағы екінші билік Гоминьдан армиясында коминтерншілер Әскери Кеңес және Бас Штаб құрды, ал қару-жарақты КСРО Владивосток арқылы жіберіп тұрды [5; 470]. Осы кезде Қытайда КСРО-ның белгілі қайраткерлері жұмыс атқарды, оның ішінде әскери кеңесшілердің басшысы В.Блюхер, Коминтерннің Қытайдағы өкілі Г.Войтинский, Гоминьдандағы бас кеңесші М.Бородин және т.б. Дәл осы уақытта КСРО әскери кеңесшісі М.Фрунзе құпия түрде Пекиндегі саяси билікті, әскери төңкеріс арқылы ауыстыру туралы жоспар дайындап қояды [19]. Бірақ КСРО басшылығының кеңес-қытай қатынастарындағы екі жүзді саясаты 1927 жылы халықаралық жанжалға апарып соқты, өйткені КСРО елшілігін басып алған қытай полициясы 3 мыңнан астам құпия құжаттарды тәркілеп, олардың ішінде Кеңес мемлекеті мен Коминтерннің «Қытайды кеңестендіру» туралы жоспарын тауып алады [20; 234]. Осы жылдың 11 желтоқсанында кеңес дипломаттары мен Коминтерн резиденттерінің нұсқауымен ұйымдастырылған Кантондағы және т.б. қалалардағы ірі жұмысшылар көтерілістері жеңіліспен аяқталды. Осының барлығы кеңес-қытай дипломатиялық қатынастарының үзілуіне әкеп соқты, ең соңында 1929 жылы Солтүстік Маньчжурияда кеңес-қытай әскерлерінің арасындағы қарулы қақтығысқа апарды. Қытайға және басқа елдердегі сәтсіздіктеріне сараптама жасап, өзінің VI конгресінде (1928 ж.) Коминтерн «солшыл-төңкерісшіл» нұсқаулардан бас тарту керек екенін нақты көрсетті. 30-жж. Қытайға қарсы Жапонияның агрессиясы басталған жағдайда КСРО және Коминтерн басшылары Қытаймен қарым-қатынасты түзетіп, осы мемлекетке, әсіресе қытай коммунистеріне белгілі көмек көрсете бастады. Мысалы, 1939–1940-жылдары жапондықтарға қарсы соғысып жатқан Қытайда 3600 астам КСРО кеңесшілері жұмыс атқарды, олардың жартысына жуығы Коминтерн жіберген әр түрлі мамандар болды [20; 327].

1935 ж. шілде-тамыз айларында Коммунистік Интернационалдың VII Конгресі өтті, ол өзінің бағдарламалық шешімдерінде көптеген коммунистік партиялардың халықаралық революциялық қозғалысты белсенді жүргізу, Кеңес Одағын қолдап қорғау, жұмысшылардың ынтымақтастығын нығайту және антифашистік күресті халықаралық деңгейде жүргізу туралы ұсыныстарын нақты көрсетіп берді.

Осындай бағдарламаға байланысты Кеңес Одағы мен Коминтерн 1936–1939-жылдары Испанияда болған азамат соғысының оқиғаларына белсенді қатысты. Осы мемлекеттегі құрамында коммунистер бар Республикалық үкіметке Кеңес Одағы интернационалдық көмек көрсетті, әрине, мұндағы басты мақсат осы елде билікке коммунистерді отырғызу болды. 1936–1939-жылдары КСРО Республикалық Испанияға 648 әскери ұшақ, 347 танкі, 60 броневтомобиль, 1186 зеңбірек, 20648 пулемет, 497813 винтовка және т.б. қару-жарақ жеткізді [21]. Испан халқының генерал Франкоға қарсы күресін қолдап, 54 мемлекеттен келген интернационалдық бригадалар азамат соғысына қатысты. Олардың ішінде Коминтерннің Атқару Комитеті жіберген бірқатар коммунистік партиялардың белгілі өкілдері болды, атап айтсақ: ИКП-дан — Витторио Видали, Джузеппе Витторио, Джанкарло Пайетта; ФКП — Франсуа Бийу, Анри Жанен; Австриядан — Манфед Штерн; БКП — Рубен Авраамов, Райко Дамяново; Венгриядан — Янош Гал, Матэ Залка; Германиядан — Ганс Баймир, Артур Беккер; Польшадан — Густав Рейхер; Югославиядан — Благое Парович және т.б. Сонымен қатар әр түрлі уақытта Испанияда коммунистік партиялардың басшылары да болды, олардың ішінде Морис Торез, Жак Дюкло, Гарри Поллит, Уильям Галлахер, Тим Бак, Вальтер Ульбрихт, Ян Шверма т.б. [22]. Осыған қарамастан Испаниядағы азамат соғыс республикалықтардың жеңілісімен аяқталып, бұл елде генерал Франконың диктатурасы орнатылды.

Басқа елдерге «революцияны экспорттау» саясатын Коминтерн КСРО басшылығымен бірігіп Екінші дүниежүзілік соғысы басталған жағдайда да жалғастыра берді. Кеңес Одағының 1939–1940 жж. Финляндияға қарсы агрессиялық соғысы кезінде осы елдегі билікке Коминтерннің белгілі қайраткері О.Куусинен басқарған коммунистерді әкелу әрекеті жасалды. Сонымен қатар коминтерншілер 1939 ж. Польшаның шығыс аймақтарын, Бессарабияны, Латвия, Литва, Эстонияны Қызыл Армия оккупациялаған кезде ерекше белсенділік көрсетті. 1940 ж. Коминтерннің Атқару

Комитеті арнайы үндеу қабылдап басқа елдердегі жұмысшылар және революциялық қозғалысты кеңейту, халықаралық троцкизмге қарсы күресін жүргізу, антифашистік, антигитлерлік мемлекеттерге қарсы күресті жоғарғы деңгейге жеткізу туралы ашық жариялады [23].

Большевиктердің нұсқауымен жұмыс істейтін Коминтерн 30–40 жж. басында Қытай, Үндістан, басқа да Азия халықтарының ұлт-азаттық қозғалыстарына көп мән берді, аталған елдерде Коминтерннің агенттері, резиденттері, көптеген құпия ұйымдары жұмыс атқарды. Отаршылдыққа қарсы жүргізетін күрестің өзінің себептері де болды, өйткені осындай көмек арқылы КСРО және Коминтерн басшылары көптеген отарлары бар мемлекеттерді, әсіресе Ұлыбританияны әлсіреткісі келді және отаршылдық жағдайында тұрып жатқан халықтарға Кеңес Одағын олардың қамқоршысы ретінде көрсетуге тырысты.

Бірақ дүниежүзілік революциялық қозғалыстың штабы деп көрсетілсе де, Коминтерн көбінесе КСРО большевиктерінің басқаруымен және нұсқауымен жұмыс істеді. Сталин Коминтерншілерді «лавочкаға жиналған адамдар» деп кемітіп айтатын болды, ал бұл халықаралық ұйымда большевиктер өздерінің диктаторлық саясатын күнделікті әдеттеріне айналдырды. 30-шы жылдардың екінші жартысында Коминтерннің бірқатар мүшелері репрессияға ұшырады, ал Чехословакия, Болгария, Польша Коммунистік партиялары большевиктердің ұсынысымен таратылды. Осыған байланысты соғыс жағдайында Еуропадағы Қарсыласу қозғалысын белсенді басқарып жүрген француз, итальян, югослав компартияларының басшылары большевиктердің озбыр саясатына наразы бола бастады.

Сонымен қатар Коминтерннің жұмысында көптеген қиыншылықтар да болды, мысалы, кейбір коммунистік партиялар агрессор мемлекеттерде, кейбіреулері агрессияға ұшыраған елдерде, ал кейбір компартиялар отарларда қызмет атқарды, сондықтан бұлардың жұмысын жүргізуге жаңа көзқараста әр түрлі әдістеме қолдануы керек болды. Міне, осындай жағдай КСРО мен Коминтерн басшыларының арасында кикілжің тұғыза бастады. КСРО басшылары Коминтерн шын мәнінде «дүниежүзілік революция штабы» бола алмады, сондықтан оның жұмысын тоқтатуға да болады деп айта бастады. Сталин және басқа қайраткерлердің Коминтернге деген көзқарастарының өзгерілуіне бірнеше себептер әсер етті, біріншіден, Батыс мемлекеттері Коминтернді Мәскеудің қолшоқпары, оның саясатын халықаралық аренада бұлжытпай орындайтын орган деп көрсететін болды, екіншіден, Коминтернді тарату арқылы КСРО басшылары батыстан басталатын екінші майданды тездеткісі келді, үшіншіден, 1943 жылда Отан соғысында КСРО-ға ынғайлы түбегейлі бетбұрыс байқалды, сондықтан Сталин және оның қасындағы қайраткерлер енді ақылдасып, көптеген халықаралық мәселелерді бірге шешетін орган керек емес деген тұжырым жасай бастады. Тағы бір айтып кететін жай — Қызыл Армияның шабуылдары майданда сәтті болған сайын КСРО көсемдері алдағы уақытта Еуропада орнататын жаңа тәртіпті Коминтернсіз де іске асыруға болады дегенге сене бастады.

Осы және тағы басқа жағдайларға байланысты және соғыс кезінде кезекті Конгресті өткізуге мүмкіншіліктері болмаған соң 1943 ж. көктемінде Коммунистік Интернационалдың Атқарушы Комитеті өзінің секцияларына Коминтернді тарату туралы ұсыныс жасады. Бұл құжатқа Коммунистік Интернационалдың Атқарушы Комитетінің Президиум мүшелері: Г.Димитров, А.Жданов, В.Комаров, О.Куусинен, Д.Мануильский, В.Пик, М.Торез, П.Тольятти және тағы басқалары қол қойды. 1943 ж. 8 маусымында Атқару Комитеті Президиумының соңғы отырысында III Коммунистік Интернационалды тарату туралы шешім қабылданды. Осыған орай, оның секциясы ретінде жұмыс істеген Коммунистік Жастар Интернационалы да өзінің жұмысын тоқтатты. Аталған шешім бойынша Коммунистік Интернационалдың және оның секциялары шығарып тұрған газет және журналдар жабылды. Осылай, ширек ғасырға жақын уақытта халықаралық аренада белсенді жұмыс атқарған ұйым өз қызметін аяқтады [24].

В.Ленин және т.б. большевиктер көсемдері құрған III Коммунистік Интернационал (Коминтерн) XX ғасырдың бірінші жартысында белгілі халықаралық ұйым ретінде көптеген жұмыстар атқарды. Сондықтан оның тарихтағы рөліне тоқталғанда, біз мынандай басты факторларды атап кетуіміз керек. Кеңестік Ресей большевиктері құрған Коминтерн халықаралық аренада солардың саясатын жүргізген белгілі ұйым болды. XX ғасырдың 20–30-шы жылдары Коминтерн өзінің конгрестерінің шешімдері бойынша көптеген елдерде коммунистік ұйымдар мен партиялар құрып, сол мемлекеттерде жұмысшы және коммунистік қозғалыстарды ұйымдастырушысы ретінде көрінді. Коминтерншілер саяси насихат жұмысымен қатар, бірқатар елдерде большевиктердің дүниежүзілік революция концепциясына сүйеніп, жұмысшылар көтерілістерін және революцияларды ұйымдастыруымен болды. Коминтерн КСРО басшылығының тапсыруымен көптеген мемлекеттерде

таптық күресті қоздырып, оларда социалистік идеологияны таратты, осындай жұмыстың негізінде капиталистік мемлекеттердегі еңбекшілерді заңды үкіметтеріне қарсы айдап салумен болды. Шын мәнінде, Коминтерн осындай әрекеттерімен сол кездегі халықаралық аренада революцияны экспорттау саясатын белсенді жүргізді, оның ішінде үгіт-насихат жұмысы, социалистік идеологияны тарату, кейбір жағдайларда арандатушылық әрекеттері де орын алды. Сонымен қатар Коминтерн мектебінен өткен бірқатар қайраткерлер Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған бірқатар социалистік мемлекеттерді басқарып, КСРО басшыларының бағытында саясат жүргізді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Советская историческая энциклопедия / Гл. ред. Е.М.Жуков. — М.: Сов. энцикл., 1965. — Т. 2–7. — 768 с.
- 2 Ленин В.И. Пролетарская революция и ренегат Каутский: ПСС. — Т. 37. — С. 304.
- 3 Большая Советская Энциклопедия: В 30 т. / Отв. ред. А.М.Прохоров. — 3-е изд. — М.: Сов. энцикл., 1973. — Т. 12. — 623 с.
- 4 Всемирная история: В 10 т. / Отв. ред. И.И.Минц. — М.: Изд-во соц.-экон. лит., 1961. — Т. 8. — 643 с.
- 5 Новейшая история зарубежных стран. XX век: Учеб. пособие / Под ред. А.М.Родригеса: В 2 ч. — М.: ВЛАДОС, 1998. — Ч. 1. (1900–1945). — 360 с.
- 6 Фирсов Ф.И. Коминтерн — школа пролетарского интернационализма // Новая и новейшая история. — 1982. — № 2. — С. 32.
- 7 Верт Н. История Советского государства. 1990–1991 / Пер. с фр. — 2-изд. — М.: Прогресс-Академия, 1995. — 544 с.
- 8 Новейшая отечественная история. XX век: Учебник / Под ред. Э.М.Шагина. В 2 кн. — Кн. 1. — М.: ВЛАДОС, 2004. — 447 с.
- 9 Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы: Оқу құралы. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. — 344 б.
- 10 50 лет Великой Октябрьской социалистической революции: Постановление Пленума ЦК КПСС. Тезисы ЦК КПСС. — М.: Политиздат, 1967. — С. 59.
- 11 Новейшая история Отечества. XX век: Учебник для вузов: В 2 т. / Под ред. А.С.Киселева. — М.: ВЛАДОС, 1998. — 496 с.
- 12 Советская Историческая Энциклопедия / Гл. ред. Е.М.Жуков. — М.: Сов. энцикл., 1963. — Т. 4. — 318 с.
- 13 Соколов А.К. Курс советской истории. 1917–1940: Учеб. пособие для вузов. — М.: Высш. шк., 1999. — С. 120.
- 14 Берхин И.Б. История СССР. Советский период: Учеб. пособие для вузов. — М.: Высш. шк., 1987. — С. 147.
- 15 Адамбек Б.К. Кеңес Одағының құрылуы мен күйреуінің тарихи сабақтары // Қарағанды ун-нін хабаршысы. Тарих. Философия сер. — 2013. — № 2. — 4-б.
- 16 Карр Э. История Советской России. — Кн. 1. — Т. 1–2: Большеви́стская революция. 1917–1923. / Пер. с англ. — М.: Прогресс, 1990. — С. 278.
- 17 История СССР в документах и иллюстрациях (1917–1971): Хрестоматия / Сост. В.И.Виноградов. — М.: Просвещение, 1981. — С. 100.
- 18 Григорьев А.М. Политика Коминтерна в отношении Коммунистической партии Китая — пролетарский интернационализм в действии // Новая и новейшая история. — 1982. — № 2. — С. 27.
- 19 Зувев М.Н. История России: Учебник для вузов. — 2-е изд. — М.: Приор-издат, 2005. — С. 486.
- 20 История внешней политики СССР (1917–1985 гг.): В 2-т. — Т. 1. — М.: Наука, 1986. — 534 с.
- 21 История Второй мировой войны (1939–1945): В 2 т. — Т. 1. — М.: Наука, 1973. — С. 54.
- 22 Мецгеряков М.Т. Коммунистическая партия Испании и Коминтерн // Новая и новейшая история. — 1991. — № 3. — С. 20.
- 23 Всемирная история: В 10 т. — Т. 10 / Отв. ред. Е.М.Жуков. — М.: Мысль, 1965. — С. 584.
- 24 Новейшая история Отечества. XX век: Учебник для вузов: В 2 т. / Под ред. А.С.Киселева. — М.: ВЛАДОС, 1998. — С. 188.

Б.К.Адамбек

Возглавляемый большевиками Коминтерн и его политика на международной арене (1919–1943 гг.)

В статье всесторонне освещена попытка большевиков, пришедших к политической власти в России после Октябрьского переворота 1917 г., путем создания III Коммунистического Интернационала организовать «штаб мировой революции» на международной арене того времени. В связи с этим на основе привлечения многих документов и источников и исходя из принципов исторического объективизма показана политика Коминтерна по поддержке во многих странах коммунистических партий, рабочего и национально-освободительного движения для осуществления «экспорта» социалистической революции в эти государства.

B.K.Adambek

Bolsheviks led the Comintern and its policies in the international arena (1919–1943)

Article comprehensively highlights attempt of the Bolsheviks, who came to political power in Russia after the October revolution in 1917, by creating the communist international iii, turning it into a «the scale of the world revolution» on the international arena at the time. In this regard, on the basis of documents and many pictures, and on the basis of principles of historical objectivism, is shown the Comintern's policy in order to support communist parties, labor and national liberation movements for implementation of «export of the socialist revolution» in these countries.

References

- 1 *Soviet Historical Encyclopedia* / Eds. Ye.M.Zhukov, 7, Moscow: Sov. Encycl., 1965, p. 768.
- 2 Lenin V.I. *The Proletarian Revolution and the Renegade Kautsky: Complete set of works*, 37, p. 304.
- 3 *Big Soviet Encyclopedia*: In 30 vol., 3-th ed., 12 / Eds. A.M.Prokhorov, Moscow: Sov. Encycl., 1973, p. 623.
- 4 *World History*: In 10 vol., 8 / Eds. M.Ye. Manez, Moscow: Publ. socio-economic literature, 1961, 643 p.
- 5 *Modern history of foreign countries. XX century: Textbook for universities*: In 2 vol., 1 (1900–1945) / Eds. A.M.Rodriguez, Moscow: VLADOS, 1998, 360 p.
- 6 Firsov F.I. *Modern and Contemporary History*, 2, 1982, p. 32.
- 7 Vert N. *History of Soviet country 1900–1991* / Trans. from French, 2-nd, Moscow: Progress-Academy, 1995, 544 p.
- 8 *Modern Soviet History. XX century: Textbook for universities* / Eds. Ye.M.Shagin: Book 1: In 2, Moscow: VLADOS, 2004, 447 p.
- 9 Adambekov B.K. *Russian Empire in XX century, History of Soviet Country and CIS: Tutorial*. — Karagandy: KSU publ., 2005, 102 p.
- 10 *50 years of the Great October Revolution: Resolution of Plenum CC of the CPSU. T Theses of CC of the CPSU*, Moscow: Politizdat, 1967, p. 59.
- 11 *Modern history of Soviet. XX century. Textbook for universities* / Eds.: A.S.Kiselev: book 1: In 2, Moscow: VLADOS, 1998, 469 p.
- 12 *Soviet Historical Encyclopedia* / Eds. Ye.M.Zhukov, 4, Moscow: Sov. Encycl., 1963, p. 318.
- 13 Sokolov A.K. *Course of Soviet History 1917–1940: Textbook. Manual for universities*, Moscow: High school, 1999, p. 120.
- 14 Berhin I.B. *History of USSR. The Soviet period*. Textbook. Manual for universities, Moscow: High school, 1987, p. 147.
- 15 Adambek B.K. *Herald of KSU*, 2013, 2, p. 4.
- 16 Karr E. *History of Soviet Russia*. Book 1: Vol. 1 and 2. Bolshevik revolution 1917–1923 / Trans. from Eng., Moscow: Progress, 1990, p. 278.
- 17 *History of USSR in document and illustrations (1917–1971)*, Eds. V.I.Vinogradov, Moscow: Prosvechshenie, 1981, p. 100.
- 18 Grigorev A.M. *Modern and Contemporary History*, 1982, 2, p. 27.
- 19 Zuyev M.N. *History of Russia: Textbook for universities*, Moscow: Prior-izdat, 2005, p. 486.
- 20 *History of USSR foreign policy (1917–1985)*: In 2 vol., 1, Moscow: Nauka, 534 p.
- 21 *Second world war history 1933–1945*: In 12 vol., 1, Moscow: Nauka, 1973, p. 54.
- 22 Mesheryakov M.T. *Modern and Contemporary History*, 1991, 3, p. 20.
- 23 *World History*: In 10 vol., 10 / Eds. E.N.Zhukov, Moscow: Mysl, 1965, p. 584.
- 24 *Modern History of Mankind. XX century: Textbook for universities*: In 2 vol., 2 / Eds. A.S.Kiselev, Moscow: VLADOS, 1998, p. 188.

Г.М.Смағұлова¹, Ж.М.Кенжеғали²

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

²Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана
(E-mail: zharas_k@mail.ru)

Орталық Азия елдеріндегі ұлттық қауіпсіздікті сақтауда су ресурстарының алатын орны

Мақалада Орталық Азия елдеріндегі ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі су ресурстарының орны мен рөлі қарастырылған. Аймақтағы трансшекаралық сулардан туындап отырған сұрақтардың шешілу жолдарына сараптама жасалған. Су-энергетикалық мәселелерді аймақтық деңгейде шешу үшін халықаралық тәжірибені қолдану қажеттілігі аталған. Су ресурстары ұлттық қауіпсіздікті сақтауда «қауіпсіздік» ұғымының негізгі компоненттерінің бірі екендігі жайлы тұжырым жасалған.

Кілт сөздер: Орталық Азия аймағы, су ресурстары, трансшекаралық сулар, ұлттық қауіпсіздік.

Қазіргі кезде әлем бойынша су ресурстарының тапшылығынан туындайтын түрлі қақтығыстардың саны өсіп келе жатыр. Ал біз өмір сүріп отырған Орталық Азия аймағында бұл жағдай қандай сипатқа ие? Бұл сұраққа жауап беру үшін, алдымен, Орталық Азия мемлекеттеріндегі суға байланысты жағдайды айқындап алған дұрыс. Сарапшы-мамандардың пікірінше, Орталық Азия елдерінде су-энергетика мәселесіне байланысты жағдай күн тәртібінде өткір тұр.

Орталық Азия аймағының басты су ресурстарын осындағы екі ұлы өзені — Әмудария мен Сырдария, сонымен бірге бірқатар ұсақ өзендер мен көлдер құрайды. Осындағы мемлекеттерде экономиканың түрлі салаларының шапшаң қарқынмен дамуына байланысты бұл су ресурстарының қоры оларға аздық етуде. Сонымен бірге Орталық Азия мемлекеттеріндегі халық санының тез өсуіне байланысты күнделікті тұрмыста да судың көп жұмсалынуы оған деген қажеттілікті күн сайын арттыруда.

«Орталық Азияда судың жеткіліксіздігі ХІХ ғасырдың екінші жартысында, негізінен Орталық Азияның көптеген аудандарындағы көшпелі малшылардың отырықшы шаруашылыққа қарай өтуіне байланысты пайда болды» [1] деген Орталық Азия аймағындағы су ресурстарына байланысты бұл пікір шаруашылыққа деген сұранысты көрсете отырып, осы мәселенің өткен ғасырларда-ақ туындағанын айқындай түседі. Ал ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қазақ зиялыларының бірі Нығмет Нұрмақов Қазақстандағы су мәселесі бірден бір тікелей көрші елдерге байланысты екенін «...водное хозяйство у нас всецело зависит от Среднеазиатских республик», — деп ашық айтқан болатын [2]. Бұл жағдайдың Қазақстанға аса ауыр тиетіні рас. Себебі Қазақстан жеріндегі өзен-сулардың басым бөлігі шекараның арғы жағынан бастау алады. Шекара арқылы ағатын су жолдары халықаралық қатынастарда «трансшекаралық сулар» деген ортақ атаумен белгілі. Мысалы, Қазақстандағы «трансшекаралық» деген атауға ие болып отырған су көздеріне Сырдария, Ертіс, Жайық, Іле т.с.с. жатқызамыз.

Трансшекаралық су-энергетика мәселесі Орталық Азия мемлекеттеріне айтарлықтай біршама қауіпті проблемаларды туындатып отыр. Оған ұлттық қауіпсіздіктің басты құрамдас бөліктері болып табылатын саяси, экономикалық және экологиялық қауіпсіздіктерді жатқызуға болады.

Қазіргі халықаралық қатынастарда трансшекаралық су мәселелері бүгінгі күні екі және көпжақты келісімдердің нәтижесінде шешілу керек екенін талап етіп отыр. Өкінішке орай, көп жағдайда Орталық Азия мемлекеттерінің су мәселесіне байланысты қызығушылықтары мен мақсат-мүдделері сай келмейді. Сонымен бірге бұл мәселе тек Орталық Азия мемлекеттерінен басқа шекаралас мемлекеттер — Ауғанстанның, Қытайдың және Ресейдің қатысуымен де шешілу керек екендігі біраз уақыттан бері айтылып жүр. Ол үшін әлемдік тәжірибеге сүйеніп, халықаралық шарттар мен келіссөздерге көңіл аударған жөн. Осыған байланысты Қазақстан мен Орталық Азия аймағындағы су-энергетика мәселелеріне байланысты мемлекетаралық деңгейдегі атқарылған шараларға тоқталатын болсақ, олардың бастамасы Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан Республикалары Президенттерінің 1995 жылғы 14 сәуірде Шымкент қаласында кездесу барысында алғаш рет көтерілген болатын. Нәтижесінде тәуелсіз Орталық Азия мемлекеттері арасында бірінші рет су-энергетика мәселесіне арналған ресми мәлімдеме жасалды. 1996 жылы Орталық Азия

Республикаларының Премьер-министрлері Мемлекетаралық Кеңестің отырысында аймақтың жылу-энергия және су ресурстарын пайдалану сияқты бірқатар мәселелерді қарады. Осыдан кейін Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан Республикалары басшыларының Бішкек қаласындағы кездесулері кезінде трансшекаралық су-энергетика ресурстарын пайдалану туралы мәселені қарастырды [3]. Кездесу барысында трансшекаралық мәртебедегі су көздерін реттейтін немесе су жіберетін құбырлары бар мемлекет өз су-энергетика ресурстарын пайдалануда тәуелсіз құқыққа ие болады деп шешті. Көрші мемлекеттердің қоршаған ортасын, оның ішінде су көздерін ластануға айтылды. Мысалы, Сырдария өзені бассейніндегі су-энергетика ресурстарын пайдалануда Арал теңізіне тигізіп отырған әсерін ескере отырып, аймақтағы су-энергетика ресурстарын тиімді пайдалануда Шартқа қатысушы мемлекеттердің экономикалық дамуының қажеттілігін ескере отырып шешу, керек делінді [4]. Бұл құжаттар сол жылдары қызмет атқарған Орталық Азия экономикалық қауымдастығы (ОАЭҚ) аясында жүргізілген іс-шаралар аясында жасалды.

Орталық Азияның ірі су көзін құраушы Сырдария өзеніне байланысты, оның бассейніндегі су-энергетика ресурстарын пайдалануға қатысты Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан Республикаларының арасында ұзақ мерзімді Келісімге қол қойылды. ОАЭҚ шеңберіндегі Премьер-министрлер Кеңесінде 1998 ж. тағы бір келісімге қол қойылған болатын. Келісім бойынша мемлекеттер таяу 5 жылдың ішінде Орталық Азия аймағындағы су шаруашылығының жағдайын шешпекші және энергиямен қамтамасыз етуді тұрақтандырмақшы болды. Алайда қабылданған келісім-шарттар өз мәнінде жұмыс атқара алмады. Сондықтан аймақтың су-энергетика ресурстарын қолданыста тиімді пайдалану үшін, Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары Халықаралық су-энергетикалық консорциум құру қажет деп шешті. 1998 ж. ОАЭҚ-ның Мемлекетаралық Кеңесінде Консорциум құру туралы шешім қабылданды. Оған қатысты жалпы сұрақтар, ұйымдастыру жұмыстары, мақсат-міндеттері, консорциумның іс-әрекетінің, қызметінің негізгі бағыттары сияқты бірқатар мәселелер қарастырылды және соған байланысты заңдар бекітілді. Консорциумға байланысты арнайы комиссия құрылды. Сарапшылар консорциумға қатысты түрлі жобалар әзірледі. Нәтижесінде ОАЭҚ-на мүше-елдердің консорциумға қатысты ұсталынып отырған позициялары толығымен қаралып, консорциумды құру уақытша кейінге қалдырылды. Дегенмен бұл бағыттағы жұмыстар мүлде тоқтап қалған жоқ. Ол баяу болса да атқарылуда. ОАЭҚ-ның 2000 жылға дейінгі Мемлекетаралық экономикалық интеграцияның бағдарламасында (26 шілде 1998 ж.) Орталық Азия елдерінің 2010–2030 жж. отын-энергетика жүйесінің тұрақты дамуына тиісті ұйымдардың болжау жасауы, су-энергетика ресурстарын тиімді пайдалану, Орталық Азия аймағындағы су-энергетика құрылыстарының 1-ші кезектегі объектілерінің келісілген тізімін көрсету айтылған еді [5].

Алайда, арада біраз жылдар өткеніне қарамастан, бұл проблема тек қағаз жүзінде ғана шешіліп отыр. Қазақстан мен Орталық Азия елдеріндегі су-энергетика ресурстарын тиімді пайдаланудың бүгінгі күні көп қыры бар.

Қазақстанда су ресурстарын тиімді пайдалануға байланысты тиісті ведомстволарда қаралып жүр. Сонымен бірге қолданудың 2013 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың № 577 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдамада [6] су ресурстарын орнықты пайдалану туралы айтылған. Осы құжатта су ресурстары бойынша 2020 жылға қарай Қазақстан халқын ауыз сумен қамтамасыз ету және 2040 жылға қарай ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз ету проблемаларын шешу жөніндегі міндет тұрғандығы көрсетілген. Аты айтып тұрғандай, «жасыл экономиканың» шаруашылық секторларының басым көпшілігі суды қажет етеді. Сол себепті, ең алдымен, «жасыл экономикаға» көшудің басым міндеттерінің ішінде алғашқы орынды ресурстары алып отыр. «Осы ресурстарды пайдалану мен басқару тиімділігін көтеруде» су мәселесі бірінші аталған және де ұлттық қауіпсіздікті, соның ішінде су қауіпсіздігін көтеруді атаған.

«Жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдама үш кезеңмен іске асырылмақшы. Аталмыш тұжырымдаманы іске асыру мақсатында Қазақстанда су ресурстарын басқару жөніндегі 2014–2040 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама әзірлеу жоспарланып отыр. Онда мыналар ерекше айтылған:

– пайдаланылатын ауыл шаруашылығы дақылдарын суару тиімділігін арттыруға, су сыйымдылығын төмендетуге, суару арналарындағы ысырапты азайтуға бағытталған шараларды; өнеркәсіпте суды пайдалану тиімділігін арттыру бойынша шараларды;

– сумен жабдықтау және суды бұрудың муниципалды кәсіпорындарының суды пайдалану тиімділігін арттыру бойынша шараларды;

– 2015, 2020, 2025 жылдарға және қорытынды 2040 жылға белгіленген аралық мақсаттармен салыстыру арқылы көрсетілген секторларда суды пайдалану тиімділігін арттыру бойынша шараларды іске асыру тиімділігін үнемі қадағалау тетігін;

– су-техникалық құрылыстарды салу мен жаңғыртуға арналған операциялық шығындарды және күрделі шығыстарды толық өтеуге, сондай-ақ суды пайдалану тиімділігін арттыруға бағытталған ынталандыру шаралары бойынша ұсыныстар әзірлеуді;

– сумен жабдықтауды жақсартуға (мысалы, дамбалар салу, оның ішінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік негізінде) бағытталған неғұрлым қолайлы инфрақұрылымдық жобаларды инвестициялық бағалауды, басымдық беруді және олардың қысқа тізімін құруды қамтитын суды пайдаланудың тиімділігін арттыруға бағытталған 2014–2040 жылдарға арналған Су ресурстарын басқарудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу [7].

Траншекаралық су-энергетика мәселесі Қазақстан Республикасы үшін Қытай Халық Республикасымен де тікелей байланысты. Қазақстан мен Қытайдың арасындағы трансшекаралық өзендер мәселесі өткен ғасырдың 70-ші жылдардың аяғы-80-ші жылдардың басында биполярлы әлем кезінде пайда болды. Сол жылдары трансшекаралық өзендерді бірлесіп пайдалану мен қорғау мәселелерін реттейтін мемлекетаралық келісімді жасау туралы құрамына Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттері кіретін Кеңестер Одағы Қытаймен уағдаластыққа қол жеткізді. Бірақ бұл мәселе дер кезінде шешілмей қалды. Оған КСРО-ның тарауы себеп болды. Осыдан кейін бұл мәселе кейінге қалдырылды. Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін трансшекаралық өзендер мәселесі мемлекетаралық қатынастардағы басымдылық беріп қарастыратын проблемалардың біріне айналды.

Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында өзекті болып отырған трансшекаралық Ертіс және Іле өзендерінің мәселесі қазақстандықтарды аз алаңдатып отырған жоқ. Қытайдан Қара Ертіс деп бастау алатын Ертіс өзені проблемасы шекараны делимитациялаудан кейінгі ең бір өзекті проблемаға айналған болатын. Ертістің мәселесі 1990-шы жылдардың екінші жартысынан бастап екі мемлекеттің арасындағы шешімін таппай отырған проблемаға айналды.

Қытайдың Шыңжан-Ұйғыр автономиялы ауданындағы Қарамай қаласы осы елдің Батыс аймағындағы мұнай өңдейтін ірі орталықтардың бірі болып табылады. Бұл аймақтың Қытай үшін тек геосаяси жағынан ғана емес, геоэкономикалық жағынан алғанда да маңызы бар. Себебі Шыңжан Қытай Халық Республикасындағы ірі шаруашылық кешені ғана болып қоймай, түрлі ресурстардың, оның ішінде жоғары сапалы пайдалы қазбалардың орталығы болып табылады. Бұл ауданда пайдалы қазбалардың жүзден аса түрі табылып отыр. Сондықтан «Батыс өлкені игеру» саясатына байланысты Қытай үкіметі соңғы жылдары бұл аймаққа үлкен көңіл аударуда. Осы саясатқа байланысты Шыңжан үкіметі шаруашылық қажеттерге су ресурстарын пайдалану мақсатында тез арада Қара Ертіс — Қарамай каналын салуды бастаған болатын. Қара Ертістің, сол сияқты қосымша Іле өзенінің суын бұрмалау шекаралық мемлекеттерді — Қазақстан мен Ресейді осы кезден бастап қатты алаңдата бастады. «Қытай жағының мәлімдеуі бойынша, ауданға судың үнемі жетіспеушілігіне байланысты оны сумен қамтамасыз етіп отыру үшін жыл сайын Ертістен 450 млн кубометр мөлшерінде су алады, ал болашақта оның көлемін 1,5 млрд кубометрге дейін өсірмекші» [8]. 1997 жылы Қазақстан, Қырғызстан және Ресей мемлекеттері әрқайсысы жеке-жеке Қытай тарапына трансшекаралық өзендердің мәселелері бойынша қысқаша түсіндірме жазбалар жіберді. Ресейдің бұл мәселеге қатысуы Ертіс Обь өзенінің саласы болып отырғандығында. Ал Шыңжан Ұйғыр автономиялы ауданындағы Тарым ойпатының 75 пайызын суландыратын Сарыжас өзенінің суы Қырғызстанның аумағында жинақталады. Қытай тарапы жауап ретінде бастапқы кезеңде екі жақты үлгіде келіссөздер жүргізуге ыңғай білдірді, мұны олар әрбір жағдайда жеке бағдар ұстану қажеттігімен түсіндірді. Қазақстан Ертіс өзені бойынша болатын диалогты міндетті түрде Ресейдің қатысуымен шешу керек дейді және ол үш жақты сипат алады деп санайды [9]. Өйткені ол осы су арнасы аумақтары бойынша ағып өтетін үш мемлекеттің — Қазақстанның, Ресейдің және Қытайдың ұлттық мүдделеріне жауап береді. Сол сияқты су ресурстарын ұтымды пайдалануда тең жауапкершілік жүктеу қажеттігінен туындайды.

Ертіс өзенінің суына Қытай жағы ғана мұқтаж емес. Ірі өнеркәсіп орталықтары орналасқан Павлодар, Шығыс Қазақстан және Орталық Қазақстан облыстарын қамтамасыз етіп отырған Ертістің суын Қазақстан да аса қажет етеді. Әсіресе Ертіс-Қарағанды каналының бойында орналасқан республиканың ірі өнеркәсіп орталықтары — Қарағанды мен Теміртау қалалары және олардың маңындағы серіктес қалалар соңғы жылдары су проблемасына жиі килігуде. Бұл негізінен су шаруашылығы жүйелерінің ескіруіне байланысты суды тасымалдауда көп жағдайда ақырына дейін

жетпей, далаға ысырап болып кетуде. Мысалы, мұндай факторды бір ғана Теміртау қаласында жиі кездестіруге болады. Ауыз суының жетіспеушілігінен мұнда көп жағдайда халыққа суды су тасымалдайтын машиналар жеткізіп отыр.

Бұл проблема тек Ертіске ғана емес, Іле өзеніне де байланысты болып отырғандықтан, Қазақстанды бей-жай қалдыра алмайды. Сарапшылардың есептеулері бойынша, Қытай жағы өз жоспарларын іске асыра бастаған уақытта қалыптасқан сумен қамтамасыз ету жүйесі бұзылады және ол Қазақстанның солтүстік-шығыс және орталық аудандарындағы өнеркәсіп орындары мен ауыл шаруашылығына қатты ықпалын тигізеді [10]. Ең маңыздысы Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағында да екінші Арал проблемасы туу қаупі бар. Дер кезінде бұл мәселені қолға алмаса, Балқаш пен Зайсан көлдері маңы да экологиялық апат аймағына айналуы мүмкін. Сондықтан да Қазақстан жағының алаңдайтын реті бар.

«Қара Ертістен аталған көлемде суды алу (жылына 1 текше км-ден 3 текше км дейін) Ертіс ГЭС-і сарқырамасында электр қуатын өндіруді азайтуды (25 пайызға дейін); Зайсан мен Бұқтырма су қоймасы алаңының бөлінуіне әкелді, Ертістің осы бөлігінде кеме қатынасы тоқталды, балық шаруашылығы мен экологиялық жай-күй елеулі түрде нашарлады, Ертіс-Қарағанды каналына су беруді азайту қаупі туындайды», — деген маман-ғалымдардың пікірлері өте орынды [11].

2001 жылдың 16 мен 25 маусым аралығында Қытайда трансшекаралық өзендер бойынша қазақстан-қытай сарапшылар жұмыс тобының екінші мәжілісі болып өтті. Мәжілісте Тараптар шекара ауданында Ертіс, Іле және Текес өзендері ағымдарының көлемі туралы мәліметтермен алмасып отыру жөнінде уағдаласты және осы өзендердің су сапасын сипаттайтын ақпараттармен алмасып отыруға келісілді [12;14]. Осы жылдың 17 тамызында Алматы қаласында қазақстан-қытай келіссөздерінің бесінші раунды өткен болатын. Екі жақты осы кездесу кезінде трансшекаралық өзендердің суын бірлесіп пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы Келісімнің жобасы жасалынды [12;14]. Соған қарамастан, бұл проблема әлі күнге дейін түбегейлі шешімін таппай отыр. Бірақ күн тәртібіндегі міндет — трансшекаралық өзендердің қажетті су балансын сақтауға, оларды бірігіп пайдалану мен қорғаудың, ластау мен судың сарқылуын болдырмаудың ортақ ұсыныстарын жасауға бағытталуы тиіс.

Трансшекаралық су мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында екі мемлекеттің территориясында ағатын 24 өзен бойынша су бөлісу туралы келісім жасалмақ. «Қазақстан мен Қытай арасындағы 24 трансшекаралық өзеннің 18-і Алматы облысында, қалғандары — Шығыс Қазақстан өңірінде. Алдағы жылы екі ел трансшекаралық өзендердің суын бөлісу туралы өзара келісімге келмек. Арнайы құрылған бірлескен комиссия құрамында әрбір өзен бойынша жұмыс топтары құрылып, жұмыс жасауда» [13].

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Балқаш-Алакөл бассейні инспекциясының бастығы С.Мұқатаевтың пікірінше, трансшекаралық өзен суларын бөлісуде реттегіш су тораптарының маңызы өте зор. Бүгінгі күні елімізде қазақ-қырғыз шекарасындағы Шу өзені мен қазақ-қытай шекарасындағы Қорғас өзенінде осындай су тораптары жұмыс жасап тұр. Оның алғашқысы өткен ғасырдың 50–60 жылдары салынса, екіншісі таяуда ғана іске қосылды. Инспекция бастығының айтуынша, «суды бөлісудің тетіктері толық жұмыс істейтін болса, трансшекаралық өзендерге қатысты мәселенің бәрі рет-ретімен шешіле бастайды. Мәселен, Балқаш көліне құятын судың 80 пайызы Іледен келеді. 2012–2013 жылдары Іледен келетін судың көлемі біршама азайып кетті. Қапшағай су қоймасына көктемнен бері жиналатын судың көлемі биылдың өзінде жылдағыдан 70 млн текше метрге кем болып отыр» [13].

Трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық Қазақстан мен Қытай Халық Республикалары арасындағы жан-жақты стратегиялық әріптестіктің маңызды құрамдас бөлімі болғандықтан, екі мемлекет те осы бағытта трансшекаралық су ағындарын бірлесіп пайдалану және қорғау, олардың ластануы мен сарқылуын болдырмау мәселелері бойынша жалпы ұстанымды қалыптастыруға ұмтылуда.

2013 жылғы 19–20 тамыздағы Қазақстанға ресми сапары барысында Қытай Халық Республикасының Сыртқы министрі Ван И: «Егер трансшекаралық сулар туралы айтар болсақ, Қытай Қазақстан мүддесіне нұқсан келтіретін ештеңе жасап жатқан жоқ. Біз екі тараптың күш салуымен осы мәселені міндетті түрде абыроймен реттеу жолын табамыз және екі ел арасындағы трансшекаралық өзендер біздің екі халықты тығыз байланыстыратын түйін болады деген сенімдеміз», — деп мәлімдеген болатын [14]. Ал 2013 жылдың қыркүйек айының 6–8 күндері аралығында Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің Қазақстанға жасаған алғашқы ресми сапарының

барысында екі ел басшылары қол қойған жан-жақты стратегиялық әріптестікті одан әрі тереңдету туралы бірлескен декларацияда трансшекаралық өзендер мәселесіне ерекше назар аударылған. Бұдан байқайтынымыз, трансшекаралық өзендер бойынша су бөлісу мәселесі тек Қазақстан үшін емес, Қытай жағына да маңызды.

Су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі — бұл ұлттық қауіпсіздіктің кепілі. Сол себепті осы саладағы бүгінгі жағдайды Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік кеңесі жіті бақылап келеді. Оның болжамына сәйкес, 2025 жылға қарай әлем халықтарының 80 пайызы су тапшылығы мәселесіне тап болады. «Өкінішке орай, бүгінде Қазақстан сыртқы су ресурстарына тәуелді. Себебі жыл сайын ол судың 40 пайызы шекараның арғы жағынан келеді. Оның азаюы көптеген экологиялық апаттарға себеп болып, елдің әлеуметтік-экономикалық даму болашағына үлкен қауіп төндіреді», — дейді Қауіпсіздік кеңесінің өкілдері [15]. Олардың сөзіне қарағанда, қазіргі кезде Орталық Азия аймағында су ресурстарын басқарудың интеграциялық жүйесін енгізу аса маңызды. Алайда онымен кейбір көрші мемлекеттер келіспей жатыр. Бұл түптің-түбінде сан алуан теке-тірестерге әкеліп соқтыруы ықтимал.

Орталық Азия аймағындағы су энергетикасы мәселелері әдетте ауыл шаруашылық проблемаларымен, ең алдымен суару мәселесімен түйістіріле отырып, тығыз байланыста шешіледі. Бұл өңірде ауыл шаруашылығын сумен қамтуға жалпы тұтынылатын тұщы судың 79–91 % пайдаланылады. Көптеген орталықазиялық өзендерде су қоймаларының құрылысы ұсақ қана емес, ірі өзендердің де ағыстарын кеңінен реттеуге мүмкіндік береді. Өз бетімен суару үшін өзендердің таулардан жазықтыққа шығар бойындағы ағыстарының күрт бұрылыстары мен өзен алаптарының дөнестігі, яғни ірі өзен арналарының төменгі ағыстары ағатын жазықтықтардан едәуір жоғары орналасуы, қолайлы болып табылады. Әсіресе төмен орналасқан шөлейтті жазықтықтармен ағатын өзендердің жаз ортасында, яғни Орталық Азияның оңтүстігінде бір де бір тамшы жауын-шашын жаумайтын, ал мәдени дақылдары қауырт өсу кезеңінде болған кезде таситынының маңызы зор. Алайда Орталық Азия елдерінде шаруашылық қызметте қор пайдалану көзқарасы басым болып, суды ауыл шаруашылығы мен энергетика қажеттілігіне ғана жұмсау мәселесі қарастырылып, оның басқа қызметі ескерілмей келді. Су ағыстарының реттелмеуі және ластануы балық қорларының қысқаруына әкеліп соқты, аймақта экологиялық қауіпсіздік проблемасын тудырды. Мысалы, Қырғызстан Шу, Талас, Нарын, Ақ Бура, Қарадария шекарааралық өзендерінің ағыстарын реттеу және шекаралас елдерді суландыру мақсатында Кеңес Одағы кезінде салынған 10-нан астам ірі су қоймаларының бүгінгі жағдайы экономикалық ахуалының қиындығына байланысты осы объектілерді толық қаржыландырмау себебінен су қоймаларына батпақтану, сортаңдану, су жайылу т.б. экологиялық қауіпі төнуде. Ал Өзбекстанда суды дұрыс пайдаланбаудан Хорезм, Қарақалпақстан Республикасында, Бұқара, Навои және Қашқадария облыстарында ауыз су тапшылығы мәселесін тудырып, су арқылы жұғатын аурулар санының көбеюіне әкеліп соғуда. Соңғы проблема тек Өзбекстанда ғана емес, Орталық Азияның басқа да мемлекеттерінде жиі кездесетін факторға айналды.

Трансшекаралық су-энергетика ресурстарын мемлекеттердің пайдалануында Орталық Азияда саяси жағдайды да туындатып отыр. Ол негізінен ұлтаралық қақтығыстар арқылы байқалып жүр. Оның көрінісін Тәжікстан мен Қырғызстандағы ұлтаралық шиеленістерден көруімізге болады. «Тәжікстанның Шаартуз, Кабодиен, Пяндж деп аталатын оңтүстік аудандарында көшпелі арабтар мен өзбектердің қаратегін тәжіктерінің арасындағы жанжал негізінен жер мен суды бөліске салудан туындады» [16].

Соңғы 20 жылдың ішінде Тәжікстанның Ходжанд облысы Исфара ауданындағы тәжіктер мен Қырғызстанның Ош облысындағы Баткен ауданындағы қырғыздардың арасындағы жүрген қақтығыстар да су мен суармалы жерге байланысты пайда болды. Фергана жазығында ежелден жер өңдеумен айналысып келе жатқан осы екі этностың арасындағы шиеленіс саяси сипат алды.

Бұқаралық ақпарат құралдарында сарапшы-мамандардың айтуынша, бүгінде сыртқы саяси күштердің араласуымен де Орталық Азиядағы су тартыстары орын алып отыр. Мәселен, қазір Сырдария мен Әмудария өзендері бойымен су дұрыс тарамай жатыр. Себебі осы трансшекаралық өзендердің басында отырған Қырғызстан мен Тәжікстан суды жеке энергетикалық мақсаттарға пайдалануды көздейді. Ол үшін Қырғызстан Сырдария өзені бойында «Қамбар ата-1» гидро-электр станциясын салуды жоспарлап отыр. Биіктігі 275 м болатын алып құрылысқа 5 млрд долл. жұмсалмақшы. Аталған құрылысқа АҚШ-тың инвестициясы тартылып отыр деген ақпарат бар. Бұл сыртқы саяси күштердің араласуында үлкен саяси стратегиялық мән жатқандығын байқалтады, яғни

суға байланысты туындайтын этносаралық қақтығыстарды өз мақсаттарына пайдалану. Нақтырақ айтатын болсақ, осындай келеңсіз оқиғаларды мемлекетаралық қақтығыс деңгейіне жеткізіп, өздері осы мемлекеттердегі табиғи ресурстарға ауыз салу.

Бір өзеннің бойында орналасқан суды тұтынушылардың арасындағы суға байланысты туындаған мәселелерді реттеудің түрлі нормалары ерте дүние дәуірінде басталғаны тарихтан белгілі. Оны растайтын тарихи жазба деректер мен археологиялық ескерткіштер де бар.

Су ресурстарын бірлесіп пайдалануға байланысты даулы мәселелерді реттеу мен шешу мемлекеттердің өзара келісімдер мен шарттар жасасуы арқылы ғана мүмкін екендігін тарихи тәжірибе көрсетіп отыр. Дүние жүзі бойынша су ресурстарына қатысты туындаған мәселелерді шешу жолында түрлі мемлекеттердің қарым-қатынастарын реттейтін халықаралық шарттарға қол қойылғаны мәлім.

Сондықтан ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Орталық Азия аймағындағы су-энергетикалық ресурстарын дұрыс пайдалана отырып, аймақ елдері арасындағы ықпалдастықты тереңдетпейінше, бұл мәселені бірден шешу мүмкін емес. Сол себепті де Орталық Азия республикаларының барлығы қатысатын және интеграцияға ұласатын тығыз ынтымақтастық қажет. Толыққанды ынтымақтастық орнағанда ғана аймақта су-энергетикалық мәселелерден туындаған қауіп-қатердің алдын алуға болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Асанбаев М.Б.* Некоторые проблемы водной проблематики в Центральной Азии // *Саясат*. — 2000. — № 3(4). — С. 96.
- 2 *Бейсенбекова Н.А., Сақтаганова З.Ф., Шотбақова Л.Қ. т.б.* Сарыарқаның ұлы азаматтары (XX ғасырдың басы): Моногр. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. — 438 б.
- 3 Заявление глав государств Республики Казахстан, Кыргызской Республики и Республики Узбекистан об использовании водно-энергетических ресурсов: Сб. документов по междунар. праву. Т. I. Сост. Атанов М.М., Ибрашев Ж.О. и др. — Алматы, 1998. — С. 470–471.
- 4 *Смағұлова Г.М.* Орталық Азия ынтымақтастығы елдеріндегі су-энергетика ресурстарының кейбір мәселелері // ҚазҰУ жаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық. — 2003. — № 2 (10). — 53–57-б.
- 5 *Примбетов С., Сабиров М.* Региональная энергетическая интеграция — надежная основа будущих инвестиций // АльПари. — 2000. — № 1. — С. 12–25.
- 6 Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.eco.gov.kz/files> (дата обращения 30.05. 2014).
- 7 Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманы іске асыру жөніндегі 2013–2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 шілдедегі № 750 Қаулысы // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31430041 (дата обращения 31.05. 2014)
- 8 Современный Синьцзян и его место в казахстанско-китайских отношениях / Под общ. ред. К.Л.Сыроежкина. — Алматы, 1997. — С. 82.
- 9 *Ыдырысов Е.* Ертіс пен Іле — ізгі көршілестік пен достық өзендері // Егемен Қазақстан. — 1999. — 23 қараша.
- 10 Ортақ өзендерді пайдалану жайы қалай шешілмек // Егемен Қазақстан. — 2000. — 2 қараша.
- 11 *Северский И.В.* Тағы да Ертіс туралы // Егемен Қазақстан. — 1999. — 10 желт.
- 12 Траншекаралық өзендер бойынша қазақстан-қытай сарапшылар жұмысшы тобының екінші мәжілісі (16–25.06.2001) // Дипломатия жаршысы. — 2001. — № 3.
- 13 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.inform.kz/eng/article/2574647> (дата обращения 30.05. 2014)
- 14 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://mfa.gov.kz> (дата обращения 30.05. 2014)
- 15 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://alashainasy.kz/main/41957/> (дата обращения 21.05. 2014)
- 16 *Олимов М., Камолитдинов А.* Региональное сотрудничество по использованию водных и энергетических ресурсов Центральной Азии // Центральная Азия и Кавказ. — 1999. — № 2(3). — С. 12.

Г.М.Смагулова, Ж.М.Кенжегали

Место водных ресурсов в сохранении национальной безопасности в странах Центральной Азии

В статье рассмотрены роль и место водных ресурсов в обеспечении национальной безопасности в странах Центральной Азии. Проанализированы пути решения вопросов, касающихся трансграничных водных проблем данного региона. Отмечена необходимость применения международного опыта в решении проблем использования водно-энергетических ресурсов на региональном уровне. Сделан вывод, что водные ресурсы являются одним из основных компонентов сохранения национальной безопасности.

G.M.Smagulova, Zh.M.Kenzhegali

Place of water resources in maintaining national security in Central Asia

The article considers the role and place of water resources in providing national security in Central Asia. The ways of resolution of questions regarding transboundary water problems in the region. Is noted necessity of application of international experience in solving problems of water and energy resources usage at the regional level. It is concluded that water resources are one of the main components of preserving national security.

References

- 1 Asanbaev M.B. *Sayasat*, 2000, 3 (4), p. 96.
- 2 Beisenbekova N.A., Saktaganova Z.G., Shotbakova L.K. etc. *Great citizens of Sary-Arka* (beginning of XX century): Monography, Karaganda: KSU Publ., 2008, p. 207, 208.
- 3 *Statement by the Heads of State of the Republic of Kazakhstan, the Kyrgyz Republic and the Republic of Uzbekistan about using water and energy resources* // Collection of documents on international law, V. I, Almaty, 1998, p. 470–471 / Comp. M.M. Atanov, Zh.O.Ibrashev etc.
- 4 Smagulova G.M. *Bull. of KazNU. International relations and international Law ser.*, 2003, 2 (10), p. 53–57.
- 5 Primbetov S., Sabirov M. *Al-Pari*, 2000, 1, p. 18–20.
- 6 *Concept of the transition of Republic of Kazakhstan to «Green economy»* // [ER]. Access mode: <http://www.eco.gov.kz/files> (date of access: 30.05. 2014).
АҚШ тарапынан Иранға деген қызығушылығының тағы бір себебі — «Жаңа американдық ғасыр» жобасы аясында Қытайды екінші алып державаға айналуын болдырмау мәселесіне байланысты. Таяу Шығыс, дәлірек айтсақ аймақтың мұнайы бұл мәселені шешуде маңызды рөл атқарады. Бүгінде Қытай өзінің мұнайда мұқтаждығын Таяу Шығыс аймағынан импорт арқасында қанағаттандырады. Қытай қазақстандық және ресейлік қайнар көздер арқылы көмірсутек импортын әртараптандыруға талпынса да, оның таяушығыстық мұнайдан толық тәуелсіз болатынына сену мүмкін емес. АҚШ аймақтағы Қытайдың негізгі тәуелсіз қамтамасыз етушісі — Иранды «басу» саясатын жүзеге асыруды жөн көреді. Иран мұнай-газ секторына бақылау жасау бүкіл таяушығыстық мұнай ағымдарын басқаруға мүмкіндік беретіні анық.

Джордж Буш-кіші президент кезінде (2001–2009), әсіресе Иранда Махмуд Ахмадинежадтың билікке келгеннен соң екі ел арасындағы қатынастар шиеленісе түсті. АҚШ экс-президенті Дж.Буш Пентагонның жаңа доктринасы бойынша АҚШ-қа агрессия актісін жасаған кез келген мемлекетке ядролық қару қолдануға дайын екендігін жариялады. Бұл Иран немесе Ирақ сияқты ядролық емес мемлекеттерге де байланысты еді.

2002 жылдың қыркүйек айында жарияланған АҚШ-тың «Ұлттық қауіпсіздік стратегиясында» «аласталған елдер» деген ұғым қабылданды [3]. Бұндай елдер тізіміне Иранның қосылуы еш таңқалдырмайды. Сонымен қатар 2002 жылы 29 қаңтар күні Джордж Буш-кіші өзінің жыл сайынғы Конгреске Жолдауында «зұлымдық ошағы» елдерінің қатарына Иранды қосты.

Барак Обаманың билікке келуінен кейін Дж.Буш-кішінің Иранға деген сыртқы саясатынан толығымен бас тартылмаса да, көп бөлігі қайта қарастырылып, өзгертілді. Өзінің президенттік қызметіне кірісуіне бір аптадай уақыт қалғанда, америкалық жаңа Президент Иранның ядролық бағдарламасын дамыту мәселесін бейбіт түрде шешуді ұсынған болатын. Ең басты таңқалдырған нәрсе, Барак Обама өзінің Иранға қатысты америкалық саясатын өзгертіп, Иранмен тікелей сұхбатты бастауға дайын екендігін айтты.

Алайда өзінің жағымды «уәделеріне» қарамастан, 2009 жылы 1 мамырда АҚШ-тың Мемлекеттік Департаментінің жыл сайынғы баяндамасында Иранның лаңкестіктің ең белсенді демеушісі болып қала беретіндігі аталды [4].

Иранды өз райынан қайтару мақсатында АҚШ 1995 жылдан бері Иран энергетикасына инвестициялар жасаған бірқатар ирандық азаматтар мен компанияларға біржақты тәртіпте

санкциялар қабылдай бастаған болатын. Олардың барлығына АҚШ-тан несие мен инвестиция алуға тыйым салынған болатын. Бұл санкциялар жыл сайын ұзартылуда. Осылайша 2013 жылдың наурыз айында АҚШ Президенті Барак Обама санкцияларды ұзарту жөніндегі өкімге қол қойды. Санкциялар ұзартылуының басты себебін Барак Обама «Иран үкіметінің саясаты АҚШ-тың аймақтағы мүдделеріне қайшы келіп, АҚШ-тың ұлттық қауіпсіздігі, сыртқы саясаты мен экономикасына қауіп туғызуды жалғастыруда» деп, өкім мәтінінде айқындап берді [5]. Бұдан бөлек 2005 жылы Иранның атом энергиясы жөніндегі Ұйымға қарсы, бірқатар шетел компаниялар мен ұйымдарға, 2006 жылы Иран өндірістік «Санам» тобына қарсы санкциялар енгізілді. 2007 жылы Bank Melli, Bank Mellat and Bank Saderat қарсы санкциялар қабылдады. 2008 жылы АҚШ Сенатының қаржылық комитеті Иранға қарсы жаңа санкцияларды бекітті. Олар, негізінен, мұнай өндіру мен мұнай өңдеу саласындағы компанияларға, ядролық технологиялармен айналысатын фирмаларға қарсы бағытталды. Сонымен қатар Иран кілемдері 2009 жылы АҚШ біржақты негізде Иран энергетикасына 20 млн долл. инвестициялаған және Иранға мұнай өңдеу тауарларын экспорттайтын тұлғалары мен компанияларға қарсы санкцияларды енгізді. 2010 жылдың басында Вашингтон телекоммуникациялар, қаржы мен энергетика саласында қызмет ететін бірқатар Иран фирмаларына қосымша санкциялар енгізуге дайын екенін жария етті [6]. 2010 жылдың 9 маусымында БҰҰ ҚК дауыстың көпшілігімен (15-тен 12-уі — Бразилия, Түркия мен Ливаннан басқа) санкциялар қабылданып, олар банкаралық аударымдар, сыртқы экономикалық операцияларды, теңіз тасымалын бақылау, Иранға қару-жарақтың кейбір түрлерін сатуға тыйым, АҚШ тізімі негізінде белгілі бір тұлғалар мен компаниялардың активтерін байлап қоюды қамтыған. 2010 жылдың 26 шілдеде Еуропалық одақ мүшелері Иранға қарсы санкцияларды мақұлдап, 27 шілдеде оларды күшейтті: ЕО-ға келуге тыйым салынып, визалық шектеулер қоя отырып, Иран мұнай-газ секторына инвестициялар құюды тоқтатты. Осылайша АҚШ және оның жақтастары Иран өзінің уран бағдарламасын тоқтатуға міндетті деп санайды. Олардың пікірінше, Тегеран Келісімнің 4-бабынан шығатын елдің құқықтарын Келісімнің басқа барлық ережелерін сақтаған жағдайда ғана жүзеге асыра алады. Вашингтон Иран бағдарламасын заңсыз деп тану мақсатында қатаң халықаралық күш қолданудан да бас тартпайтын көрінеді.

Иран қашанда өзінің ядролық бағдарламасы тек бейбіт мақсатқа бағытталғанын айтып жатады. Алайда сөзі ісімен үйлеспейтін Иран билігі 2010 жылы Иран ғалымдары уранды 3,5 %-ға шейін байытуға қол жеткізіп, бұл жетістіктің негізінде өзін «ядролық мемлекет» деп жариялады [7].

Иранның ымырасыз сөздері мен іс-әрекеттері Батыс жағынан қатаң кереғарлықты тудырды. Қажет құжаттаманың дер кезінде өткізілмеуі, халықаралық тексерушілердің кіру рұқсатына байланысты мәселелер, қатаң риторика басқа державаларды 2006 жылы Иран мәселесін Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің (ҚК) қарауына берумен келісуге мәжбүр етті. Сонда да Иран басшылығы келіспеушілігін танытты, соның салдарынан ҚК Тегераннан Агенттікпен мәселелерін шешуді және уранды байыту бойынша бағдарламаны тоқтатуды талап ететін бірқатар қарарлар (1696 (2006), 1835 (2008)) және төрт санкциялық қарарлар қабылдады:

- 1737 (2006) — БҰҰ ҚК БҰҰ мүше елдерге Иранға ядролық пен зымырандық бағдарламаларда қолданыла алатын материалдар мен технологияларды ұсынуға тыйым салды. Ирандық маңызы зор ондаған компаниялар мен осы бағдарламаларға қатысы бар 12 тұлғалардың активтерін «мұздатты»;
- 1747 (2007) — Иран қаруын экспорттауға тыйым салу және 28 тұлға мен ұйымдардың активтерін «мұздату». Иранға қаруды сатуды және Иран үкіметі үшін ссуда мен гранттар ұсынуды шектеу;
- 1803 (2008) — азаматтық та, әскери де мақсаттарда қолданыла алатын тауарлардың саудасына тыйым салу. Қару контрабандасында күдікті ұшақтар мен кемелерді тексерістен өткізу. Melli және Saderat иран банктерінің қаржылық мониторингі. 12 компания мен 13 жеке тұлғалардың активтерін «мұздату»;
- 1929 (2010) — ядролық қаруды жеткізуге мүмкіндігі бар Иран баллистикалық зымырандардың өндірісімен байланысты, сонымен қатар уран өндіру мен ауыр қаруларға ие болу сияқты қызметке тыйым салу. Иран ядролық бағдарламасымен байланысы бар иран банктерімен қаржылық операцияларды тоқтату. Иран ядролық бағдарламасына қатысы бар 40 иран компаниялары мен ұйымдардың, елдің 40 азаматтарына қарсы санкция қабылдады [8].

Иран БҰҰ бұл қарарларын қабылдамай, елге салынған санкциялар заңсыз деп таныған болатын. Иранның мұндай жауапсыздығы БҰҰ тарапынан Тегеранға одан да қатаң санкциялар салуға негіз болды.

Батыс пен Иран арасындағы дауды жаңа белеске көтерген бұл емес — МАГАТЭ-нің 2011 жылы жариялаған аты шулы баяндамасы [9]. Қарашаның 8-і күні МАГАТЭ жариялаған 25 беттен тұратын ресми баяндамасында Иран 2003 жылдан бері ядролық қару жасауға бағытталған жұмыстар жүргізген деген қорытындыға келген еді. Әсіресе 2008–2009 жылдары Иран ғалымдары ядролық октұмсық жасауға ден қойған. Қазір де сол жолдан тайынбай отыр. Тіпті, компьютер арқылы жобаларын сызып, жерасты сынақ алаңдарын да даярлаған. Осыдан кейін Батыс елдері Иранға қарсы санкциялар күшейтетінін жариялаған.

Бірақ Иран Ислам Республикасының президенті Махмұд Ахмадинежад өз еліне тағылған кінәні негізсіз деп жариялады. Оның ойынша, МАГАТЭ қазіргі директоры Юкио Аmano — «Американың қолбаласы» болғандықтан, халықаралық қауымдастықтың емес, Вашингтонның сөзін сөйлеуге мәжбүр. Ахмадинежад не десе де, бұл майданда басымдық Иран жағында емес. Мемлекеттің уран өңдеуін тоқтату мақсатында кейінгі жылдары Тегеранға қарсы қабылданған санкциялар саны жылдан жылға өсіп келді [10].

Жауап ретінде Иран шығанақтағы мұнай қоры сақталған, әлемнің мұнай жеткізуінің 40 %-на тиесілі Ормуз бұғазында онкүндік әскери теңіз жаттығуларын өткізген болатын. Иран билігі, егер Батыс елдері Иранды мұнай секторына қарсы санкцияларымен қорқыта беретін болса, Ормуз бұғазын жауып тастайтындығын бірнеше рет қайталады. «Ормуз бұғазын жабу — бір стакан су ішкеннен оңай». Бұл — Иран Әскери теңіз күштерінің қолбасшысы, адмирал Хабиболла Сайяридің Вашингтонға жасаған ескертуі.

Ақ үй өз кезегінде Тегеран Ормуз бұғазын жауып тастайтын болса, Вашингтон ашық әскери күш қолданатынын жария етті.

АҚШ Сенаты бірауыздан Иранға қарсы санкция жөніндегі заң жобасын қабылдап, оған сәйкес, АҚШ-тағы шетелдік банктер ирандық Орталық банкпен іскерлік байланыстары үшін айыппұл төлейтін болады.

Еуроодақ басшыларының шешімімен 2012 жылдың 1 шілдесінен бастап ЕО барлық елдері Иранның кез келген энерготасушы экспортынан бас тартты. Алайда ЕО басшылары өзінің алдына қойған Иранның қаржылық секторын әлсірету мақсатына қол жеткізуі екіталай, себебі американдық және еуропалық тұтынушыларынан айырылған Иран өзінің Үндістан, Қытай мен Оңтүстік Корея сияқты тұтынушыларын сақтап қалды. Екіншіден, Иранның экономикалық блокадалау ел басшылығын ядролық саладағы зерттеуден бас тартуға мәжбүрлей алмады.

Тығырыққа тірелген Иран ядролық бағдарламасын реттеудегі жаңа кезең 2013 жылы Иран Ислам Республикасының билігіне Хасан Роухани тағайындалуымен басталғандай көрінеді. Тамыз айында Президент лауазымына тағайындалған Хасан Роухани Тегеранның ядролық бағдарламасына қатысты мәселені жарты не бір жыл ішінде шешуге уәде берген болатын. Сөзінде тұрған Иран Президенті елдің ядролық бағдарламасы бойынша келіссөздерді жаңғыртуға дайындығын білдіріп, белсенді келіссөздер жүргізу барысында 2013 жылдың қараша айында Женева қаласында өткен кездесу нәтижесінде тарихи маңызы бар Уақытша келісім жасасуға шешім қабылдады [11]. Аталмыш Келісімнің Иран ядролық бағдарламасын реттеудегі рөлі зор — осы уақытқа дейін тараптардың ядролық мәселені бір нүктеден жылжыту талпыныстары еш нәтиже бермеген болатын. Келісімге сәйкес, Иран уранды байытуды азайтуға, ядролық бағдарламасын МАГАТЭ-нің қатаң бақылауында дамытуға міндет алады. Оған қоса, Иран ядролық бағдарламасы 6 айға тоқтатылды, яғни Иран жаңа центрифугаларды орнатудан және уранды байыту бойынша жаңа объектілерді салудан бас тартуға, уранды 5 %-ға дейін ғана байытуға келісті.

Аталмыш келісім Иран Ислам Республикасының сындарлы саясатының жемісі деп айтсақ, қателеспейміз. Иран басшылығы бағыт алған жаңа стратегиясының арқасында өз мәртебесін ұлғайтып, әлем саясатының дегдарлы мүшесіне айналды. Хасан Роухани берген сұхбаттардың бірінде «Біздің басты мақсатымыз — өзіміздің бейбіт ядролық бағдарламасын халықаралық ережелерге сай үйлестіріп, халықаралық қауымдастық тарапынан алаңдаушылықты жою. Бүгінгі таңда біз келіссөздер нәтижелеріне қанағат болып, екі тарап арасындағы қайшылықтар көп ұзамай толығымен жойылады деп үміттенеміз» деп ашық жария еткен болатын [12].

Тараптардың жеткен тағы бір жетістігі — Иран Келісімге сәйкес теория жүзінде қаруға қажетті плутонийді жасап шығаруға болатын Арақтағы ауыр су реакторын салуды тоқтатуға келісті.

Женевалық жоспарға негізделген құжатта Иранның ядролық нысандарында мониторинг қалай жүргізілу керектігіне дейін көрсетілген. Келісімге сай, халықаралық қауымдастық өз кезегінде Тегеранға салынған экономикалық санкцияларды жұмсартуға, жаңа санкцияларды енгізбеуге және Иранның бейбіт атом өндіру құқығын мойындауға міндеттеме алған болатын.

Уақытша келісім 2014 жылдың 20 қаңтарында күшіне еніп, алты айдан соң аяқталады. Бұл алты ай ішінде Иран мен алты ел бұдан да ірі келісім жасасу мақсатында келіссөздерді ай сайын өткізбек. Осылайша жарты жылдан соң тараптар жаңа тұрақты келісімге қол қояды деп күтілуде.

Қазіргі таңда Иран Уақытша келісімге сәйкес өз міндеттемелерін орындауда. Женева Келісімінің міндеттемелері бұлжытпай орындалу үдерісі тараптар арасында біршама сенім ахуалын туғызды. Ал сенім, өз кезегінде, өзара келісімге келу жолындағы бірден бір құралы. Иран Президенті Ислам революциясының 35 жылдығына орай ұйымдастырылған мерейтойда «Алтылықпен» келіссөз өткізу барысында Иран араздыққа еш ұмтылмайтынын көрсеткіміз келеді... Иран халықаралық уағдаластықтарды қолдайды... Еуропалық мемлекеттер ынтымақтасуға ниетін шын білдірсе, Иран тарапынан нәтижелі қадамдарды көре алады» деп Тегеранның ұстанымын қайталап жария етті [13].

Дегенмен, тараптар арасындағы диалог оңай болмайтыны анық. Келісімге қарамастан, АҚШ пен Иран арасындағы қатынастар әлі де шиеленіскен жағдайда. Иранға қатысты АҚШ санкцияларының жұмсартуы Иран экономикасының қалпына келуіне мүмкіндік бермейді. Оған қоса, 2013 жылдың желтоқсан мен 2014 жылдың ақпан айында АҚШ-тың Иранға санкцияларды аттап өтуге қол ұшын берген бірқатар компаниялар мен жеке тұлғаларға қарсы жаңа санкциялар пакетін қабылдауы келіссөздер барысын баяулатуы әбден мүмкін. Израиль үкіметі өз кезегінде аталған келісім бүкіл әлемге қауіп төндіріп тұрғанын мегзеді. Израиль премьер-министрі Биньямин Нетаньяхудың айтуынша, ядролық бағдарламаны уақытша ғана тоқтатып отырған Иран қыруар ақшаға кенеледі, бірақ есесіне ештеңе де қайтара алмайды.

Соған орай, жаңа саяси жағдайларға қатысты батыс елдері мен Иран Ислам Республикасы арасындағы келіссөздер елдің ядролық бағдарламасының қауіпін жоя ма деген ой көпшілікті мазаландыратындығы айқын.

Әдебиеттер тізімі

- 1 IAEA Resolutions // International Atomic Energy Agency. [ЭР]. Access mode: http://www.iaea.org/newscenter/focus/iaecairan/iaea_resolutions.shtml
- 2 Балаубаева Б. М., Кабдулинова А. Иран ядролық бағдарламасы: АҚШ мемлекетімен қарама-қайшылықтары // ҚазҰУ хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. — Алматы, 2012. — № 2 (58). — 47–53-б.
- 3 Стратегия национальной безопасности США — 2002 // Российский правовой портал. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://constitutions.ru/archives/5292>
- 4 Буш продлил действие «чрезвычайного положения» в отношении с Ираном еще на год // Новости NEWSru.com. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://palm.newsru.com/world/12nov2008/iran.html> (дата публикации 12.11.2008)
- 5 Санкции США против Ирана отметили своё совершеннолетие // Вестн. Кавказа. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.vestikavkaza.ru/news/Sanktsii-SSHA-protiv-Irana-otmetili-svoe-sovershennoletie.html> (дата публикации 13.03.2013)
- 6 Сажин В.И. Иран: декабрь 2009 г. Военно-политическая ситуация // Институт Ближнего Востока. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.iimes.ru/rus/stat/2010/27-01-10c.htm>
- 7 Давар А. Иран во внешней политике США: ядерный фактор // Вестн. КазНУ. Сер. междунар. отношения и междунар. право. — 2012. — № 2 (58). — С. 54–59.
- 8 Резолюции Совета Безопасности ООН // Комитет Совета Безопасности ООН. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.un.org/russian/sc/committees/1737/resolutions.shtml>
- 9 Осуществление Соглашения о гарантиях в связи с ДНЯО и соответствующих положений резолюций Совета Безопасности Организации Объединенных Наций в Исламской Республике Иран. Резолюция, принятая Советом управляющих 18 ноября 2011 года. // МАГАТЭ. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: http://www.iaea.org/Publications/Documents/Board/2011/Russian/gov2011-69_rus.pdf
- 10 Иран ядролық қару тартпау келісімінен шығуы мүмкін // Азаттық Радиосы. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://origin-kz.azattyq.org/content/news/1163261.html>
- 11 Иран в 2013 году сократил продажу нефти на 15 % // Международное Информационное Агентство. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.inform.kz/rus/article/2626753> (дата публикации 31.01.2014)
- 12 Иран и страны-посредники спорят о судьбе ядерного реактора // Финансово-аналитический бизнес-портал. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://livda.ru/news/politics/world/iran-i-strany-posredniki-spyuyat-o-sudbe-yadernogo-reaktora-0367> (дата публикации 20.03.2014)
- 13 Хасан Роухани. Иран выстоит против любого агрессора // Информационное телеграфное агентство России. [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://itar-tass.com/mezhdunarodnaya-panorama/955693> (дата публикации 11.02.2014)

Б.М.Балаубаева, А.Кабдулинова

Политико-дипломатическая борьба вокруг Иранской ядерной программы

В статье проанализирована политико-дипломатическая борьба вокруг Исламской Республики Иран в связи с актуальностью проблемы Иранской ядерной программы. Выделены точка зрения Ирана в том, что его ядерная программа носит исключительно мирный характер, западных стран — что Тегеран ведет разработку ядерного оружия. Авторами сделан обзор эволюции изменения политики международного сообщества в отношении Ирана в контексте ядерной программы, акцентируя внимание на противоречивых отношениях США и Ирана. Представлена в статье и нынешняя ситуация вокруг иранской ядерной проблемы, а также подробно рассмотрено исторически значимое Временное соглашение по Иранской ядерной программе, заключенное между странами «шестерки» и Республикой Иран.

B.M.Balaubayeva, A.Kabdulinova

Political and diplomatic struggle over Iran's nuclear program

The article is devoted to the Iranian nuclear program — one of ongoing problems in international relations. Iran insists that its nuclear program is for peaceful purposes only, while many Western countries have repeatedly suspect Tehran in developing nuclear weapons. Authors analyze the political and diplomatic struggle over the Iranian nuclear issue, focusing on contradictions between the U.S. and Iran. The authors make an overview of the evolution of policy changes of the international community in the context of Iran's nuclear program. In addition, authors analyze current situation over the Iranian nuclear issue, and examine in detail the historically significant Interim Agreement on the Iranian nuclear program.

References

- 1 *IAEA Resolutions // International Atomic Energy Agency*. [ER]. Access mode: http://www.iaea.org/newscenter/focus/iaea/iran/iaea_resolutions.shtml
- 2 Balaubayeva B.M., Kabdulinova A. *KazNU Bull. International Relations and International Law series*, Almaty, 2012, 2 (58), p. 47–53.
- 3 *USA. National Security Strategy 2002 // Russian Legal Portal*. [ER]. Access mode: <http://constitutions.ru/archives/5292>
- 4 *Bush extended the «a state of emergency» in relations with Iran one more year // NEWSru.com*. [ER]. Access mode: <http://palm.newsru.com/world/12nov2008/iran.html> (publ. on 12.11.2008)
- 5 *USA sanctions against Iran celebrated their adulthood // Bull. of the Caucasus*. [ER]. Access mode: <http://www.vestikavkaza.ru/news/Sanktsii-SSHA-protiv-Irana-otmetili-svoye-sovershennoletie.html> (published on 13.03.2013)
- 6 Sazhin V.I. *Iran: December 2009. Military-political situation // Institute for Middle East*. [ER]. Access mode: <http://www.iimes.ru/rus/stat/2010/27-01-10c.htm>
- 7 Davar A. *KazNU Bull. International Relations and International Law series*, Almaty, 2012, 2 (58), p. 54–59.
- 8 *UN Security Council Resolutions // UN Security Council Committee*. [ER]. Access mode: <http://www.un.org/russian/sc/committees/1737/resolutions.shtml>
- 9 *Implementation of the NPT Safeguards Agreement and relevant provisions of Security Council resolutions, the United Nations in the Islamic Republic of Iran. Resolution adopted by the Board of Governors 18 November 2011 // IAEA*. [ER]. Access mode: http://www.iaea.org/Publications/Documents/Board/2011/Russian/gov2011-69_rus.pdf
- 10 *Iran may quit nuclear non-proliferation treaty // Azattyk Radio*. [ER]. Access mode: <http://origin-kz.azattyq.org/content/news/1163261.html>
- 11 *Iran in 2013 has reduced the sale of oil by 15 % // International News Agency*. [ER]. Access mode: <http://www.inform.kz/rus/article/2626753> (published on 31.01.2014)
- 12 *Iran and intermediary countries argue about the fate of the nuclear reactor // Financial and analytical Business Portal*. [ER]. Access mode: <http://livda.ru/news/politics/world/iran-i-strany-posredniki-sporyat-o-sudbe-yadernogo-reaktora-0367> (publ. on 20.03.2014)
- 13 Hassan Rouhani. *Iran will stand against any aggressor // Information Telegraph Agency of Russia*. [ER]. Access mode: <http://itar-tass.com/mezhdunarodnaya-panorama/955693> (publ. on 20.03.2014)

Д.Келесбаев

Гази университеті, Анкара, Түркия (E-mail: dimahs_kz@inbox.ru)

Білім беру қызметіндегі сапа және оның элементтері

Мақалада жалпы сапа, қызмет көрсету сапасы, білім беру сапасы, сапа элементтері және оны жоғарлату әдістері туралы теориялық тұрғыдан сөз қозғалды. Автор өз зерттеуімен елімізде әрбір адамның көкейінде жүрген, алайда басшылардың немқұрайды қарайтын, күрмеуі көп білім беру қызметінің сапасын көтеруге кішкене болса да үлес қосуда.

Кілт сөздер: сапа, қызмет сапасы, білім беру қызметінің сапасы, сапаның элементтері.

Кіріспе

Жаһанданумен бірге білім мен ақпараттық технологиялар, ішкі және сыртқы сауда-саттықтың және бәсекелестіктің одан әрі күшеюіне себеп болуда. Сонымен қатар қазіргі таңда елдердің дамуы білім деңгейімен өлшенеді. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан–2050» Стратегиясы: Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Дамыған, бәсекеге қабілетті мемлекет болуымыз үшін біз сапалы білімге ие, сауаттылығы жоғары елге айналуымыз қажет», — деп айтқан болатын [1].

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесіндегі ең негізгі мәселе бұл жүйенің толық, басы бүтін жұмыс істеуіне байланысты болып отыр. Бұл жүйемен толық, басы бүтін шұғылданбайынша, қосалқы бөлімдеріндегі жақсарту жұмыстарынан оң нәтижелер күту қиынсыз. Мысал ретінде, балықтары жиі-жиі өлетін аквариумдағы ауру, әлсіз балықтарды ауыстыра берудің орнына аквариумдағы лас, тұрып қалған суды ауыстыру керек [2]. Осы секілді, білім беру жүйемізді уақыт талаптарына және қажеттіліктеріне жауап бере алатын және жүйенің тиімді, табысты жұмыс жасауы үшін білім беру жүйесіне бөлінетін қаржы болсын, назар болсын барлық ресурстардың осы жүйенің толық сапалы жұмыс істеуіне бөлінуі керек сияқты.

Осы орайда, білім беру қызметінің сапасына байланысты дайындалған бұл мақаланың негізгі мақсаты — елімізде әрбір адамның көкейінде жүрген, алайда, басшылардың немқұрайлы қарайтын, күрмеуі көп білім беру қызметінің сапасын көтеруге кішкене болса да үлес қосу. Осы мақсатта бұл мақалада жалпы сапа, қызмет көрсету сапасы, білім беру сапасы, сапа элементтері және оны жоғарлату әдістері туралы теориялық тұрғыдан сөз қозғалады.

1. Сапа

Сапа тақырыбында жұмыс істеген атақты ғалымдар сапа туралы бірқатар анықтамалар жасаған. Мысалы, Деминг сапа туралы «кәсіпорынның өндірген өнімі мен өнімділігінің сапаның техникалық талаптарына сәйкестігі және тұтынушының кәсіпорынның өндірген тауары немесе көрсеткен қызметі туралы пайымы» [3], — деген. Журан сапаға «қолдануға сәйкестік» [4], ал Крозби болса, «шарттарға сәйкестік» [5], — деп анықтама берген. Шехварт сапа туралы «клиенттің төлеуге разы болатын бағамен көңіл толатын бір өнімнің жобалануы және өндірілуі үшін клиенттің келешектегі қажеттілігінің өлшене алатын жағдайға келтірілуі» [6], — деген.

Сапа тақырыбында жұмыс істейтін ұйымдар да сапа туралы бірнеше анықтамалар берген. Олар [7]: Жапонияның Индустрия стандарттары комитеті «тауар немесе қызметті үнемді, ысырапсыз өндіретін және клиенттердің талап-тілектеріне жауап беретін өндіріс жүйесі» — десе, Еуропалық сапаны бақылау ұйымы «бір тауардың немесе қызметтің тұтынушының талап-тілектеріне сәйкестік дәрежесі» — деген. Ал, Америкалық сапаны бақылау қоғамы «бір тауар немесе қызметтің белгілі бір қажеттілікті қамтамасыз ету дәрежесін белгілейтін ерекшеліктердің жиыны» — деген анықтама берген.

2. Қызмет сапасы

Қызмет, немесе қызмет көрсету сапасына тоқталатын болсақ, кең мағынада қызмет сапасы клиенттің күткендерін (үміттерін) қанағаттандыру үшін үздік немесе мүлтіксіз қызметтің көрсетілуі. Басқа бір анықтамаға қарағанда, қызмет сапасы бір кәсіпорынның клиенттің күткендерін

канағаттандыра алу немесе одан асып түсу қабілеті [8]. Екі анықтамада да көрсетілгендей, қызмет сапасын белгілей алатын ең маңызды элементтің клиенттің күтімдері екендігі белгілі болып отыр.

Қызметтің сапасына клиенттің күтімдері мен аңғарулары (қабылдаулары) жағынан қарағанда бұл клиенттің күтімдері мен аңғарулары арасындағы салыстыру болып табылады [9]. Клиент көптеген факторды аңғарып сапаны өзінше түсінуді және өзіне ұсынылған қызмет пен өзі күткен қызметті салыстыруда. Бұл жерде ең маңыздысы клиенттің аңғарған қызметінің жоғары болуы. Салыстырманың нәтижесінде күтілген қызмет пен аңғарылған қызмет арасындағы айырмашылық болымсыз болса, онда клиент қызметтің сапасын ұнамсыз ретінде бағалағандығы. Ал, арадағы айырмашылық болымды болса, онда клиент қызметтің сапасын ұнамды ретінде бағалаған деп айтуға болады.

Осы орайда тағы бір мәселе бар, ол — қызмет сапасының элементтері. Қызмет сапасын анықтау, бағалау үдерісіне қызмет сапасының бірнеше элементтері өте қатты ықпал етеді. Алайда бұл элементтердің қандай элементтер екендігі және олардың қалай ықпал ететіндігі туралы пікір айырмашылығы, яғни, тартыс бар. Қызмет сапасының элементтерін анықтап, ортаға шығарған және көпшілік тарапынан мойындалған зерттеуді Парасураман, Зейтхамл және Берри деген ғалымдар жасады. Бұл ғалымдар қызмет сапасының он элементін анықтаған, олар: сенімділік, сәйкес жауап беру, жеткіліктілік, қолжетімділік, құрмет, байланыс, бедел, қауіпсіздік, клиентті аңғару және физикалық объектілер [10].

Кейіннен жасалған зерттеулердің нәтижесінде, Парасураман, Зейтхамл және Берридің белгілеген элементтерінің негізінен тек қана бесеуінің жоғары дәрежеде ықпал ететіндігі және бұл элементтердің арасында өзара ықпалдастықтың бар екендігі де анықталды. Бұл бес элемент туралы мәліметтер төмендегідей [11]:

- сенімділік: қызметтің дұрыстығы, үйлесімділігі және қызмет көрсете алу қабілеттілігі;
- сәйкес жауап беру: уақытында дұрыс және ашық түрде сұраныстарға сәйкес, толық жауап бере алу икемділігі;
- кепілдік (жеткіліктілік, құрмет, бедел, қауіпсіздік): кәсіпорын қызметкерлері мен жұмысшыларының білімі, мәдениеті және сыпайылығы арқылы сенім ұялата білуі;
- түсіністік (қол жетімділік, байланыс, клиентті аңғару): өзін клиенттің орнына қою арқылы клиентке жекелей назар аудару алуы, жекелей қарым-қатынас жасай алуы,
- физикалық объектілер: кәсіпорынның физикалық объектілерінің көрінісі, құрал-жабдықтары, қызметкерлері мен жұмысшылары, басып шығарған көрнекіліктері.

3. Білім беру қызметіндегі сапа

Қазіргі уақытта кейбір адамдардың түсінігінде «білім берудегі сапа» ұғымы, білім берудегі күтімдердің қамтамасыз етілуі, яғни бір мағынада дипломмен пара-пар. Алайда Вест білім берудегі сапаны күш, әлеует, ерекшелік сөздерімен байланыстырады және «сапа» ұғымын бір түр-сипат ретінде қолданатын кезде білім беру бағдарламасының белсенділігі ретінде жориды [12].

АҚШ Білім министрлігі болса, «білім беру сапасы» ұғымын аз оқушылардан құралған сыныптар, оқушылардың жеке қабілеттерін көрсете алулары, факультеттердің студенттердің күткендерін қамтамасыз ете алу дәрежелері және әр түрлі оқыту әдістеріне баламалы әдістер ұсына алатын қабілеттер ретінде анықтауда және сапалы білім беруді болса, оқушы-мектеп-отбасы арасындағы ынтымақтастық ретінде түсіндіруде [13].

Білім беруде сапаны жақсарту жұмыстары біртекті жолға қарағанда, қайталанбалы циклге ұқсас жоспарлау, жүзеге асу және жетілу істерінен құралған. Алғашқы деңгей жетілу үшін үздіксіз жоспарлауды қамтиды. Бұл істі жетілдіру жоспарларының жүзеге асуы жалғастырады. Кейінгі деңгейде болса, жетілдіру жоспарларына қатысты клиент қажеттіліктерін анықтауда қолданылатын әдістердің жетілдірілуі болады. Қоршаған орта серпінді бір орта болғандықтан, білім беру саласындағы қызметкерлердің үдерістерді үздіксіз қадағалаулары, ақпаратты да үздіксіз бөлісулері, бірлік ішінде жұмыс істеулері және ақпарат алмасуға кедергі болған және болатын жайттарды жоюлары міндетті [14]. Бұл тұжырымға қарағанда тәрбиелеушілер мен оқытушылар тек қана мәселелерді анықтаудың орнына сол мәселелердің шешуін табуды негізге алулары керек.

Осы жерге дейін келтірілген анықтамалар мен тұжырымдарды негізге ала отырып, білім беру қызметіндегі сапа ұғымын, білім және тәрбие беру жұмыстарында жоғары сапалылық пен мүлтіксіздікке жету үшін бір ұйымның барлық қызметкерлерінің үздіксіз даму мәдениетін иемденгендігі туралы бір философия, бір сенім, бір тұжырым деуге болады.

Қорытынды

Қорыта келгенде, қазіргі уақытта клиент шалғайдағы бір жерде бізбен сауда-саттық жасасқан біреу болудан шығып, қызмет жүйесінің негізгі бөлігі болып табылады. Өйткені клиент қызмет жүйесінің ең үлкен құндылығын құрауда. Сол себепті клиенттің ризалығы әрі негізгі мақсат, әрі негізгі кіріс ретінде жүйеге қатысуы керек. Бұл жерде мүлтіксіз қызмет сапасына қол жеткізу үшін клиенттердің не қалағандығы мен кәсіпорынның қамтамасыз ете алатын қызметі арасындағы байланыстың өте мұқият құрылуы керек. Мысалы, оқушылар мен студенттердің нені, қалай қалаулары мен білім беру мекемесінің әлеуеті, яғни нені, қалай қамтамасыз ете алатындығы арасындағы үйлесімділік білім беру сапасының негізін құрайды. Бұл үйлесімділік, байланыс дұрыс құрылса, білім беру сапасы да ол жерде білім алған оқушылар мен студенттердің сапасының да жоғары болатындығы сөзсіз.

Білім беруде сапа дұрыс білімнің, дұрыс уақытта, дұрыс мекенде, дұрыс адамдарға, дұрыс оқытушылар мен тәрбиелеушілер тарапынан берілуі арқылы жүзеге асады [15]. Сол себепті, білім беруде сапаны жақсарту, көтеру үшін білім беруді басқаруға да көп көңіл бөлу керек. Білім беруді басқаруда жасалуы керек ең маңызды жұмыс, бағалау нәтижесінде ортаға шығатын және осы күнге дейін бар болған қажеттіліктердің жүйелі және жоспарлы түрде қамтамасыз ететін ұйымдар мен мекемелердің үздік, табысты басқару әдістерін жан-жақты терең зертей отырып, сол үздік тәжірибелерден пайдалану болып табылады.

Білім беру қызметінде сапаның қалыптасуы мейлінше күрделі бір тақырып. Бұл күрделілік білім берудің және қызмет көрсету саласының ерекшеліктеріне (нақтылы өнімдерге ұқсамауы, абстрактілі, қолға ұстала алмайтын, өзгермелі, сақтала алмайтын және т.б. болуы) байланысты болып отыр.

Қазіргі таңда әрбір деңгейдегі білім беру ұйымдары қызмет көрсету сапасын жоғарылату үшін жиынтық сапа менеджментін бір жүйе ретінде қолдануы және бұл қағидаларды негізге ала отырып, тиімді және табысты жүйелер құруы керек [16]. Сол себепті білім беру басшылары сапалы білім беру басшылығы үшін білім беру қызметінің барлық жақтарының бірге қолға алынуына орай Жиынтық сапа менеджменті (Total Quality Management) ұғымының керектігін пайымдауы керек [17].

Білім беру қызметінің сапасын және клиенттің қанағаттануын көтеру, жақсарту үшін қызметтердің және қызмет сапасының сенімділік, сәйкес жауап беру, жеткіліктілік, қолжетімділік, құрмет, байланыс, бедел, қауіпсіздік, клиентті аңғару және физикалық объектілер және т.б. элементтеріне көп көңіл бөлу керек. Себебі бұлардың барлығы білім беру сапасын арттыратын және оқушылар мен студенттердің бұл қызметтен күткендерін қанағаттандыратын жұмыс болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы — 14.12.2012. [ЭП]. Қолжетімділік тәртібі: http://www.akorda.kz/kz/page/page_kazakstan-respublikasy-nyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-kazakstan-khalkyna-zholdauy-2012-zhylhy-14-zheltoqs_1357813742 (publ. on 13.03.2013)
- 2 [ЭП]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.psiolojikdanisma.net> (published on 13.03.2013)
- 3 Deming W.E. *Krizden Çıkış // Çev. Cem Akaş.* — İstanbul, Kalder Yayınları, 1998. — S. 37.
- 4 Juran M.J. *Juran's Quality Control Handbook // 4th Edition /Ed. By Juran J. and Frank M.* — New York: Mc Graw Hill. Co., 1988. — 22 p.
- 5 Crosby P.B. *Quality and Me: Lessons from an Evolving Life // 1st Edition.* — San Francisco: Jossey-Bass Publications, 1990. — 27 p.
- 6 Shewhart W.A. *Economic Control of Quality of Manufactured Product.* — New York: D.Van Nostrand Company, 1986. — 27 p.
- 7 Aydoğan E. *Kalite ve Güvenlik.* — Ankara: Ayban Eğitim Danışmanlık Matbaacılık ve Yayıncılık, 2006. — S. 4.
- 8 Odabası Y. *Satışta ve Pazarlamada Müşteri İlişkileri Yönetimi // 4. Baskı.* — İstanbul: Sistem Yayıncılık, 2004. — S. 93.
- 9 Parasuraman A., Zeithaml V.A., Berry L.L. *A Conceptual Model of Service Quality and Its Implications for Future Research // Journal of Marketing.* — 1985. — Vol. 49. — P. 42.
- 10 Zeithaml V.A., Parasuraman A., Berry L.L. *Delivering Quality Service: Balancing Customer Perceptions and Expectations // The Free Press: New York.* — 1990. — P. 20–22.
- 11 Değermen H.A. *Hizmet Ürünlerinde Kalite, Müşteri Tatmini ve Sadakati: Hizmet Kalitesi ile Müşteri Sadakatının Sağlanması ve GSM Sektöründe Bir Uygulama.* — İstanbul: Türkmen Kitabevi, 2006. — 24 s.
- 12 West D.C. *Providing Quality Education for the 1980's, Association of American Colleges // Liberal Education.* — 1984. — Vol. 70. — No. 2. — P. 153–156.

13 *Scans Report. What Work Requires of Schools: a SCANS Report for America 2000* // The Secretary's Commission on Achieving Necessary Skills. — 1991.

14 *McNiel R.M. Total Quality Management: Whats in it for Schools?* // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://www.Idanat1.org/newsbriefs/oct96/meniel.html>. (publ. on 13.03.2013)

15 *Şimşek M. Sorularla Toplam Kalite Yönetimi ve Kalite Güvence Sistemleri* // 1. Baskı. — İstanbul: Alfa Basım Yayım Dağıtım, 2000. — S. 99–101.

16 *Arikboga S. Yüksek Öğretimde Toplam Kalite Yönetimi ve Bir Araştırma* // İstanbul Üniversitesi İktisat Fakültesi Mecmuası. — 2003. — Cilt: 53. — Sayı: 2. — S. 82.

17 *Wright C. and O'Neill M. Service Quality Evaluation in the Higher Education Sector: An Empirical Investigation of Students' Perceptions* // Higher Education Research & Development. — 2002. — Vol. 21. — No. 1. — P. 37.

Д.Келесбаев

Качество образовательных услуг и его элементы

В статье проанализирован очень важный вопрос, касающийся всех отраслей страны. Отмечено, что качество — один из основных показателей развитости государства. В связи с этим была исследована сложная и в то же время волнующая всех задача — качество образовательных услуг. Автором рассмотрены такие аспекты, как качество услуг, в том числе качество образовательных услуг, элементы качества и теоретически смоделированы методы его улучшения.

D.Kelesbayev

The quality in educational services and its elements

In this article, nowadays the most important problem in every sector of our country the quality issue will be examine. On the agenda of everyone but which are ignored by everyone in our country, is quality of educational services. In this article, in order to help improve the quality of educational services will be do theoretical studies on the issues of overall quality, service quality, quality of educational services, quality elements and methods of improving them.

References

1 Address by the President of the Republic of Kazakhstan N.A.Nazarbayev to the nation — 14.12.2012 // [ER]. Access mode: http://www.akorda.kz/kz/page/page_kazakistan-respublikasy-nyn-prezidenti-n-a-nazarbaevtyyn-kazakistan-khalkyna-zholdauly-2012-zhylyhy-14-zheltoks_1357813742 (published on 13.03.2013)

2 [ER]. Access mode: <http://www.psikolojikdanisma.net> (publ. on 13.03.2013)

3 Deming W.E. *Exit from the Crisis* // çev. Cem Aktaş, İstanbul, Kalder Yayınları, 1998, p. 137.

4 Juran M.J. *Juran's Quality Control Handbook* // 4th Edition /Ed. By Juran J. and Frank M., New York: Mc Graw Hill. Co., 1988, p. 22.

5 Crosby P.B. *Quality and Me: Lessons from an Evolving Life* // 1st Edition, San Francisco: Jossey-Bass Publications, 1990, p. 27.

6 Shewhart W.A. *Economic Control of Quality of Manufactured Product*, New York: D.Van Nostrand Company, 1986, p. 27.

7 Aydoğan E. *Quality and Safety*, Ankara: Ayban Eğitim Danışmanlık Matbaacılık ve Yayıncılık, 2006, p. 4.

8 Odabası Y. *Customer Relationship Management in Sales and Marketing* // 4. Baskı, İstanbul: Sistem Yayıncılık, 2004, p. 93.

9 Parasuraman A., Zeithaml V.A., Berry L.L. *Journal of Marketing*, 1985, 49, p. 42.

10 Parasuraman A., Zeithaml V.A., Berry L.L. *Delivering Quality Service: Balancing Customer Perceptions and Expectations* // The Free Press: New York, 1990, p. 20–22.

11 Değermen H.A. *Quality in Service Products, Customer Satisfaction and Loyalty: Ensuring Customer Loyalty with Quality of Service and an Application in the GSM sector*, İstanbul: Türkmen Kitabevi, 2006, p. 24.

12 West D.C. *Providing Quality Education for the 1980's, Association of American Colleges* // Liberal Education, 1984, 70, 2, p. 153–156.

13 *Scans Report. What Work Requires of Schools: a SCANS Report for America 2000* // The Secretary's Commission on Achieving Necessary Skills, 1991.

14 *McNiel R.M. Total Quality Management: Whats in it for Schools?* // [ER]. Access mode: <http://www.Idanat1.org/newsbriefs/oct96/meniel.html> (publ. on 13.03.2013)

15 *Şimşek M. Total Quality Management and Quality Assurance Systems with Questions* // 1. Baskı, İstanbul: Alfa Basım Yayım Dağıtım, 2000, p. 99–101.

16 *Arikboga S. İstanbul Üniversitesi İktisat Fakültesi Mecmuası*, 2003, Cilt: 53, Sayı: 2, p. 82.

17 *Wright C., O'Neill M. Higher Education Research & Development*, 2002, 21, 1, p. 37.

N.Mingisheva

*Karaganda University «Bolashak» (E-mail: nazgulm2001@mail.ru)***Discourses of hijab in post-Soviet Kazakhstan: historical and modern aspects**

My paper is focused on some comparative analysis of Western and Islamic feminist interpretations of hijab and their application to post-Soviet discourse on the hijab in present-days Kazakhstan. During recent years there are diverse forms of hijab wearing in the country from totally covering of a female body to some open «Arab style» of the hijab. In the same time, after extremist attacks in the Western and Southern Kazakhstan, the situation with the hijab is changed to the idea of traditional («Kazakh») Islam when the hijab is not preferred with the power discourse. My main research questions for my paper are following: What interpretations about hijab in the Western and Islamic narratives are applied to the Kazakhstan's case? How the hijab discourse is constructed in post-Soviet Kazakhstan? What is the meaning of hijab after «atheism era» in the Central Asian country where majority is Muslims? What attitudes are between secular and religious discourses according to the hijab in Kazakhstan now? What hijab means for secular majority and young Muslims? What young Muslim men and women speak about hijab? My research is based on interviews of two males and two females who identify themselves as Muslims.

Key word: hijab, Islam, colonialism, postcolonialism, Islamic feminism, secularism, traditional Islam, discourse, narrative, Kazakhstan.

The large public discussions about hijab have been starting in Kazakhstan for recent two-three years. Authorities declare their position to the hijab from the point of view of traditional Islam that the hijab is not Kazakh custom and the hijab was not a part of Kazakh culture in the past. What young Muslims in Kazakhstan think and interpret hijab? Is the hijab a part of the Arabic culture only in the present world? What is the meaning of the hijab for today young Muslims in Kazakhstan? Why do young women start to cover their heads and bodies? What is the hijab in Islamic culture itself and what interpretations represent Eastern and Western discourses about hijab?

Western and Islamic feminist interpretations of the hijab

In the first part of my paper I would like to consider the different academic interpretations about hijab and veiling of some female scholars, mostly Islamic feminists in the North America, who gave many important and significant presentations about hijab with historical, anthropological and political perspectives. My paper is based on the articles and books of Leila Ahmed [1, 2], Saba Mahmood [3], Lila Abu-Lughod [4], Mohja Kahf [5], Bahar Davary [6], Kendra Sarna [7]. With analyzing and comparing of their works I tried to interpret the current debate about hijab in Kazakhstan. First of all, I realized that the story of the hijab has a long history, different senses and meanings and vary cultural, social and political aspects. So the hijab represents diversity and cannot be explained generally that it is a custom of Arab countries only. Secondly and very importantly, these researches and academic publications demonstrates the postcolonial discourses about hijab that could be applied to the post-Soviet reality also characterized with rising of religiosity with building and reconstructing of society, identity and ethnicity in Kazakhstan and Central Asia.

The Western understanding of hijab is brilliantly presented in the classical reader of Leila Ahmed «Women and Gender in Islam». She showed the colonial Western discourse on the hijab as a symbol of women's oppression and unfreedom when Egypt was under British ruling with the ideal of Victorian Christianity [1]. The same opinion considered the hijab as a symbol of «Muslim backwardness» by the British I have read in the Mahmood's book [3]. Muslim countries under Western colonialism were influenced by secular policy and Westernization processes when unveiling was considered as the female liberation. Simultaneously Ahmed paid attention to the fact that unveiling reforms were for upper and middle classes in urban areas of Egypt, not for all [1]. When elites were secularized and unveiled in the middle of the 20th century, the society maintained religiosity that helped to Islamists to use it later to Islamize the Egyptian society for the 1970–90s.

According to the Central Asian countries and Kazakhstan in particular, it could be told that Kazakhstan had similar processes under Tsarist and Soviet rulings. Tsarist Russia also tried to convert Kazakhs into Christianity [8]. Then the Soviet authorities gave freedom for Muslim women in Central Asia when unveiled all of them. Socialistic and atheistic politics was successful in the process of eradication of veiling practice in

the Central Asian region. Whereas Soviet atheism excluded religion out of everyday life, the position about veiling as symbol of women's oppression made Soviet regime closer to Western colonial politics. Soviet propaganda demonstrated its democracy to women in Central Asia in many movies and posters about unveiling of Muslim women in the region.

The modern interpretations of women's rights in Afghanistan and Iraq within the first lady Laura Bush radio speech are also considered as well Leila Ahmed as Lila Abu-Lughod. Their analysis of Laura Bush's message points political aspect [2] and ignorance of cultural relativism by the West [4] due to the hijab.

Present authorities in Kazakhstan demonstrate some similar politics of ignorance for the hijab's phenomenon understanding it as a part of another culture, not Kazakh but mostly Arabic one. This point of view is close to Egyptian intellectuals who thought that veiling was not a divine injunction. It was a regional custom of Arab women in the early times of Islam which later was mistakenly accepted as a religious edict [3].

The other interpretations of hijabs include some historical, cultural, gender and social aspects of the hijab and veiling. Mohja Kahf viewed the hijab historically and claimed that veiling predated Islam. Many ancient communities in Greece, Near East, Rome and other societies had practice of veiling. She also proposed that the hijab was probably established by males to control female bodies [5]. The most important interpretations about hijab are considered it in the terms of cultural diversity when the hijab's practice is spread throughout various Islamic countries and societies and presented not only as the hijab but also as the baltu, khimar, niqab, jilbab, burqa [9].

Abu-Lughod in her article showed cultural relativism of imagination and practice the hijab in the different Islamic societies. Mahmood also demonstrates the hijab diversity in her fieldwork in Egypt through socioeconomic background of women studied at the Cairo Mosques. She excellent presented in her book how Mosques and veiling elicit a class, education level, language and political features of women in the city. In another words, the hijab and covering could present as well cultural as socioeconomic and political diversity of veiling not only inside one culture but also social differentiation within one city and even neighborhood [3].

Also Mahmood, Abu-Lughod and Kahf affirm such significant of the hijab as subjectivity which could reveal personal morality of a woman included modesty, divinity, piety, dignity, virtue, decency. In addition, the hijab signifies the distinction of social life of men and women where public is for men mostly and private is for women preferably [4, 5].

In my mind, the publications of contemporary Islamic female scholars discover and discuss the most considerable point about veiling and unveiling periods in Muslim countries during the 20th century when they were under the Western influence of ruling [2, 5]. Turkey in the 1920s, Egypt in the 1950s, Iran in the 1978s, Syria and Tunisia in the 1980s and other Muslim countries experienced policy of unveiling, secularization and Westernization in their modern histories. As a result, according to Kahf, «the hijab enjoys a new plurality» [5; 36]. That means that not all women in Muslim countries are veiled, the hijab would present vary aspects of different periods of its own history and history of some Muslim societies.

Rising of political Islam has been affecting on the hijab survival in Muslim and Western societies from the 1990s to the present [2]. From this perspective the hijab would be considered as the construction of Islamic identity in present Muslim countries and among Muslim minorities in the West. It could be possible to specify two sides of hijab politics today. Firstly, it was the colonial interpretation of the hijab as a symbol of women's oppression referred to politics of unveiling before the 1990s. Secondly, it is the Islamist understating of the hijab as an important part of Muslim identity, heritage and civilization which is denotative the veil resurgence after the 1990s [2, 3].

According to Ahmed, one of the important issues of political Islam's successfulness is the changing of policy to women. Islamist organizations involve actively women to their parties and associations. It could be told that political Islam changes its gender policy and probably adjusts to the Western values and worldview. Contemporary political Islam increased globally would present us some distinctions and, in the same time, interconnections with the West where the hijab and gender policy are important.

Summing up this part, I would like to conclude that the hijab is a religious, sociocultural and political phenomenon capable to change, transform, disappear and emerge again. It is an elastic component of modern Islam. Besides cultural and ethnic parts presently, the hijab became a tool of political and global Islam which could dawn locally everywhere (Ahmed, 2011). From this point of view, is it possible to interpret the hijab in present-days Kazakhstan and Central Asian countries as a display of global Islam? Maybe, yes.

Post-Soviet interpretations about hijab in Kazakhstan: Views atop and the ground

After Soviet collapse Kazakhstan experiences the fast growth of Islamic institutions. It could be told that specific religious infrastructure has been building in the country with many Mosques, Islamic café, shops, financial institutes, media and Halal productions. Recently public debates are occurred around hijab in Kazakhstan. It could be told that officials and secular majority try to reduce the hijab's performativity in the public space after encounters with extremist activities over the country and spreading of veiled women in the streets. While Islamic infrastructure (Mosques, shops, café) is static, extremists and covering women are alive, versatile and dynamic. Extremist are dangerous and veiled women became a part of everyday life. Probably, these two parts of Islamic gender representations tied with each other and called some discomfort perceptions in the public opinion. As a result, presently there is a great pressure over women in hijabs in Kazakhstan as well on the governmental as on the public levels. The hijab is criticized from the position of traditional Islam in Kazakhstan; the hijab was not a part of the Kazakh culture, it is a sign of the exterior, another, Arabic culture.

What do Muslims in Kazakhstan think and tell about hijab themselves? How Muslims and «secular environment» interpret the hijab? Is it possible to reconcile these two polar attitudes to the hijab?

I interviewed two young women and two young men who identify themselves as Muslims about how they understand the hijab and what are their attitude to veiling of women. All interviewees are confidential and under pseudonyms. These interviews were conducted in the different periods of 2011–2012:

Alia, 22 years old: An external hijab is an attire of Muslim woman covering all her body except her face and lower parts of a hand (palm and its back). It is unacceptable to show female beauty in public for Muslim woman except males whom she cannot get married because of kinship relations. It is necessary to cover all parts of a body except a face and lower parts of hands.

It is important to say that Alia often made references to the Quran (Surah 7 and 24), the hadith of as-Suyuti (the commentary of the 31st Ayah of the Surah 24), and commentaries of the Islamic scholars (ulama) as Ibn Abbas and Ibn Mas'ud about the hijab and veiling.

Dinara, 21 years old: My father first interested with Islam and persuaded me to wear the hijab. But I have the great interest to Islam too. I study a lot about Islam and the hijab is very important for Muslim women. Some Surah in the Quran and many ulama tell about necessity of the hijab for Muslim women.

The case with Dinara presents the different and complex aspects of social, family and personal relations between Islam and the secular majority in Kazakhstan. After wearing the hijab she impacted a great pressure in the university where she studied. Dinara was growing in the city and had many 'secular' friends who did not accept her new dress and hijab as well as some her classmates. Later she encountered with permanent rejections while seeking a job because of her hijab. At last she had to take the hijab off to find the job. When I met her later in the street wearing 'secular' dress, she told me that anyway she is a Muslim and she would wear hijab again when it would be possible for her. Her avatar in one social network represents a small girl in the pink hijab.

Nurlan, 21 years old: When you follow Islam, you should do it perfectly. Most people think that the hijab is old fashioned and out-of-dated. The mode and time are not significant at all here. Allah *orders* in the Holy Quran about wearing of the hijab. In the other words, it is necessary to cover female body from dirty people eyes. Wearing of the hijab is obligatory. Islamic and non-Islamic scholars confirmed the detriment if a woman does not wear the hijab.

It could be told that this male discourse represents some confident and ultimate tone. As above female responses Nurlan's opinion about hijab also based on the Holy Islamic texts and commentaries of the ulama. In the same time, his message would be characterized with stronger and more persistence features. He considers the hijab from positive and contrary positions for confirming his mind about mandatory of the hijab that strengthen his assertion. It could be told that this masculine discourse is more sustainable and firm in comparing of two previous females.

Abdullah, 32 years old: There is a Surah about veiling of a head and a body. Christians had the same but they forgot about it. Woman is beautiful. The hijab covers forehead, neck and other important parts of the body. Our society is prejudiced to the hijab. The hijab is very important for me.

The Abdullah's case is also interesting. He is a Korean converted into Islam three years ago. He characterized his previous life as *jahiliyyah* (non-Islamic practice) and regretted about it. He has chosen the pseudonym for his interview himself and asked to name him as Abdullah. It is clear too that he interprets the hijab on the Quran's Surah like the other interviewees. In addition, it is very important to note that his state-

ments about hijab is also stemmed on the binary opposition of Islamic (presence, using) and Christian (absence, forgetting) practices of veiling. It could be told that both male interpretations demonstrate more stable and steady masculine discourses according to the hijab. These gender relations support the Irving Goffman's inference that men do dominance and women do difference [10].

Summing all messages, it could be told that both female and male discourses about hijab based on the Islamic texts and commentaries of the Islamic scholars. All of them quoted and cited to the Quran towards the obligation of the hijab. Though many contemporary researches contest this position; there are seven words 'hijab' in the Quran but no mention about its obligation for all Muslim women. The hijab was related to the wives of the Prophet whose status was distinctive in early Islamic communities and all men arrived to the Prophet were special recommended about communication with them. The wives of the Prophet and Mary, mother of Jesus, were veiled according to the Quran [3, 6]. Also Mahmood mentioned about the veil (hijab) as a custom rather than a religious duty [3; 50–52].

The practice of the hijab in today Kazakhstan presents encounter of two different positions as secular and religious ones. The secular society often interprets the hijab as a way to get marriage for young women. I heard many stories about young Muslim women used the hijab in their personal purposes and manipulated with it. Most people do not trust to young Muslim women and assume that they use the hijab in their pragmatic targets. I did not see such intentions when I interviewed young Muslim women. On the contrary, I watched some experience of their religious subjectivity, some aspiration to follow to Islamic precepts, seeking of own morality in Islam, filling of own identity with some Islamic norms and rules which are eternal. It could be told that it is so close to «politics of piety» of Saba Mahmood. According to marriage, young Muslim women in Kazakhstan interpret family also under the religious values. They intend to have the Muslim family which is ideal and close to the God.

In addition, it is necessary to bear in our mind that «men factor» is also considered in the hijab's practice in present-days Kazakhstan. The male dominance and insistence could inflict to wear of the hijab by women.

From today perspective it could be told that the hijab is a new and alien tradition for the Kazakh culture and society (public and official view). From the other side (opinions of Muslims themselves), the hijab is some old and virtuous tradition emerged under influence of global Islam when the «Arabic style» became spreading among young Muslim women in Kazakhstan and worldwide. Is it possible to peace these opposite minds? What would be changed first? Could the secular majority soften its secular policy and accept some reconstructed Islamic practices? Or maybe Muslim women would take the hijab off?

Conclusion

The present period in Kazakhstan could be interpreted as some initiated stage of study in Islam. The phenomenon of the hijab could be also considered as a part of this process of studying. Young Muslims in Kazakhstan understand the hijab as a religious duty but not as a custom. The hijab's obligatory explained with the Quran, the hadiths, and ulama. This case demonstrates clearly some amalgamation of religion and different social practices. It would be interpreted that the religion embraces the custom while modern academic sources differentiate these two institutions [3, 6]. Such combination of the religious duty and the custom supports the above argument about opening stage of Islam's inquiry in present Muslim communities of Kazakhstan. It would be also told that Islam and the hijab perform as the knowledge and the part of religious identity of young Muslims in the country.

In the same time, it is important to note that the hijab does not belong to one cultural tradition as Kazakhstan's authorities declare during last years. The meaning of the hijab is broader and deeper presently. The hijab has many aspects, features and tissues. The hijab is not only some modern political construct of Islamic identity but also a symbol of the religious subjectivity based on modesty, piety, and decency of a woman. Reinterpreting the thoughts of Mahmood, Abu-Lughod and Kahf, the hijab could be defined as a personal choice of the woman besides some outside political and cultural manifestations. The young Muslim women in Kazakhstan confirm such statements.

Resuming the paper, I would suppose that the present debates around hijab in Kazakhstan elicit some collusions as well of the secular majority referred the hijab to another cultural tradition as of the young Muslims who sanctify the custom. In addition, it could be told that the hijab performs some diversity of the current social processes which became sophisticated and multivocal in present-days Kazakhstan.

Acknowledgements

I would like to express my gratitude to Dr. Ghadir Zannoun whose class on «Women and Islam» I took in the spring semester at the University of Kentucky of 2012. This class opened and intrigued me a lot with various issues about women in Islamic societies in the past and the present times and about hijab, in particular. Also I would like to thank the Faculty Development Fellowship Program of the Open Society Institute supported my scholarship at the University of Kentucky for 2011–2013.

References

- 1 Ahmed L. *Women and gender in Islam: historical roots of a modern debate*, New Haven, CT: Yale University Press, 1992, 296 p.
- 2 Ahmed L. *A quiet revolution: the veil's resurgence from the Middle East to America*, New Haven, CT: Yale University Press, 2011, 352 p.
- 3 Mahmood S. *Politics of piety: the Islamic revival and the feminist subject*, Princeton, NJ: Princeton University Press, 2005, 233 p.
- 4 Abu-Lughod L. *Do Muslim women really need saving? Anthropological reflections on cultural relativism and its others* // *American Anthropologist*, 2002, 104, 790 p.
- 5 Kahf M. *From her royal body the robe was removed. the blessing of the veil and the trauma of forced unveiling in the Middle East. In: The veil: women writers on its history, lore, and politics. Ed. By Jennifer Heath*, Berkeley, CA: University of California Press, 2008, 277 p.
- 6 Davary B. *Veil. In: The Quran: An encyclopedia. Ed. by Oliver Leaman*, New York, NY: Routledge, 2005, 800 p.
- 7 Sarna K. *Hijab. In: Encyclopedia of global religion. Mark Jurgensmeyer and Wade C. Roof (eds.), 1*, New York: SAGE, 2012, 764 p.
- 8 Asfendiyarov S. *History of Kazakhstan (from ancient times)*, Almaty: Ghylym, 1993, 285 p.
- 9 Leaman O. and Kecia A. (eds.) *Islam: The key concepts*, New York, NY: Routledge, 2008, 200 p.
- 10 Goffman I. *The nature of deference and demeanor. In: Interaction ritual*, New York: Anchor-Doubleday, 1967, 253 p.

Н.МЫҢҒЫШ

Посткеңестік Қазақстандағы хиджаб дискурстары: тарихи және қазіргі аспектілері

Мақала өзімен хиджабтың батыстық зерттеулер мен ислам феминисттерінің жұмыстарынан орын тапқан компаративтік талдауды және мұндай түсіндірулердің қазіргі Қазақстандағы хиджабтың посткеңестік дискурсына қалайша қолданылуын айқындайды. Соңғы жылдары Қазақстанда әйел денесін тұтастай жауып тұрудан ашық «араб стиліне» дейінгі хиджабты киюдің алуан түрлілігі байқалады. Сонымен қатар Батыс және Оңтүстік Қазақстанда орын алған экстремистік шабуылдардан кейін хиджаб билік дискурсы үшін дәстүрлі ислам идеясымен байланыстырылмайтын болған. Бұл мақаланың негізгі зерттеу сұрақтары келесі: хиджабтың батыстық және исламдық нарративтеріндегі қандай түсіндірулер Қазақстанға қолданыла алады? Хиджаб дискурсы посткеңестік Қазақстанда қалай құрылымдалады? Көпшілігі мұсылман аталатын орта азиялық еліндегі хиджабтың «атеизм дәуірінен» кейінгі мағынасы қандай? Қазіргі уақытта Қазақстандағы хиджабқа қатысты секулярлы және діни дискурстардың арасында қандай қатынас бар? Секулярлы көпшілік үшін және жас мұсылмандар үшін хиджаб нені білдіре алады? Хиджаб туралы жас мұсылмандар, әйелдер мен ер кісілер не деуде? Бұл зерттеу өзін мұсылманбыз деп анықтайтын екі ер кісі мен екі әйелдің сұхбаттарына негізделген.

Н.А.Мингишева

Дискурсы хиджаба в постсоветском Казахстане: исторические и современные аспекты

В статье представлен компаративный анализ интерпретаций хиджаба в западных исследованиях и работах исламских феминисток и того, каким образом данные интерпретации приложимы к постсоветскому дискурсу хиджаба в современном Казахстане. Отмечено, что в последние годы в Казахстане наблюдается разнообразие в ношении хиджаба — от полного покрытия женского тела до открытого «арабского стиля». Одновременно доказано, что после экстремистских атак в Западном и Южном Казахстане хиджаб перестает ассоциироваться с идеей традиционного ислама для властного дискурса. Определены основные исследовательские вопросы в данной работе: Какие интерпретации хиджаба в западном и исламском нарративе приложимы к Казахстану? Как дискурс хиджаба конструируется в постсоветском Казахстане? Каково значение хиджаба после «эры атеизма» в центральноазиатской стране с мусульманским большинством? Каковы отношения между секулярным и религиозным дискурсами в отношении хиджаба в Казахстане в настоящее время? Что может означать хиджаб для секулярного большинства и для молодых мусульман? Что говорят молодые мусульмане, женщины и мужчины о хиджабе? Данное исследование основано на интервью двух мужчин и двух женщин, идентифицирующих себя мусульманами.

ӘОЖ 94 (574) «19»

Ә.Б.Жағыпар

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: karakesek334@mail.ru)

Алаш арыстары идеясы — ЕСЕП партиясын құру

Мақалада Алаш ұранды ұлт қайраткерлерінің тәуелсіздік мұратында атқарған саяси және рухани еңбектерінің тарихи сабақтастық тұрғысынан тарихи санада жаңарып жаңғыруының жолдары ХХ ғасырдың 40-жылдары кеңестік кезеңде Қарағанды қаласында құрылған ЕСЕП — Елін сүйген ерлер партиясы негізінде қарастырылды. ЕСЕП өз кезегінде қалыптасу, даму, шарықтау кезеңдерін өткеріп, тарихи сабақтастық арқылы Алаш ұлт зиялыларының идеясынан туындаған Қарағандыда «Елін сүйген ерлер партиясы», Батыс Қазақстанда «Қазақ халқын қорғаушылар одағы», Мәскеудегі «Жас тұлпар», Керекудегі «Жас ұлан», Хасен Қожа-Ахмет құрмақ болған «Жас қазақ» секілді ұйымдармен жаңғырып және соңғы Желтоқсан көтерілісімен — Тәуелсіздікке қол жеткізу екендігі дәлелденді.

Кілт сөздер: Алаш партиясы, Алашорда, Алаш азаматы, Алаш идеясы, Елін сүйген ерлер партиясы, алаштану, Мәңгілік ел.

Кез келген өркениетті ел өз тарихының тамырын тереңнен іздестіреді. Тарихының бастауын ежелгі дәуірлерден тартқан мемлекет мызғымас саяси-идеологиялық сана қалыптастыра алатындықтан, онда ұлттық құндылықтар негізінде қоғамдық келісім және демократиялық өрлеу, нарық пен ғылым байланыстары дамиды. Сондықтанда ұлттың келешегі мен болашағы үшін өткенге бет бұру, одан сабақ алудың маңыздылығы ешқашан төмендеген емес.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін жариялағаннан кейін қазақ халқының бұрын «ақтаңдақ» болып келген тарихы қайта жазылып, сан алуан мәселелер заман талабына сай өзінің ғылыми бағасын беру үрдісі жүргізіліп жатыр. Әсіресе Қазақстанның ортағасырлық, жаңа және қазіргі заман тарихында орын алған көптеген мәселелер қайтадан қарастырылып, іргелі еңбектердің зерттеу нысанына алынды.

Қазақстан егемендігін алғанына, ел тәуелсіз болғанына 23 жыл толды. Осыдан жиырма үш жыл бұрын туған балалар — апталдай бозбала мен бойжеткен. Қазақстан Республикасының азаматтары мен азаматшалары «тәуелсіздік» сөзінің парқына үңіліп, таным-түйсігімен сезіне алып жүр ме? «Тәуелсіздікке біз қалай жеттік, оған жету жолында нендей әрекеттер, іс-қимылдар және кімдер құрбан болды?» деген өзекті сұрақ туындайды. Сондықтанда Қазақстан Республикасында қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе бақытымыз баянды, тәуелсіздігіміз ғұмырлы болуына орай, тарихтан

тағылым алған, ұлттық руханият қайнарынан қанып ішкен жас буын-жас ұрпақты тәрбиелеу мәңгілігіміздің мәңгілік мәселесі болып табылады. Бұл ретте тарих тағылымын санада жаңғырта отырып, ұрпақтар сабақтастығын қалпына келтіру үрдісі өзекті сипатқа ие. Ұрпақтар сабақтастығы ең бірінші кезекте кешегі «Алаш» ұранды ұлт зиялыларының қазақ мемлекеттігін қалпына келтірудегі тарихи ерен еңбегін бүгінгі отандық тәлім-тәрбие өзегіне айналдыру деп білеміз. Бізге отаншыл терең білімді зияткер жастар керек. Ал, олардың бойтұмар етіп ұстанар тұлғалары Алаш ұранды арыстар идеясы болса, туған отанымыз — Қазақстанның рухани және экономикалық өркендеуі жаңа сапалы өреге шығарына сенімдіміз. Біздер үлгі-өнеге алатын алдыңғы толқын ағалардың кешегі тоталитарлық жүйе қысымындағы азаматтық ерліктері, елдік жолындағы қызметтері өшпес өнеге.

Мақаламыздың басында қойған сұрағымызға жауап қарастырсақ: «Тәуелсіздік — мемлекеттің өз саясатын өз еркімен жүргізуге қабілеттілігі. Тәуелсіздіктің нышандары ретінде мемлекеттің әлемдік қауымдастық мойындаған аумағының болуы, сол аумақты басқаратын мемлекеттік биліктің болуы, елдікті нақыштаған әнұран, тудың және елтаңбаның болуын атауға болады. Саяси тәуелсіздікті экономикалық тәуелсіздікпен ұштастырмайынша, толыққанды тәуелсіздікке жол жоқ», — деген анықтамадан шығатын қорытынды адам баласы бостандықта, ешкімге кіріптар болмай, өз несібесімен, өзіне қолайлы жағдаятын жасап өмір сүру [1]. Ежелгі дәуірдегі Тұмар ханшайым, Шырақ батыр, атақты Атилладан бастау алатын азаттық жолы әр ғасырда өзінше түрленіп отырды. Тәуелсіздікке жету жолында қаншама бабаларымыз құрбан, егеменді ел боламыз деп жандарын қиды. Азаттық аңсаған, армандап өткен арыстарымыздың саны шексіз. Тарихтан бізге мәлім, Әбілқайыр ханның елшілігі 1731 жылы Ресей империясының патшайымы Анна Иоановнаға бодан болуға келіскені. Осы тарихи құжаттан бастап, ешқашан біреудің кіріптары болып көрмеген қазақ халқына бодандықтың қыл бұрауы мойнына тағылды. Өміріміз жақсылық пен жамандықтан құралғандықтан, әр істің де екі жағы болады. XVIII ғасырда қазақ халқының басына түскен нәубәт кезеңдеріне қысқаша жолу жасасақ, оңтүстік-шығыста «арыстанша ақырған» жоңғарлар, шығыста «аюша ырылдаған» Қытай, оңтүстікте «қасқырша ұлыған» Азия хандықтары, солтүстікте «жолбарысша атылғалы» тұрған Орыс империясы жан-жақтан қысым көрсетті. Халық қамын әріден ойлаған Әбілқайыр хан бастаған Кіші жүз сұлтандары мен жайсандары бодан болу арқылы қазақ халқын аман-есен оттан арашалап алып қалу мақсатын ұстанды. Бірақ бодандықтың қамыты мықты байланып, 300 жылға жуық уақыттан кейін күрмеуі шешілді. Егемен, тәуелсіз ел боламыз деп, 300 жылға жуық аралықтың ішінде әр жылда, әр жерде толассыз, тоқтамай ашық та, жасырын да, отаршылдыққа бағытталған көтерілістер болды. Өйткені бұл заңдылық еді, қазақ халқының түп тамырына қарасақ, ең далада еркін өскен, бодан болып көрмеген. XVIII ғасырдың өзінде бодандыққа қарсылықты қазақтың ұлы Абылай ханымыздың қайтсе де елді аман алып қалу саясатынан және ғасыр аяғындағы батырымыз Сырым Датұлы көтерілісінен көреміз. XIX ғасырда батырларымыз бен бағландарымыз бодандыққа қарсы атқа мінді. Бәрін айту мүмкін емес, қазақтың соңғы ханы Кенесары хан, Исатай мен Махамбет батырларымыз және ғасыр ортасына қарай қарт Жанқожа батырларымыз қарсы көтерілді. XX ғасырда әлем өзгеріп, заманға сай адамдарда өзгерді. Ғасыр басы әлемде қанды қырғын соғыспен басталды. «Екі түйе сүйкенсе, ортасында шыбын өледі» демекші, соғыс әсері қазақ халқына да тиді. Майдан даласындағы тыл жұмысына бұратана халықтан 19–43 жас арасындағы ер азамат алына бастады. Құнарлы жерінен, шұрайлы көлінен айырылған қазақ, енді азаматтарынан тірідей айырылуға көнбей, отаршылдыққа қарсы әр жерде көтерілістер басталды. Ірі орталықтары Торғай мен Жетісу болып, басшылары қазақ батырлары Әбдіғаппар Жанбосынов пен Амангелді Имановтар болды. Заманына сай мұздай қаруланған Ресей империясының әскері көтерілісті басып, халықты қырғынға ұшыратты. Осы кезеңде қарудың күшін ғылым мен білім орнын алмастырған қазақ зиялылар шоғыры тарих сахнасына шықты. Әлемдік империалистік мемлекеттердің қулық ойларын алыстан түсінген, зиялы қауым өкілдері қазақ халқын оқу оқып, білім іздеуге, өнер үйренуге бір сөзбен — көкірегі ояу, көзі ашық болуға шақырды. Ұлт зиялылары мұсылманшыл түркі жәдитшілдігімен толық сабақтастық таба білді. Ойларын іске асыру үшін, жеке партия және оның өз органы — газет, журналы болды. Әр партияның мүшелері, ұлт зиялылары пікірлері әр түрлі болғанымен, бәрінің алдына қойған көксеген ой — арманы мен мақсаты біреу-ақ — егеменді ел болып, тәуелсіздікке жету. Солардың ішінен айрықша көзге түскені Алаш партиясы болды. «Алаш» партиясы 1917 жылы 21–26 шілдеде Орынбор қаласында Жалпықазақтың съезінде құрылды [2; 999]. «Алаш мұрасы» сериясын жарыққа шығарушы авторлар ұжымы «Алаш» терминіне: «Алаш (ежелгі түрік сөзі — *бауырластар, қандастар, туыстар*) — көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым. Орта ғасырлық және одан ерте

кезеңдегі деректерде қазақтың өз алдына ел болып хандық құрғанға дейінгі ежелгі тайпалардың ортақ атауы. «Алаш» сөзі қазақ атауының баламасы ретінде берілген. «Атамыз — Алаш, керегеміз — ағаш» деген қазақ халқы ұлттық тәуелсіздік жолындағы күресінде ежелгі «Алаш» ұғымына қайта оралып, оны бостандық пен бірліктің ұраны етіп алды. Соның дәлелі ретінде «Алаш қозғалысы», «Алашорда», «Алаш» деген ұғымдарды атауға болады. «Алаш азаматы» деу қазақ халқының ауыз бірлігіне, елдің, жердің тұтастығына мегзейді», — деген анықтама береді [3]. Ата-баба арманы үзілмей жеткен Алаш ұранды ел тұтқаларының дала даналарының елдік идеясын XX ғасыр басында Алаш қайраткерлері дамытты. Оның да өзіндік заңдылықтары бар, «Мәңгілік ел» идеясы қазақтың киелі жері Алтайда көтерілді. Алаштанудың негізін қалаушылардың бірі, ғалым Мәмбет Қойгелді: «Алаш идеясы бұл қазақ халқының күнделікті тыныс-тіршілігінен бастау алады», деп ой түйіп, Алаш идеясының қайнарын: «Алаш идеясы бұл белгілі бір топтың еркімен өмірге келе салған жасанды, сондықтан да өткінші құбылыс емес. Ол ұлтпен бірге өмір сүретін, ұлт өмірінен тамыр алған құндылықтар жиынтығы, яғни ол қазақ ұлтының түрлі тарихи кезеңдерде өмірлік мүддесін білдіріп отыратын манифест бағдарлама. Алаш идеясын өмірден біржола ығыстырып тастауға көп күш жұмсаған кеңестік билік өмірден кете салысымен Алаш идеясының қайта жаңғырып, жаңадан күш алуы оның өміршеңдік сипатын анықтайды» деген жолдардан тарихи сабақтастықтың үзілмегенін көреміз [4; 4]. Төлепберген Болатбек Алаш идеясын XX ғ. басында ту етіп ұстағандар мен жалғастырушылар хақында: «Мұқым Алашқа ұран болған Алаш идеясы — ақыл тоқтатқан аға буынның бастауымен ерте есейген жас ұрпақтың жалғастыруымен тағылымы бүгінге сабақ боларлық салмақты да жасампаз идея», — деп ой қорытады [4; 13, 14].

Алаш партиясының заңды мұрагері, Қазақтың тұңғыш ұлттық мемлекеті 1917 жылы желтоқсанның 5–13 күндері аралығында Орынбор қаласында жалпықазақтың II Съезі Алашорда ұлттық үкіметі құрылып, жабық дауыс беру нәтижесінде Әлихан Бөкейхан — Ұлт Кеңесінің Төрағасы болып сайланды [2; 329–333]. Осы Алаш партиясы жайында Ханкелді Әбжанов: «Торлаған тұманнан жол таппай тұрған халқын өрге сүйреген күш Алаш қозғалысы еді. Саяси мәдениеті әлемдік деңгейге көтерілген, кәсіби даярлығы заманының сұранысына сай, адамгершілік-имандық қасиеттері ұлы даланың сан ғасырлық құндылықтарымен суғарылған Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Тынышбаев, Ж.Ақпаев, М.Шоқай, Б.Қаратаев сынды дүлдүлдер бастапқыда осынау қозғалыстың тұлғалық-интеллектуалдық әлеуетін сомдаса, іле-шала Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Т.Рысқұлов, С.Сәдуақасов, М.Әуезов, Ж.Аймауытов, С.Лапин, тағы басқалар әрлендірді. Қ.Кемеңгерұлының 20-шы жылдар басында Ә.Бөкейханды білімімен Еуропаның таңдамалы оқымыстыларына тең түсіп құрдас болған деуінде тарихи шындық бар. Әлекеңдер мен Ахандардың сарқытын ішкен М.Әуезов, көзін көрген С.Сейфуллин кейінде бірі әлем әдебиеті классиктері қатарынан орын алса, екіншісі қазақ әдебиетіндегі социалистік реализм тәсілінің негізін қалаушы ретінде тарихқа енді. Біз бұл жерде саяси және таптық ұстанымдары әр қилы азаматтарды бір қауымға бекер топтастырып отырған жоқпыз. Өңгіме олардың бәрі ұлтшыл, ұлтжанды, ұлты үшін білімі мен білігін, күш-қуатын жұмсағанында, тіпті құрбандыққа барғанында», — дейді [5]. Осы ойдан түйетініміз, алып орыс империализміне халқымызға тән батырлық пен ерлікке сай, қазақ ұлтына деген шексіз махаббаттың арқасында қасқайып қарсы шықты. Алаш зиялыларының алдыңғы және кейінгі буынының ойлаған ойы, іске асырамын деген армандары үзілмей жеткен тарихи сабақтастық арқылы Қарағандыда «Елін сүйген ерлер партиясы», Батыс Қазақстанда «Қазақ халқын қорғаушылар одағы», Мәскеудегі «Жас тұлпар», Керекудегі «Жас ұлан», Хасен Қожа-Ахмет құрмақ болған «Жас қазақ» секілді ұйымдармен жаңғырып және соңғы Желтоқсан көтерілісінің қылмысымен асқақтады.

Алаш идеясы үшін күресті кеңестік билік жағдайында жалғастырған қоғамдық ұйымдар мен жеке азаматтардың қызметі арқасында Тәуелсіздікке жетудің жолдары жатыр. Қазақстан Республикасының мұрағат құжаттарын сараласақ, XX ғ. 30-жылдардың аяғы мен XX ғ. 90-жылдардың аралығында жастардың, соның ішінде жоғары оқу орындарының студенттері мен мектеп оқушыларының Алаш идеясын ту етіп көтеру ниеттерін көреміз. Іс-қимылдарын ресми тіркелмеген саяси-қоғамдық ұйымдар мен топ және партиялар құрып мақсаттарын жүзеге асыруға талаптанған. Негізін XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының шығармаларымен танысу арқылы өз бойларына дарытқан. Кеңестік қатал жүйе тұсында оқылуға тыйым салынған ұлт зиялы қауымның шығармаларымен жүздесу сәттерін сыйлаған ұлт болашағын ойлаған оқытушылар қуғын-сүргіннің шет жағасын білсе де жасырын түрде бағыт-бағдарлардың беріп отырғанын көруімізге болады. Сөзіміз дәйекті болуы үшін, бір ғана Қарағанды өңірінде XX ғ. 40-жылдардың басында

Қарағандыдағы екі жылдық мұғалімдер институтына түскен студенттердің «ЕСЕП — Елін сүйген ерлер партиясын» мысал етіп алсақ та жетеді. Дана халқымыз: «Ұстазы жақсының — ұстамы жақсы», — деп бекер айтпаған. Өзінің ізденімпаздығы және ұстазының жеке кітап қорынан Алаш көсемдерінің бұрын көрмеген, оқымаған кітаптарымен танысты. Ол кітаптар Ахмет Байтұрсыновтың «Маса», «Қырық мысал», Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» және Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті», 1-бөлім, «Ұлтшылдық дәуірі» («Қазақстан» баспасы, 1932, Қызылорда) латын әрпімен шыққан кітабы. Аталған кітаптарды, оқуға тыйым салынған оқулықтарды студенттерге тараттың деген жала Айтбай Нәрешовтың алдынан шығып, азап шеккен азаматтар қатарына қосылды [6; 4]. Осы кітаптарды оқып шыққаннан кейін халықтың нағыз досы Алаш партиясы екеніне толық сенгендері жайында Махмет Темірұлы: «Алдағы уақытта сол Алаш азаматтарының жолын қуып, туған еліміздің азаттығы, бостандығы үшін күресуге бел будық», — дейді [7; 6]. Осыдан шығатын қорытынды, біздің жыл санауымызға дейінгі және онан кейінгі уақыт аралығында тарихтың бұрқанған от-дауылдарында жеңін — жастық, етегін төсек етіп, тіршілік етіп келе жатқан халық деген жарықтық тумасында бостандыққа құштар, еркіндікке ғашық. «Еңкейгенге — еңкей, ол әкеңнің құлы емес, шалқайғанға — шалқай, ол құдайдың ұлы емес», — дейтін қазақ халқының даналығында да көшпелі жұрттың көп ғасырлық тәжірибиесінен туындаған әлсізді жәбірлемейтін күштіге көңісі келмейтін кекесінді ойы тұнып жатқан жоқ па?

1937–1938 жылдары жаппай ұлт зиялыларын репрессияға ұшыратқаннан кейін, бір партиялық жүйемен қабаттаса, ұлттық тәуелсіздікті армандаған, ЕСЕП партиясының болғандығын ҚР ҰҚК құжаттарында: «...Искаков и Темиров в период учебы в Нуринской средней школе, а затем в 1940–1942 годах в Карагандинском учительском институте создали антисоветскую националистическую организацию «ЕСЕП» (партия героев, любящих Родину), которая своей задачей ставила отторжение Казахстана и республики Средней Азии от Советского Союза и создания на их территории буржуазного государства; проводили среди казахской молодежи антисоветскую агитацию, читали контрреволюционную литературу», — деп көрсетіледі [8]. Осы құжаттарды саралап, ЕСЕП партиясы тарихын төрт кезеңде бөліп қарастырғанды жөн деп білеміз:

- 1) қалыптасу кезеңі — 1940–1942 жылдары;
- 2) даму кезеңі — 1944–1951 жылдары;
- 3) шарықтау кезеңі — 1960–1964 жылдары;
- 4) тарихи сабақтастық кезеңі — тәуелсіздікке қол жеткізу.

Бірінші, қалыптасу кезеңі, 1940–1942 жылдары қайнар көзін Алаш идеясынан алған, Қарағанды облысы Нұра ауданының Казгородок (қазіргі Кертінді) ауылындағы орта мектепті бітіріп келген бір топ оқушы Қарағандыдағы екі жылдық Мұғалімдер институтына түскен студенттерден басталады [6; 6]. Бүркіт Ысқақов ел өмірінің ащы шындықтарын көзімен көріп, көкірегімен ой түйіп жүрген 17 жасар жасөспірім, осы институтта қазақ әдебиетінің аға оқытушысы А.Нәрешевтен тәлім алуы ой өрісінің жетіліп толығуына әкелді. Айтбай Нәрешов басшылығымен құрылған «Жас қалам» үйірмесіне Бүркіт Ысқақов көмекші болды. Үйірмеде жүрген кезінде Алаш қайраткерлерінің, оның ішінде Ахмет Байтұрсыновтың «Маса», «Қырық мысал», Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» және Сәбит Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті», 1-бөлім, «Ұлтшылдық дәуірі» («Қазақстан» баспасы, 1932, Қызылорда) латын әрпімен шыққан кітаптарын үйірмеге әкеп бірге талдайтын. Мысалға, Ахмет Байтұрсынұлының:

*Қазағым елім,
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып.
Талауда малың,
Қамауда жаның,
Аш көзіңді, оянып!
Қанған жоқ па әлі ұйқың,
Ұйықтайтын бар не сиқың?! —*

деген өлеңдерді оқып халықтың нағыз досы Алаш партиясы сияқты өз еліне қызмет ететін партияның керек екенін түйсінеді. Саналы да арлы жастардың көкейлерінде «біз келешекте не істеуіміз керек?» деген сұрақ мазалайды. Оған жауапты Мағжан Жұмабаевтың:

*Кене мен Абылайдың жолын құмай.
Жапанда жайылудың мәні қалай?! —*

деген өлең жолдарынан табады. Өздерінің келешекте қазақ халқының азаттығы, тәуелсіздігі үшін күрескен Абылай мен Кене хандардың жолын қууға бел байласады [9]. Суырып салма ақындығы мен қайсарлығын мына естеліктен көреміз: «Тарих сабағының мұғалімі Қабзәкір Байтасов студенттерден карта алдында сабақ сұрайды. Кезек Бүркітке келеді, мұғалім оған күлімдеп: «Сен, шын ақын болсаң, осы картаға қарап тұрып, көп ойланбастан бір ауыз өлең шығарып жіберші», — дейді. Сонда ол комданған бүркітше ширыға түсті де, көп ойланбастан: «Уа, Азия, ұлысың, Ұлылығың құрысын. Құрысын демей не дейін, Еуропаның құлысың», — дегенде мұғалім де, тындап отырған біздер де Бүркіттің ақындық алғырлығына өте риза болып, сүйсініп қалдық», — дейді [10; 34].

ЕСЕП партиясының белді мүшесі Махмет Темірұлы: «1941 жылдың бас кезінде «ЕСЕП» партиясы дүниеге келді», — дейді [10; 36]. Бүркіт Ысқақов (негізін қалаушы), Махмет Теміров (орынбасары), Елеш Бимағанбетов, Дәкен Шалабеков, Аманжол Дүйсенбаев, Әшім Сүлейменов, Жанайдар Әубәкіров — бұлар институтта оқып жүрген студенттер. Ауылдағы пікірлес достары және партия мүшелері: Рақыш Бұйрабеков, Кәмәли Рахметов, Қажыкен Тінтаев, Аққошқар Мұқанов, Байдалы Боқаев, Ақаш Мұқанов, Балапан Сәкібаев, Орынбай Сауқанов, Сайдалы Кенжебаев (Мақуов кейіннен). Тарих факультетінің студенттері де пікірлес болған, олар Нұркенов Ахметжан, Сейітов Қайлеш, Аманбаев Мұқаш, Әубәкіров Хайриден. Институтта Бүркітпен жақсы достардың бірі Жаппар Өмірбеков және ерекше тілектестері Оңайбек Құдышұлы, Орынбай Айтмағанбетов. Құптаушылар сол кездегі жалғыз Жамбыл атындағы қазақ мектебі оқушылары да болды. Мектепке барып Алаш ақындарының өлеңдерін оқып, жырмен сусындандыратын оқушыларды. Мақсаты — тәуелсіз ел болу, міндеті — жастарды ұлттық рухта тәрбиелеу. Мақсатқа жету үшін, міндетін іске асыру үшін өз бағдарламасы мен заңдарын құрды. Бағдарламасын қорытындылап айтар болсақ: «отарлық бұғаудан босану; азаттық алу үшін күресу; саяси жағдайды алдын ала бағамдай білген, коммунизмге зор қауіптің төніп келе жатқанын, КСРО талқандалса қолайлы жағдайды пайдалану; жастардың ұлттық ой-санасын ояту; туған халқының мүддесі мен намысы үшін жан аямай күресу; келешекте көздегендері халықтық мемлекет; Қазақстанда тұратын, туып өскен, туған жерін сүйетін халыққа арқа сүйейді; отарлық бұғаудағы халықтармен одақтасу; түбі бір түркі елімен ынтымақтасу; дін Исламды ұстанған халықтармен бірігуге талпыну; коммунистік жүйе құрсауындағы елдерді қолдауға шақыру; «ЕСЕП» партиясының төңірегіне жиналындар. Туған жер, туған халқын үшін жан пида!» [11]. Қазақ жастарының санасына осы айтылғандарды сіндіруге, біріншіден, әкімшіл-әміршіл жүйе кедергі жасаса, екіншіден, империалистік мемлекеттердің әлемді бөлісу саясатынан тұтанған Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуы «ЕСЕП»-тің кең таралуына мүмкіндік бермеді.

Екінші даму кезеңі, 1944–1951 жылдары ұлттық тәуелсіздік үшін жүргізілген үгіт-насихат нәтижесіз болмады. Оның дәлелі, әділетсіз қоғамға қарсылық кейінгі буыннан қолдау тапқанын: «1944 жылдың тамыз-қазан айларында өмірге әлі келмеген «Елін сүйген ерлер партиясы» (ЕСЕП) партиясының белсенділері ретінде «Советтік Қарағанды» газетінің қызметкері Бейсембай Жақсылықов, облыстық драма театрында істейтін Зейнолла Әбілдин, Жамбыл Рүстемов, «Социалистік Қазақстан» газетінің Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі Жаппар Өмірбеков Қарағанды облыстық ішкі істер (НКВД), мемлекеттік қауіпсіздік (КГБ) басқармалары тарапынан тұтқындалады», — деп көрсетіледі [12; 411]. Автор Әбдіжаппар Әбдәкімұлы айтқандай, өмірге әлі келмеген емес, ұлттық қауіпсіздік құжаттарынан және ЕСЕП партиясының құрылу кезеңінде: «институтта Бүркітпен жақсы достардың бірі Жаппар Өмірбеков» — деген жолдардан көргеніміздей, ЕСЕП партиясының даму кезеңі екенін көреміз. Осы айтылғандарға қосымша, жеке қордағы ҚазКСР Орталық Атқару Халық Комиссарияты Қарағанды облысы, Тельман ауданының халық бөлімінің, Токаревка ауылында 25.09.1944 жылы № 404 анықтамасы құжатында: «Өмірбеков Ж. 15.08.1942–28.03.1943 жылдар аралығында Ақтөбе орта мектебінің оқу ісінің меңгерушісі, 28.03.1943 жылдан Елтай орта мектебінің директоры, 20.08.1944 жылы жұмысынан басқа жұмысқа ауысуына байланысты босатылды», — деп нақтылайды. Анықтама айтылған жағдайдың кету себебі, жасөспірім емес жиырма төрт жасқа аяқ басып, ақыл тоқтатқан жас жігіт директорлық қызметінен өзінің көп ұзамай істеп жүрген істерінің әшкереленетінін біліп өз еркімен қызметінен кетуі де мүмкін. Осылай қорытынды жасауымызға, Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан уақытта, мамандардың тапшылығы айқын сезіліп тұрған кезде директорлық қызметтен босату сол мезгілде мүмкін емес болатын. Қазақ КСР Жоғарғы Соты 24 желтоқсан 1956 жылғы шығыс нөмері — 22/ очзо н анықтамасы құжатында: «Омирбеков Жаппар Ералиевич 04.06.1945 жылы ұлттық Ішкі істер комитетінің қарамағындағы Ерекше мәслихаттың (Особое совещание, қысқаша — ОСО) Қаулысымен сотталған. ҚазКСР Жоғарғы Соты Қылмысты істер жөніндегі Коллегиясының 20 желтоқсан 1956 жылы әрекетінде

қылмыс құрамы болмағандықтан, қозғалған іс қысқарады», — деп қорытындыланған. 14.04.1993 және 30.11.2000 жылғы толықтырулармен «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша Жаппар Өмірбекұлының құқы қалпына келтірілді [13]. Қалған бірге ұсталған азаматтардың тағдыр тәлкегін: Ерекше мәслихаттың Қаулысымен Б.Жақсылықов пен З.Әбілдин РСФСР Қылмыстық кодексі 58-ші бабының 10 және 11-ші тармақтарына сәйкес жазаланған. Жазаларын Колыманың Верховянск деген ең суық нүктесінен 120 шақырымда орналасқан Худан Кен барлау басқармасында 50–70 градусық аязға төтеп беріп он жыл өмірлерін еңбек пен түзеу лагерлерінде өткізген», — дейді [12; 411]. Тоталитарлық жүйе құрсауынан ұлттық көзқараспен шыққысы келген ойлы азаматтарды отап отырды.

1950 жылы 26 желтоқсанда «Правда» газетінде Т.Шойынбаев, Х.Айдарова, А.Якуиндердің «Қазақстан тарихы мәселелерін марксистік-лениндік тұрғыдан баяндайық» деген мақаласының жариялануы кезекті қуғын-сүргіннің басталуына себеп болды. «ЕСЕП» партиясының мүшелері Алматыда жүрген кездерінде де бастаған істерін тастамай жалғастыруда болады. Аса сақтықпен жастардағы ұлттық рухты дамытуы жайлы: «...Ысқақов пен Теміров Ұлы Отан соғысы біткеннен кейін заңға қарсы қарым-қатынастарын қалпына келтіріп, 1950 жылы Алматы педагогикалық институтының студенттері Қалиев, Азанбаев және Аманқұловтарды өз топтарына тартқан», — деп түйінделген [8]. Ұлтжанды азамат Бүркіт Ысқақов өзінің «ЕСЕП» партиясы мүшелерімен ақылдаса келе, Е.Бекмахановты қолдап, Кенесары қозғалысын отаршылдыққа қарсы бағытталған күрес екенін дәлелдеп жауап хатты «Правда» газетінің өзіне жазуға келіседі. Сол кездегі үш адамның бірі МКҚ-нің астыртын жансыз адамдары болатын. Сондықтан Бүркіт Ысқақов 1951 жылдың 18 қаңтарында «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің жауапты хатшысы қызметінде, жұмыста отырған жерінен қауіпсіздік қызметінің адамдары тұтқындайды. Бостандықта қалған «ЕСЕП» партиясы мүшелерін Махмет Теміров, Нарешев Айтбай, Нарешев Рамазан, Қалиев Жакен, Азанбаев Мұстахим, Аманқұлов Адырбектерді бірінен кейін бірін ұлттық қауіпсіздік қызметкерлері тұтқындайды [8]. Тергеу алты айға созылып, Қазақ КСР Жоғарғы Сотының Қылмысты істер Жөніндегі Коллегиясының 1951 жылғы 14–15 маусымдағы үкімі бойынша РСФСР Қылмысты істер кодексінің 58–10, 58–11-баптарының 2-тармағымен айыпталып, Бүркіт Ысқақов, Махмет Теміров, Нарешев Айтбай 25 жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға кесіліп, оған қосымша 5 жылға азаматтық құқығынан айырылады. Нарешев Рамазан, Қалиев Жакен, Азанбаев Мұстахим 10 жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға кесіліп, оған қосымша 4 жылға азаматтық құқығынан айырылады. Аманқұлов Адырбек 8 жыл мерзімге бас бостандығынан айыруға кесіліп, оған қосымша 3 жылға азаматтық құқығынан айырылады [8]. Махмет Теміров пен Нарешев Айтбайды Сиблагқа — Иркутск облысына айдауға жіберсе, қалған бесеуін Бүркіт Ысқақов, Нарешев Рамазан, Қалиев Жакен, Азанбаев Мұстахим, Аманқұлов Адырбектерді 1948 жылы Жезқазған өңірінде, басқармасы Кеңгір елді мекенінде құрылған «Степлаг» лагерінде тұтқында өмірлері өтті [10; 88]. Осы жылдары «Үкіметке қарсы үгіт жүргізгендер», «Отанына опасыздық жасағандар» деп аталатын 58 баптың 10–11 тармағы бойынша немесе «үштіктің» бұйрығымен азапталған тұлғаларымыз қаншама еді. 1956 жылдың атақты, аты шулы XX съезд жеке басқа табынуды әшкерелеуі, Коммунистік партияның саясатына оң өзгерістер енгізді, ұлт зиялыларына оң әсерін тигізді. КСРО Жоғарғы Соты Қылмысты істер жөніндегі Коллегиясының 1956 жылғы 17 қарашадағы Қаулысы бойынша Бүркіт Ысқақов бастаған «ЕСЕП» партиясы мүшелері толық ақталып, партиялықтары қалпына келтірілді. 14.04.1993 жылғы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша «ЕСЕП» партиясы мүшелері құқықтары қалпына келтірілген [8].

Үшінші шарықтау кезеңі, 1960–1964 жылдары «ЕСЕП» партиясының идеясы жанданып, жоғары оқу орындарында кеңестік өкіметке қарсы үндеулер мен ұран-парақшалар шыға бастады. Осы жылдардағы қарсылық туралы, мұрағат құжаты №12-іс айыптау қорытындысының деректерінде, ұйымдастырушылары Зейнолла Игіліков пен Кәмел Жүнісов. Олар 1961 жылдың қаңтарында кездесіп, өздерінің антикеңестік ойларымен бөліседі, олардың ішінде жүргізіліп отырған саясатты, орыс коммунистерінің бел алуы, қазақ тілі мен мәдениетінің жоғалуы және т.б. 1961 жылдың наурызында өздерінің ойларын жазбаша түрде жоғары оқу орындарындағы жастарға жеткізуді көздеген. 1961 жылдың сәуір айының екінші жартысында Игіліков жазып, Жүнісов құптап, «Жас қазақ» атымен редакциялаған. 1961 жылдың 22 сәуірінде Шет аудандық тұтынушылар одағында хатшы Рымкеш Нұртазинамен жақындықтарын пайдалану арқылы 14 данамен жазу машинкасында жоғарыдағы құжатты көбейткен. 1 Мамырда 10 парақты Ақшатау кентіндегі поштамен Қазақстанның түрлі жоғары оқу орнындарына жіберген. Өздері тұратын Ақсу-Аюлыны

біліп қоймас үшін, із адастыру үшін жасаған. Бұл хаттармен Орал және Қызылорданың мұғалімдік институттарында, Алматының шаруашылық және Киров атындағы Қазақ ұлттық институттарында жоғары оқу орындарының студенттерінің көп бөлігі танысқан. Бірақ 1962 жылдың 10 желтоқсанында Зейнолла Игілікөвты, ал 1962 жылдың 17 желтоқсанында Кәмел Жүнісовты тұтқындайды. № 12 — қылмыстық істің айыпталушылары З.Игілікөв және К.Жүнісов Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 56-бабының 1-тармағы мен 58-бабы бойынша тағылған айыпқа байланысты өздерінің кінәлерін толық мойындады. Айыптау қорытындысы Қарағанды қаласында 8 наурыз 1963 жыл дайындалды. Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Қарағанды облыстық басқармасындағы тергеу бөлімінің аға тергеушісі мен Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Қарағанды облыстық басқармасының бастығымен келісілген», қысқаша нұсқасы осындай [14; 160–161]. ЕСЕРП партиясының шарықтау кезеңіндегі хаттарды жоғары оқу орындарына таратуынан барлық қазақ елін қамтуға тырысқанын көреміз. Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы мен өз Ата заңы бола тұра, ұйықтап жатқан қазақ елін жаппай ояту мақсатын сеземіз. Іске байланысты 1963 жылы 18–19 наурызда ашық түрде Қазақ КСР атымен, Қарағанды облыстық соты үкім шығарып, бұйырады: «К.Жүнісов және З.Игілікөв Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 56-бабының 1-тармағы мен 58-бабы бойынша 3 жылға бас бостандығынан айырылады. Еңбек пен түзеу лагерінде күшейтілген тәртіпте Игілікөв Зейнолла, жалпы тәртіпте Жүнісов Кәмел болуы тиіс», — деп бекітіледі. Потьма еңбекпен түзеу лагерінде жазаларын өткереді. Зейнолла Игілікұлы Потьма еңбекпен түзеу лагерінің № 11 лагерлік бөлімшесінен 1965 жылы 10 желтоқсанда босатылады. ҚР Бас Прокуратурасы 07.05.1993 жылғы № 13/396–93 бұйрығымен Жезқазған облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы совхозының тұрғыны Зейнолла Игілікұлының құқы қалпына келтіріледі [14; 162]. Кәмел Жүністеігі Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қудалаудан құтылып, құқы қалпына келтірілген [15].

Зейнолла Игілікұлы мен Кәмел Жүністеігінің «Жас қазақ» атымен редакциялаған хаттарының әсері Қарағандыдағы жоғары оқу орындарының да студенттерінің арасынан қолдау тапты. Оған мысал ретінде, Қарағанды педагогикалық институты, тарих-филология факультеті, қатысушылар физика-математика факультеті мен нақты ғылымдар факультеттерінің комсомол активтерімен 8 мамыр 1964 жылы өткен жабық комсомол жиналысында қаралған күннің мәселесі студент-комсомолдар Омарбеков Мақсым, Сауғабаев Кәрім, Әдікәрімов Совет, Спаин Аманжолдардың жеке істері қаралады. Істі қарау барысында Кәрім Сауғабаевқа: «Жүнісовтың соты болған кезде сіз неге өзгелерден ерекше көп «Тоқтат енді» деп неге айқайға бастың. Бұл жағдайды сотпен келіскеушілігіңді қалай түсіндіресің?», — деген сұрақтар қойылған. Аманжол Спаинға сөз кезегі берілгенде 1961 жылы бірінші курста оқып жүрген кезде Ақбастаудан хат келгенін айтады. Осы екі мысалды талдағанда ЕСЕРП партиясының жастарға жүргізген үгіт-насихатының жемісі және жоғары оқу орындарында оқып жүрген жастардың санасына ұлттық рухты себуі нәтижелі болды. Істің шешімі Мақсым Омарбеков пен Кәрім Сауғабаевты БЛКЖ Одағынан (ВЛКСМ) және оқудан шығарылды. 4 курс студенті Әдікәрімов Советті БЛКЖ Одағынан шығару және Спаин Аманжолға жеке ісіне кіргізумен қатаң түрде ескерту берілді. Студенттер Омарбеков Мақсым, Сауғабаев Кәрім соңғы бітіретін курстан 1964 жылы оқудан қуылған, өйткені Елін сүйген ерлер партиясының идеясын жандандырған «Жас қазақ» ұйымын құрған деген айып тағылады [16].

Төртінші тарихи сабақтастық кезеңі — Тәуелсіздікке қол жеткізу. ЕСЕРП (Елін сүйген ерлер партиясы) партиясында болған азаматтардың фотосуреттері мен құжаттары Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану мұражай экспозициясында ашылған «XX ғасырдың 30–50-жылдарындағы Қазақ зиялыларының тағдыры» залына қойылған. Осы ойымызды Махмет Темірұлының сөзімен сабақтастырсак: «Бірақ еркіндік, дербестік жолындағы ұлы қозғалыс қазақ халқының, хандары мен билерінің, батырлары мен бағландарының ел қорғаған жорықтары мен шайқастарынан, ұлт-азаттық күрестерден, Алаш идеясынан, содан туындаған «ЕСЕРП», Мәскеудегі «Жас тұлпар», Керекудегі «Жас ұлан», Хасен Қожа-Ахмет құрмақ болған «Жас қазақ» секілді ұйымдардан, Желтоқсан көтерілісінен тұрмай ма?» [7; 6]. Осы мақаламен айтпақ ойымыз, «ЕСЕРП» партиясы сол кезде тәуелсіздігімізді алып бермесе де, қауіпсіздік қызметінен басқа ешқай жерде тіркелмесе де, халық жүрегінен орын алды. Ол тәуелсіздікке жетеміз деген қайсар сенімді одан әрі бекітіп, үзілмеген тарихи сабақтастық арқылы Желтоқсан көтерілісімен ұштасты. Ал, Желтоқсан көтерілісі 70 жыл дүркіреген алып Кеңестер Одағын таратуға алғы шарт жасады.

Мақаламызда айтылған жағдайларды саралай келіп, тәуелсіз елімізде өзекті «Алаштану» мәселесінің шешу жолын қарастырғанда біржақты көзқараспен шындыққа жете алмайсың, объективті бағасын бере алмайсың және оның түйінін қарқата алмайсың. Кеңестік кезеңді ұлт тарихында алар

орнын Ханкелді Әбжанов: «Большевиктік идея толқынында кеңестік негіздегі қазақ мемлекеті дүниеге келді, аумақтық тұтастыққа қол жеткіздік, республиканың экономикалық, әлеуметтік, мәдени келбеті шырайланды, халықтың интеллектуалдық әлеуеті жаңаша қалыптасты. Ең бастысы — тәуелсіздіктің алғышарттары ХХ ғасыр басында емес, ХХ ғасыр аяғында, яғни социализм қойнауында, пісіп-жетілді. Демек, кеңестік дәуірді жөн-жосықсыз қаралай берудің реті жоқ, сынның шын болғаны жөн», — деп өзінің ойын түйіндеп: «Бірақ тоталитаризмнің қазақ халқы кешірмейтін, ұмытуға жатпайтын, ұрпақтан ұрпаққа аманаттайтын екі қылмысы да бар. Бірі — 1917 жылғы қазанда билікке келгеннен 1991 жылы тарқағанша СОКП үздіксіз жүргізген кеңестік саяси қуғын-сүргін, екіншісі — әр жылдардағы, әсіресе 1931–1932 жылдардағы ашаршылық. Ғылымда тарихпен тәрбиелеу деген қағида бар тәрбиелеумен қоса тарих таразылай да, жазалай да біледі», — деген сөзінен шығатын қорытынды, кеңестік жүйенің билікке келуімен қатар келген қуғын-сүргінді әр жылдардағы шарықтау кезеңдеріне байланысты бөліп қарастыруды қажет ететінін және тарихтан тағылым алсақ, болашаққа нық сеніммен қадам басатынымызды көреміз [14; 13–21]. Социализмнің кемелденген шыңына жетеміз деген коммунистік партия мен жеке басқа табынушылықты ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Өтіп бара жатқан ғасырдың тоталитарлық жүйелеріндей жаппай бақылаудың жегіқұрт жүйесін өткен заманның ешқандай перғауыны да, қатыгез әміршісі де жасай алмаған болар», — деп тарих тағылымына бойлата ойлатады [17; 249]. Тоталитарлық жүйе тұсында ұлттық сана, дін мен діл, әлеуметтік құрылым, әлеуметтік түзілім, адамзат қауымдастығының мораль мен этникалық құндылықтары аяусыз ойрандалды. Қазақ халқының сан ғасырлық үзілмей ұрпақтар сабақтастығы арқылы жеткен дәстүрлі билік, рухани мәдениеті, халық ауыз әдебиеті үлгілері, жазба әдебиеті мен шығыс ғұламалары еңбектері және т.б. феодалдық мешеулік, «еуропацентристік» көзқарас тұрғысынан сипатталып біржақты баға беріліп, мәдениеті болмаған «жабайыларға» өркениеттің жетістіктерін әкелеміз деген желеумен ұрандатты.

Алаштану — бұл өзіңді тану, өзіңді тану барысында тарихтан тағылым алып, елі мен жерін қорғаған батыр бабалардан тәлім алу. Алаш ұранды азаматтардың ерлік істері мен елдік қасиеттерін бойға сіңіріп, тәуелсіз Қазақ елін көркейтіп, қарыштап дамуына өз үлесін қосу. Алаштану мәселесі тәуелсіздігіміздің тарихы болғандықтан, әр азамат өз жағдайына қарай көмек қолын созса, күрмеуі шешілмей тұрған мәселеге септігі тиер еді.

Төлепберген Болатбек алаштану тақырыбының шешу жолдарына келгенде: «Алаштану мәселесінде кәсіби тарихшылардың жазған еңбектерін қарап шығу мақсатымен кітапханалардағы аталған тақырыптағы кітаптарды іздестірдік. Өкінішке орай, Ұлттық кітапханадан қолданыс аясында ұзақ жылдардан бері жүріп сарғайып, тозығы әбден жеткен алаштанушы, тарихшы-ғалым ағаларымыз, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, марқұм Кеңес Нұрпейісовтың 1995 жылы «Ататек» баспасынан шыққан «Алаш һәм Алашорда» кітабы және тарих ғылымдарының докторы, профессор Мәмбет Қойгелдиевтің 1995 жылы «Санат» баспасынан шыққан «Алаш қозғалысы» кітаптарынан басқа аталған тақырыпта жазылған еңбектерді кездестіре алмадық. Тіпті, бұл тың тақырыпқа жаңадан жазылып жатқан дүниелер болмаса, аталған екі кітапты көп данамен қайта бастырып шықса да игілікті іс болар еді ғой», — дейді [4; 13–14]. Демек, алаштың бағытындағы ғылыми ізденістерді заман талабына сай жаңғырту, оны санаға сіндіру мемлекетіміздің негізгі қызметі болып қалмақ.

Саяси қуғын сүргін құрбандарын жыл бойы естен шығармауымыз, тарихта болған ақтаңдақтарымызды қайта қайталамас үшін кейінгі жас ұрпаққа сабақ болу керек. Өйткені тарихи тұлғалардан сабақ алмай, тарихи тұлғалардың ерен істерін мұрат тұтпай мемлекет басқаруда және саясатта үлкен дәрежеге жету мүмкін емес.

Тарихи сананы қайта қалпына келтіру — бұл тек қана өкімет пен атқарушы биліктің ғана емес, Қазақстан Республикасында тұратын барлық халықтар атсалысуы керек. Осы істе «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы және қазіргі кезеңде жүзеге асырылып жатқан «Халық тарих толқынында» бағдарламасы игі ықпал жасады. Бұған қоса, «Білім және мәдениет» телеарнасында тарих, өлкетану мәселелеріне қатысты жақсы бағдарламалар бар және осыған қоса «Алаш» тақырыбына арнайы бағдарлама ұйымдастырылып, ол бағдарламада тарихи сананы ұлы бабаларымыздың Алаш ұранды арыстар идеясы және ұлттық рухымен толықтыруымыз қажет және керек. Жаһандану заманында ғаламторға сүйенген жастарымыз өсіп келе жатыр, сондықтан да ғаламтордағы ұлттық идеяны насихаттайтын әр түрлі порталдарға мемлекеттік көмек көрсетіліп, олардың ісінің одан ары дамытуларына мүмкіндік берілуі қажет. Ұлттық идея хақында, ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Ұлттық идея идеология жәдігөйлерінің ашқан жаңалығы емес, миллиондаған адамдардың өздерінің

ұлттық міндеттерін түсінуінің жемісі болып табылады», — дейді [17; 237]. Ағымдағы жылы елімізде Алаш қозғалысы мен қазақтың тұңғыш ұлттық үкіметі Алаш Орданың 96 жылдығын және Алаш арыстарының атаулы күндері аталып өтілді. Осы мақсатта жасалынған жұмыстарды сараптасақ, істелінген істер саусақпен санарлық. Бұқаралық ақпарат құралдарында арнайы белгіленген күндерге арнап қана мақалалар бермей, әр санында тарихымызды тереңінен зерттелген мақалалармен қамтыса. Осы айтылғандарды іске асыра білсек, Мәңгілік Қазақ елі тәуелсіздігі баянды болып қалады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Айбын*. Энциклопедия / Бас ред. Б.Ө.Жақып. — Алматы: Қазақ энцикл. бас ред., 2011. — 725-б.
- 2 *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы: Көмекші оқу құралы. — Алматы: Санат, 1995. — 368 б.
- 3 Алаш. Алашорда. Энциклопедия / Құраст. Ф.Әнес, С.Смағұлова. — Алматы: Арыс, 2009. — 28,29-б.
- 4 *Төлепберген Б.* Мәңгі жас Алаш идеясы: Публицистикалық зерттеулер мен мақалалар. — Алматы: Алматы баспа үйі, 2008. — 304 б.
- 5 *Әбжанов Х.* Алаш қозғалысындағы ұлттық идея эволюциясы // Жиырмамыншы ғасырдың басындағы қазақ зиялылары: Алаш қозғалысының 90 жылдығына арналған ғыл.-практ. конф. материалдары. — Қарағанды: Гласир, 2008 — 5-б.
- 6 *Құдышев О.* Азап шеккен азаматтар // Орталық Қазақстан. — 1989. — 12 ақп.
- 7 *Ержұман С.* Алаш идеясы және «ЕСЕП» партиясы // Егемен Қазақстан. — 2011. — 23 ақп.
- 8 ҚР ҰҚК № 600 іс қорытындысы. — Алматы, 1998. — 11 ақп.
- 9 Жағыпар Әділеттің Махмет Темірұлымен сұхбаты // Көбетей. — 2011. — 7 мамыр (жеке мұрағаттан).
- 10 *Темірұлы М.* Арман мен азап: Естелік. — Алматы: Санат, 1998. — 160 б.
- 11 *Жағыпар Ә.Б.* Бүркіт Ысқақов — «ЕСЕП» партиясының негізін қалаушы // «Тұғырлы тәуелсіздік — ғұмырлы ұрпақ кепілі» атты респ. ғыл.-тәж. конф. материалдары. — Жезқазған, 2011. — 86, 87-б.
- 12 *Әбдікімұлы Ә.* Қазақстан тарихы (ерте дәуірден бүгінге дейін): Оқу құралы. Өңд. толық. 2 бас. — Алматы: «Қазақстан» ЖШС баспа үйі, 2005. — 608 б.
- 13 Жағыпар Әділеттің Наргүл Жаппарқызымен сұхбаты. — Алматы, 2012. — 14 шілде (жеке мұрағаттан).
- 14 *Жағыпар Ә.Б.* Зейнолла Игілікұлы — ЕСЕП партиясы негізін жалғастырушы // XX ғасырдың 30 жылдарындағы Қазақстандағы саяси-әлеуметтік ахуал: ашаршылық пен қуғын-сүргін тарихы: Мақалалар жин. — Астана: «Алсем-Астана» баспасы, 2012. — 240 б.
- 15 Жағыпар Әділеттің Кәмел Жүністегімен сұхбаты. — Ақсу Аюлы, 2012. — 3 ақп. (жеке мұрағаттан).
- 16 ҚОММ. — Қ. 538п. — Тіз. 1. — Іс. 18. — П. 66–82.
Керейлер тарихындағы елеулі мәселе — ол Қазақ халқы құрамындағы Керейлер мен Керейттердің арақатынасына байланысты әр түрлі көзқарастардың орын алулары дер едік. Бұл екеуін бір тайпа ретінде қарастыратын ғалымдар арасында Н.А.Аристов, В.В.Бартольд, М.Тынышбаев, Р.Г.Кузеев, М.Мұқанов бар. Сонымен қатар оларды екі бөлек тайпа ретінде қарастыратын ғалымдар да бар екендігін айта кеткен жөн. Олардың қатарына мысал үшін Х.Ховорс, Грумм-Гржимайло жатады. Шындығына көшсек, «Керей» этнонимімен «Керейт» этнонимінің арасында елеулі алшақтық жоқ.

Көне түркі тілінде «-т» қосымшасы «-лар», «-лер» деген мағынада жұмсалған. Демек, «Керейт» — «Керейлер» деген сөз [1; 157]. Осының өзі-ақ Керейлер мен Керейттердің тарихи тамырларының ортақ екендігін аңғартады.

Олай болса, «бұлар (Керей мен Керейттер) неге бөлінген, қашан бөлінген?» деген заңды сауал туындайды.

XII ғасырдың аяғында Керейлер (Керейттер) монғолдарға қарсы күресіп, олардан жеңілді. Керейлердің бір бөлігі Шыңғыс ханға бағынғысы келмей, Дешті Қыпшақ даласына ауып барып, Жошы ұлысына кірді де, кейіннен Батый ханның Шығыс Еуропаға жасаған жорықтарына қатысты. Өзбек хандығы тұсында Мұхаммед Шайбанидың Орта Азияны жаулап алуына атсалысты. Олар өздерінің ежелгі атын (Керейт) сақтап қалды. Кейін Кіші жүздің құрамына «Керейт» деген атпен кірді.

Керейттердің (Керейлердің) енді бір үлкен тобы «Керей» деген атпен Орта жүзге қосылды. Осы айтылғандар, Қазақстанның батысындағы, Арал теңізі бойындағы Керейттер Шыңғыс ханның Керейлерге жасаған 1203 жылғы жорығынан кейін батысқа бөлініп көшкендер деп жүргендердің пікірінің шындыққа жақын келетінін байқатады.

Ғалымдардың күні бүгінге дейін басын қатырып келген тағы бір мәселесі, «Керейлер монғолтілдес болған ба, жоқ әлде түркітілдес пе» деген сауалға жауап іздеу. Айта кеткен жөн, оларды түркітілдестерге жатқызатындар арасында Рашид-ад-Дин, Әбілғазы, Н.А.Аристов, Х.Ховорс, Н.Потанин, М.Тынышбаев, Ә.Марғұлан, С.Аманжолов, М.Мұқанов, С.Козин тәрізді кісілер бар болса, ал оларды монғолтілдестер деп ойлайтындар арасында В.Бартольд, Б.Владимирцев, С.Киселев, Н.Поппе, Г.Санжеев, В.Трепавлов тәрізді ғалымдар бар. Егер аңдап қарар болсақ, алғашқы топты құраушыларды негізінен ежелгі түркілердің және кейінгі қазақтардың дәстүрлі деректерінен, рулық шежірелерінен біршама немесе жақсы хабардар зерттеушілер құрайтынын байқай аламыз. Ал екінші топтағылар — керісінше, дәстүрлі деректерден алшақ тұрғандар. Осының өзінен-ақ өмір шындығы кімге жақын екендігі аңғарта түседі [2; 4].

Рашид-ад-Дин ертедегі Керейлер қауымының сегіз тайпадан тұрғанын хабарлайды да, оларды келесі реттік тәртіппен орналастырады: «керейт, жарқын, қоңқайт, сақайт, туманут, албат, харашін, хиркүн». Керейттер осы құрылған қауымда үстемдік жүргізуші тайпа болған. Елді басқарып отырған хандардың әулеті солардан шыққан. Мемлекет те сол әулеттің атымен аталған [3; 24].

Рашид-ад-Дин Керейттердің жайлау-қыстауларының Онон, Керулен, Бұрхан-Халдун, Қалайыр, Селенга, Баргуджин-Тоқум тәрізді өзендер мен көлдер бойларында орналасқандарын атап көрсетеді. Бұл жерлерде монғолтілдестер де көшіп-қонып жүрген. Егер де Керейттер о бастан-ақ монғолтілдес болса, онда олар осындай ақуалда бірден-ақ монғолдарға айналып кетулері керек еді. Алайда олай бола қоймады. Оның себебі Керейттер түркітілдестер ұрпақтары болатын [2; 4].

Белгілі шығыс зерттеушісі Грумм-Гржимайло Керейлер IX ғасырдан бастап тарихқа әйгілі болған десе, Н.Аристов X ғасырда Керейлердің жан саны 900 мың адамға жеткен дейді [1; 159].

Н.Аристов Хайду хан (Үгедейдің немересі) әскерінің дені Керейлер мен Наймандардан тұрғанын айтады (1270–1301). Керейлер бұл кезде Қара Ертістің жоғары ағысында тұратын. Темір жорықтары кезінде (1370–1400) Керейлер Қара Ертістен Алакөлге дейін және Ерен-Қабырға тауларын мекендегенін білеміз. Жоңғарлардың күшеюі 1399–1400 жылдарда басталғаны мәлім. Моғолстан ханы Уәйіс (1408–1428) жоңғарлармен 61 рет шайқасып, тек бір рет қана жеңіске жетті. 1420–1430 жылдары жоңғарлар қазіргі Лепсі уезінің жерін басып, Керейлерді жан-жаққа бытыратып жібереді.

Керейлердің бұдан кейінгі тағдыры Арғындарға ұқсас. Олардың Ашамайлы руы Барақтың Ташкент пен Ходжентке қарсы жорығына (1420 ж.) қатысты. 1723 жылы Керейлер (Арғындар сияқты) басқаларға қарағанда аз шығынға ұшырады [4; 20–21].

Шежіре қазақ ішіндегі Керейлерді Бозанжар биден (Ақсақал) таратады. Одан Ойық, Тілік деген екі тармақ өсіп-өнеді.

Ойық тармағы Уақ ішіне өтіп кетеді. Тілік тармағынан Жаншаулы, Құлдаулы, Саужайлы деген үш ата шығады.

Саужайлы атасы Кіші жүздегі Керейттерге қосылады. Құлдаулыдан Тоқымбет, оның лақап аты «Арбалы». Бұлар Ашамайлыға қосылып кетеді. *Жаншаулыдан — Ашамайлы, Шөмішті, Ерші. Ашамайлының ұраны — «Шибай». Таңбасы — «Ашамай»* [5; 34].

Этнограф-жазушы Ақселеу Сейдімбек «Абақ Ана және Керейлер» жайлы келесідей деректер келтіреді: «Абақ Ұлы жүз Үйсін ішіндегі Сарымырза деген кісінің қызы екен. Керейдің немересі Дана бидің баласына Абақ тұрмысқа шығады. Шымыр атты бір бала дүниеге келген соң, Абақтың күйеуі қайтыс болыпты. Жесір қалған Абаққа сол кездің әменгерлік жолымен Уақтың немерелері сөз салады. Алайда сөз салғандарға Абақ жолын беріп, Керейдің шаңырағын құлатпай, түтінін түтетіп отыратындығын айтады. Осыдан кейін Уақ ұрпақтары Абақты шетқақпайлап, қағажу көрсете бастайды. Содан, әбден шыдамы таусылған, Абақ төркініне көшіп кетеді. Төркіні Абақты құшақ жая қарсы алып, әлпештеп ұстайды. Әсіресе жиені Шымырды Ұлы жүз елі еркелетіп, бетінен қақпай өсіреді. Бұл кезде тоқтасқан Сарымырза қарт Шымырға алабөтен бауыр басып, ел ішіндегі тойларда, бас қосуларда жанынан қалдырмай өзімен бірге алып жүреді. Мұндайда Сарымырзаның ықыласы түскен балаға сырт көздің де назары ауып: «Бұл қай балаңыз?» — деп сұраса, Сарымырза: «Менің Ашамайлы Керейім ғой», — деп жауап беретін көрінеді.

Шымыр нағашысынан жақсы тәрбие алып, ел аузына ілінген азамат болып, ұрпағы өсіп-өнген бір арыс елге айналған. Алайда «Шымыр» аты ұмыт болып, нағашысы Сарымырзаның дуалы аузымен айтылған сөзді былайғы жұрт та қайталап, «Ашамайлы Керей» деп атап кетіп еді дейді. Сөйтіп, одан тараған кейінгі ұрпақтары да «Ашамайлы Керей» атанып кетеді.

Абақ бәйбіше бетіне қарап отырған жалғыз баласы Шымырды жас кезінде оқу оқытып, білім беруді арман етеді. Сол кезде Үйсін елінде арғы тегі не түрік, не өзбек Нәзір деген молда болған екен. Абақ бәйбіше баласы Шымырды қолынан жетелеп Нәзірге алып келеді. Нәзір молда мән-жайды сұрап алған соң былай дейді: «Ислам дінінің шарифаты бойынша жас әйелдің некесіз жүруіне болмайды, міндетті түрде некелесуі керек. Күйеуі жоқ некесіз отырған жас әйелдің қолынан тамақ ішу де харам. Тіптен, ондай әйел су алған бұлақтың етегінде отырған елдің сол бұлақ суымен дәрет алуына да болмайды, дәреті бұзылады. Сондықтан біреумен некелесуің керек, сонсоң ғана балаңды Құдай жолымен тәрбиелеуге болады».

Нәзір молданың мұндай пәтуасынан кейін Абақ ана әрі ойланып, бері ойланып келеді де: «Молдеке, мен мынандай бір ойға келдім. Мен төркін жұртымда отырмын, сөз салатын әменгерімнің жоқ екенін білесіз. Сондықтан перзентімнің болашағы үшін өзіңіздің етегіңізден ұстасам ба деген ойға келдім. Алайда бір шартым бар, Сізбен некелескен соң тапқан ұрпақты «Керей» деп атауға мақұл болсаңыз ғана, некелік парызыма тоқтаймын», — деген тілегін білдіреді. Абақ ананың бұл тілегін Нәзір молда қабыл алып, некелеседі.

Абақ пен Нәзірдің арасынан туған бала «Керей» деп аталады. Кейбір шежіре дерегінде Керейдің өңі қара болған соң, оны Қарақожа (Құттықожа) деп те атаушы еді дейді. Ержете келе Керейдің қадірі артып, төңірегі Қара би деп атап еді деген де сөз бар.

Міне, осы Керейден (Құттықожадан, Қарақожадан) — Майқы туады. Бұл Шыңғыс хан заманындағы Майқы би емес. Майқының кейінгі ұрпақтарынан он екі ата Абақ Керейлер тарап еді дейді» [6; 252–253].

Қазақ шежіресіндегі Абақ Керей мен Ашамайлы Керей аттарының шығу тегін тергеген тұстарына үңілсек, Абақты Керейдің Ақылбай атты ұрпағының бәйбішесінің аты еді деген түсіндірмеге жолығамыз. Оның есімі әуелі Аппақ екен, келе-келе Абаққа айналған. Қазір «12 ата Абақ» деп жүрген бірлестік әу баста сол Абақ бәйбішенің өзі тәрбиелеген он екі немересінен өрбіген делінеді. Ал Ашамайлының әуелгі аты Ғали екен (енді бір шежіреде Ақберді), әкесі ашамайға мінгізіп барып келіншек алып бергендіктен, Ашамайлы атаныпты делінеді.

Ашамайлы Керейлер

XIII ғасырда монғол қысымынан ығысып, Ертісті бойлай, солтүстік-батысқа ауып, одан Тобылға жеткен Керейлердің бөлігі. Тобылдан өткен шағын тобы XV ғасырда Кіші жүз құрамына енген. Ашамайлы Керейлер қарақалпақ, өзбек халықтарының құрамында да бар. XIX ғасырда Ашамайлы Керейлер тайпасы Семей, Павлодар, Қарқаралы, Петропавл, Омбы, Ақмола уездерін мекендеген [7; 621].

Ашамайлы Керей үлкенді-кішілі мына рулардан құралған:

Тарышы — рулар бірлестігі. Тарышыдан — Смайыл, одан — Ақсары, Құлсары (Құрсары), Тоқымбет, Матақай (Манатай), Самай, Еменәлі (Семенәлі), Нұралы, Нұрымбет, Ақымбет. Бұл аталар XIX ғасырдың бас кезінде бүгінгі Орталық, Солтүстік Қазақстан, Омбы жерін мекен еткен. 1824 жылы Көкшетау округы ашылғанда, мұнда Құлсары — 870, Еменәлі (Семенәлі) — 895, Самай — 795 түтін болған [8; 570].

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Тарышы — Смайылдың екі атасы (Құрсары (Көрсары) мен Ақсары) туралы мынандай қызық деректі ұсынады: «Құрсары (Көрсары), Ақсары «Төрт сарының нәсіл-жұрағаты»: «Орысқа қарамаймыз!» — деп, Алатау, Алтай тауларынан асып кеткен. Олар бұл күнде Қытайға қарап қалды: «Мейлінше бай болған, бодамсыз Керей» атанады», — дейді.

Құрсары, Ақсарыны Тұрлыбек орналастырған Ақмола облысына. Құрсарыдан: Есбол, Есенәлі; Есенәліден: Құдайқұл, Қодас, Жібек. Құдайқұлдан — Құдайберді; Жібектен: Жаңбыршы, Жәнібек. Мұнан Жанғабыл, Досай туады. «Соқыр Жанғабылдан» алтау туады. Бірі — Сүйінбай, Сүйінбайдан Ақыл бес ағайынды болған. Тау-Көтібақ баласы: Қызылтауда тұрғандықтан, атын «Тау» қойған. Ақыл-Күлік: Ақыл Сексен ішінде туғандықтан, атын «Ақыл» қойған. Өз заманында Ақыл «Тау» атанған.

Ақылдан тоғыз: бәйбішеден төртеу, тұңғышы — Асаубай. Асаубайдың кенжесі «Бәзіл қажы» атанған, қыстауы Сілетіде: Ешкіөлместе. Бәзіл қажыдан: Ғұбайдолла (Ғұбайдолда), Бопкен. Бопкен балалары: Жиыпалла (Жепла), Нұрхамит. Бұл екі баланың «қара орманын» сыпырып алып, Ғұбайдолланы Омбыға, Бопкенді Семейге жер аударған. Бұл Бопкен: «Семей барамын» — деп, Қызылтау бауырында атын ұрлатып, жаяулап қайтып, Ескелдіде отырған, Құдай рахмет қылсын Мәшһүр Жүсіпке кез болып:

– Қатын-балаңды тауып ал, — деп, — бір шабдар атты басыбайлы өзінікі қылып, мінгізіп қоя берді» [9; 380].

Сарман — Ашамайлы Керейдің рулар бірлестігі. Шежіре деректеріне қарағанда, Сарманнан Болат, Қорған деген рулар тарайды. Ертеректе олар Петропавл уезін мекендеген. Егіншілік, мал шаруашылығы, аңшылық, саятшылық, қол өнерімен шұғылданған [8; 33].

Сибан (Сибан Керейлер) — рулар бірлестігі. Шежіре деректері бойынша, Сибаннан — Ерімсары, Күнкене, Шимойын, Қорқыт, Шоқматор. 1822 жылға дейін Сибан Керейлер Петропавл уезін мекендеген. 1822 жылдан кейін Ерімсары, Күнкене рулары қазіргі Қостанай облысына; Шимойын, Шоқматор рулары Павлодар, Семей облыстарына қоныс аударған. Сибандар егіншілік, аң және балық аулаумен, мал шаруашылығымен айналысқан [8; 147].

Сибанның Қорқытынан (Қортығынан) — Қошқарбай, одан — Байжігіт, Ақпанбет, Тоқпанбет. Ақпанбеттен — Сейіт. Тоқпанбеттен — Беспай, Шыныбай, Сәдір, Қуат, Қадыр. Шыныбайдан — Жолғұтты (Жолымбет), одан — Еламан, одан — Әсіреп, Мүсіреп, Кенжетай. Мүсірептен — Ботбай,

Кәжімбай. Кәжімбайдан — Махмұт, Ақан, Мақан, Самырат. Махмұттан — Ғабит (Қазақтың ұлы жазушысы Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов) [10; 187].

Шимойынның бірнеше аталары Шығыс Қазақстанның Қатонқарағай аудандарындағы Наймандармен аралас қоныстанған. Шимойыннан — Байназар, Қайназар, Есназар, Ерназар, Жаназар, Маназар, Алданазар, Жолдыбай, Жылқыбай (Жылыбай), Досай, Отарбай деген он бір ата өрбіген.

Отарбайдан — Қосай, одан — Сырымбет, одан — Байбарак, одан — Бектемір, одан — Шүкей. Шүкейден — Мұқан, одан — Сәбит (атақты жазушы Сәбит Мұқанов) [10; 186].

Балтадан — Көшек, одан — Айтуған — одан Қошқыл, одан — Жәдік, Байқожа, Жарылғапберді. Жәдіктен — Мұратәлі, Құрманәлі, Ырсымбет, Сырлыбай, Дәулетберді, Сырымбет, Баталы. Жарылғапбердіден — Қара, Сары, Қожагелді, Дүйсенбі [11; 36].

Таз — Айтуар, Хангелді, Шаң, Естай, Достан деген аталарға бөлінеді. XVII ғасырда жоңғар шапқыншыларына қарсы азаттық жолындағы күресте қол бастаған Қара батыр осы Таз Ашамайлы Керейден шыққан [8; 515].

Көшебе — «Көшебелі көп Керей көше алмайды Сибансыз» деген атау алған. Көшебеден — Жауынгер, Жауғашты, Жалайыр, Шәукер (Шәукер Керей).

Жауынгерден — Бағлан, одан — Асылболат, одан — Байбол, одан — Андаспан, одан — Шілікті, одан — Жаңбыршы. Жаңбыршыдан екеу: Жоламан, Таузар.

Жауғаштыдан — Құдайназар, одан — Әлмембет [11; 36].

Ашамайлы Керейдің Көшебесінен тараған үлкен ру — Шәукер Керей. Ол — Қаратоқа, Жантоқа, Байтоқа, Жанұзақ, Жасұзақ, Байұзақ, Малдыбай, Барлыбай, Өтеміс, Бегімбет болып он атаға бөлінеді. Олар бұрынғы Петропавл уезін, көлденең Есілдің теріскей бетін, Ресейдегі Тюмень облысының Есіл, Есет өзендерінің алқаптарын, Қорған облысының Лопатинский ауданын, Петропавл қаласын мекендеген. Ертеде аңшылықпен, балық аулау, саятшылықпен, егіншілікпен, қолөнерімен, мал шаруашылығымен шұғылданған [12; 210].

Сақал Керейлер. Олар, шежіре деректері бойынша, Асан, Үсен, Сапар деген үш атаға бөлінеді. Сақал Керейлер ертеде Петропавл уезін, көлденең Есіл бойындағы Жолдыөзек өңірін, Омбы облысының Есілкөл ауданын мекендеген. Олар егіншілікпен, аңшылықпен, қолөнерімен, мал шаруашылығымен шұғылданған [13; 617].

Сағындық Керейлер — рулар бірлестігі. Шежіре деректері бойынша, Сағындық Керейден: Тоқсары, Аю, Тұрлыбек, Көтеней, Есбол, Қамысбай, Қамшыбай, Қалпақ, Тамшыбай, Жолаушы деген рулар тараған. Петропавл уезін, көлденең Есілдің теріскей бетін, Еманалы болысын мекендеген. Сағындық Керейлер егіншілікпен, мал шаруашылығымен, аңшылықпен, саятшылықпен және қолөнерімен шұғылданған [13; 607].

Қазақ шежіресі бойынша, Ашамайлы Керейден — Ошыбай, одан — Баһрам, одан — Төбей, одан — Тұрсынбай, одан — Жарбақ, одан — Жанай, одан — Бекарыс, одан — Наурызбек, одан — Қажығали, одан — Әлмұхамед, одан — Пархат, одан — Танаш [11; 33].

Этнографиялық зерттеулерде Танаш жиі аталмай, оның жоғарыда қарастырылған кейінгі ұрпақтары (Тарышы, Сарман, Сибан, Балта, Таз, Көшебе, Сақал, Сағындық Керейлер) туралы көз жазылған.

Абақ Керейлер

Он екі арыс Абақ Керей — Орта жүзге кіретін Керей ұлысының үлкен бір тайпасы.

Ашамайлы Керейден Қара бидің қызын Үйсін Абақ батыр (Майқы бидің немересі) алып, Керей жерлерінде тұрып қалады. Одан өрбіген ұрпақ «Абақ Керей» атанып кетеді. Олар негізінен Қытай, Монғол жерінде [5; 35].

Осыған ұқсас оқиғаны А.Сейдімбек өз еңбегінде былайша баяндайды: «Ел аузындағы шежіре сөздің бірінде Дана деген биден Керей туып еді дейді. Керей ел көзіне ертерек түскен, ақылына дәулеті сай адам болыпты. Алайда, Керей жігіт шағында қайтыс болып, жаңа қаз басқан баласы жетім қалады. Керейдің жетім баласын ашамайға мінгізіп жүргенде көз көргендер «Керей мырзаның ашамайлы баласы ғой» дейді екен. Содан, ол бала ел ішінде «Ашамайлы Керей» атанып кетеді.

Ашамайлы Керей үш әйел алып, олардан он жеті бала көріпті. Солардың ішінде кіші әйелінен Қараби жалғыз туыпты. Қарабиден Абақ туыпты. Абақтан он екі ата Абақ Керейлер өрбиді» [6; 270].

Бүгінде Абақтан тараған ұрпақтар он екі арыс ел болады. Олар:

Жантекей ұрпақтары ертеде Өскемен, Зайсан уездерін мекендеген. Ұрандары — Шақабай [14; 271].

Жәдік ұрпақтары да бұрын Өскемен, Зайсан уездерін мекендеген. Олардың ұраны — Жантай [14; 347].

Қарақас ұрпақтары бұрын Шұбартау, Шұбарайғыр, Жауыр, Жорғабайтал тауларын; Бақанас, Дағанды өзендерінің бойын мекендеген. Ұрандары — Үшбай, таңбасы — Ашамай.

Шұбарайғырдан: Балта, Қабыл, Бөлек, Төлек, Өтес, Құланшаш аталары тараған. Шұбарайғырдың арғы атасы — Жаната. Бірде ол өрісте жүрген Шұбарайғырдың үйірін айдап алып, малданған екен. Осы себеппен Жанатадан тараған ру Шұбарайғыр аталып кеткен деген аңыз бар. Олар Қара Ертістің сол жағалауын қыстап, жазда Сауыр мен Көксүне тауларының шалғынды алқаптарын жайлаған. Шұбарайғыр ұрпақтары негізінен мал өсіріп, пішен шапқан. Кей жерлерде суармалы егіншілікпен айналысқан [12; 298].

Ителі — Токтағұл, Елтоқ болып екіге бөлінеді. Ертеде бұл рудың жайлауы — Алтайдың оңтүстік беткейі, Қара Ертістің жоғарғы ағысындағы «Китің арша» жайылымы. Ал қысқы мекені — Бурылтоғай, Шіңгіл өзенінің жағасы. Ителінің ұраны — Бұқарбай. Кейде күллі Абақ Керейге ортақ Жәнібекті де ұрандай береді [15; 145].

Шерушіден — Бақат, Ұзынмылтық, Құрман аталары тараған. Олар кезінде Өскемен (Нарын, Үркер бөктерін), Зайсан (Оңтүстік-Шығысында) аймағын мекендеген. Жалпы саны 850 түтінге жеткен. Шерушілер қыста Қара Ертіс, Ұрынға, Кран, Кемерши, Күртіні (қазіргі Монғолияда) мекендеп, жазда Абақ Керейдің басқа руларымен бірге Оңтүстік Алтайдың биік тау алқабындағы көгалдарда көшіп-қонып жүрген. Олардың негізгі кәсібі мал өсіру, суармалы егіншілікпен де айналысқан. Шерушілердің негізгі бөлігі осы күнгі Монғолия мен Қытайда тұрады. Ұраны — Байтайпақ [12; 243].

Меркіт-Лепсі, Шағыр, Мыңлы, Сақау деген аталарға бөлінеді. Бұл жерде Үйсіннің Қойылдар тармағына жататын Мың, Албанның Қызылбөрік руына жататын Сақау аталары осы Меркіттегі «Мыңлы, Сақау» аталарымен туыс емес пе екен деген сұрақ туады [5; 35].

Молқы, шежіре деректері бойынша, Мошан, Қошан, Айтуған, Ботабай болып бөлінеді. Молқы ұрпақтары ертеде Зайсан уезінің Қара Ертіс бойын мекендеген [16; 109].

Жастабан. Одан екеу: Бекназар (одан Шақантай, Құдайберді, Қожакелді); Қосай (одан Рысбек, Күтке, Төлеке) ұрпақтары тарайды [4; 21].

Көнсадақтан төртеу: Атақозы, Бойкөбек, Жаулан мен Қожаберген [11; 33].

К.Жолмұханбетовтың «Ғасырлар белесі» атты кітабында Абақ Керейден тағы екі ру таратылады: Қолқа мен Құлтайболат [5; 35].

С.Жұмағали «Керейлер жайлы бірер сөз» деген мақаласында: «...Біздің әкелеріміз күні кешке шекара ашылғанша Құлтай-Болаттан ұрпақ жоқ деп келді. Ал біз бүгін елге оралған ағайындардың ішінен Құлтайболат бабамыздың ұрпағы бар екеніне көз жеткіздік» [11; 32], — деп толғанады.

Абақ Керейдің ұраны — «Жәнібек». Таңбасы — «Абақ».

Абақ Керейлердің Монғолияға көшу себептері

Қазақ сахарасында, Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп бөлінген халықтың, Абақ Керей Орта жүздегі аса ірі тайпасы болған.

Бір жылы Орта жүз жерінде үлкен той болады. Тойға Ұлы жүз бен Кіші жүздің тайпалары да шақырылады. Тойдың қымызы ішіліп, табағы тартылып болған соң, жұрт ойынға ойысады. Өкінішке орай, қызықтың қызуы қосылып, ойыннан от шығады. Тойда Арғын мен Керей жігіттері бір нәрсеге келісе алмай, ерегісіп төбелеседі. Көп адам сойылға жығылады. Бөгде атаның балалары арашаға түсіп, «ес кетіп, жан шықты» дегенде екі жақты айырады.

Сойылға жығылғандардың ішінен Арғынның Ақмырза деген жігіті өліп, жаласы Керейге артылады. Арғын мен Керей жауласады, мал қуып, барымта алып, өштеседі. Ел басшылары мен жұрт жақсылары кеңес құрып, «Қазақ жолы» бойынша Керейден құн әперіп, Арғынның аяғына жығып, екі жақты бітімге келтірмек болады. Оған Керей жағы: «Біз адам өлтіргеннен саумыз, өз арасындағы өштігін осы араға жасап, бірін-бірі өлтіріп, жаласын бізге жауып отыр. Кісі құнынан артық малымызды барымталап тартып алды. Ақ іске құн тарта алмаймыз. Бұлардың Арғынға бұрғандарың», — деп ырық бермейді. Арғын жағы іргелі, белгілі тайпа болғандықтан, «құн алмай қоймаймыз» деп қасарады. Керіс барған сайын күшейіп, насырға шабады.

Арғын кез келген жерде Керейдің адамын тарпа бас салып сабап, малын қуып, берекесін кетіреді. «Арғыннан қорлық-зорлық көрдік, ара ағайын әділдік айтпай, Арғынның сөзін сөйледі. Іргеден қадау, белдеуден жау шығып, түбіміз бір болса да көңіліміз кір болды» деседі. «Қастық

калып, өштік өшіп, естен кетіргенше, мойны ұзақ бір жерге қоныс аударғанымыз рауа көрінеді» деп, Керей бұл маңнан аууға бекиді. Ол 1771 жыл екен.

Ол заманда іргенің бүтіндігінің сақталуы, береке-бірліктің күшті, ел ішінің алалықта болмауы бәрінен маңызды саналған.

Қазақ өз ішінен қырқысып, Керейдің ауа көшуі қалған елге жеңіл тимейді. Ел қамын ойлаған қасқа мен жайсаңдар бас қосып, «Керейді тоқтатайық» деп кеңес құрады. Бірақ, кеңес тиянақ тапқанша, Керей көшіп береді. Кеңестің соңғы шешімі олардың соңынан елші жіберіп көшті ақылмен, көнбесе күшпен қайтарып келу болады. «Бұл аса қиын іске басы бағалы, аузы дуалы, әрі Арғын» деп әйгілі Бұқар жырауды тағайындап, қасына сарбаздар қосып аттандырады.

Көш Сырдарияның бойын бойлай суыт тартып, үдере жылжиды. Ақыры Бұқар жырау Сыр бойын жағалап, жебелей қуып көшке жетеді. Елдің еңкейген кәрісінен, еңбектеген жасына дейін жұдырықтай жұмылып, қуғыншы-елшінің келе жатқанын көреді. Бұқар нөкерлеріне: «Елдің сұрқы суық екен, дес берер түрі жоқ. Енді қызыл тілдің күшімен бір іліп көрейін. Ілдірсе — істің оңғарылғаны, ілдірмесе — істің құрығаны», — дейді:

*Керей, қайда барасың,
Сырдың бойын көбелеп.
Сендер қашсаң, мен қойман,
Арғымақпен жебелеп.
Енді алдыңнан шығайын,
Жауған күнше себелеп.
Ақмырзамды өлтірдің
Ақ сойылмен сабалап.
Мен Арғын деген арыспын,
Азуы алты қарыспын.
Сен бұзау терісі шөншіксің,
Мен өгіз терісі талыспын.
Абылай алдында бітпесең,
Құдандалы таныспын.
Егер Абылай алдында бітпесең,
Атасын білмес алыспын.
Көшің кетер бір жаққа,
Өзің кетерсің бір жаққа,
Көш соңынан салпақтап,
Есің кетер сол шақта.
Жар басына қамалып,
Жарты лашық тігерсің.
Аузыңдағы асың кетер,
Көздеріңе жасың келер,
Бұл қылығыңды қоймасаң,
Сонау кеудеңдегі қалқайған
Дулығалы басың кетер, —*

деп [17; 49], көшті тоқтады. Бірақ көшбасшылары: «Арғынның қылығына орай, Керейдің малына сұрау болмаған соң, өкпелеп аудық. Енді қайырыла алмаймыз», — деп мән-жайды ұғындырып, Бұқарларды жолға салады. Көш Қалба, Маңырақ таулары, Жайсаң, Кішкене көлдері бар өңірге келіп, ірге теуіп, Сауырдың тұмсығынан Үлеңгір көлінің бойына дейін жайыла қонып мекендейді. Бұл Керей тайпасының ежелгі қонысы екен. Жаугершілік заманда әрі ауып, бері ауып мекендеген бұл өлкенің Тарбағатай жағында Найман рулары, өр Алтай жағында Торғауыт болады.

Жүре келе Абақ Керей елі Найман, Торғауыт тайпаларымен жанаса қонып, жарыса жайылып, ақыры бір күні жайылымға таласып қалады. Қолдарында өзіне қарасты орынды дәлелдейтін ханнан алған таңбалы қағазы да болмағандықтан, Абақтың билерін Торғауыт, Найман тайпасы ілтипат етіп танымайды. Олар: «Төресіз ел, төбесіз жер болмайды. Қолдарында белгі хаттарың да жоқ, бұған қарағанда қашқын көрінесіңдер, ұры, өтіріктерің де бар екен. Билерінде әділдік болмағандықтан билігі өтпейді, біріңді-бірің басқара алмасаңдар, бүйткенше хандарыңды тауып алыңдар», — деген екен. «Сондықтан хандарыңнан таңбалы қағазы мен төрелікке бір баласын әкеліңдер, не болмаса біздің бірімізге ел болып бірігіп, басқаруымызда болыңдар», — деп салмақ салады. Олардың бұл

өңірде тоқтатпауға айналған сыңайына көз жүгірткен соң, Абақ елі толғана келіп, дербестігімізді сақтайық деп келіседі. «Қашан да кірмесің деп көзге түрткі қылады» деп, Абақ Керейлер Монғолияға аууға шешім қабылдайды.

Осылайша тарих тепершігінің шырғалаңында ғұмыр кешкен Керей елінің ұрпақтары, 1840 жылдарда Шыңжан өлкесі, немесе Алтайдың күнгеі бетін мекендеген, Абақ Керей елінің Молқы, Жантекей, Шеруші руларының біразы қазіргі Баян-Өлгий (қазақша аты Бай-Бесік) аймағының оңтүстік-батыс шекараларын асып келіп, Қобда беткейіне қоныс тепкен.

Жоғарыда келтірілген деректер журналист Ш.Білгішбайқызының «Орталық Қазақстан» газетінде «Біз Керей тегіненбіз» деген мақаласынан алынды. Бұған біздің қосарымыз, әрбір азаматтың басты мақсаты — өз әулетін жұртқа, көпшілікке өрем жеткен жеріне шейін таныту. «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген аталы сөзді біз ешқашан да қаперімізден шығармауды жөн көруіміз керек.

Керей тайпасынан шыққан, тарихтан алар орындары бар қадір-қасиеті мол жандар

Керей тайпасынан заманның, уақыттың өзі данасы мен батырын, бағланын тарих бетіне шығарды. Олардың үлгілі өмірі өз алдына бір төбе болса, келешек ұрпақтың дұрыс өсіп-өнуі үшін нағыз тәрбие көзі, асыл мұрасы, тәлім құралы:

1. Қожаберген жырау Толыбайсыншыұлы (1663–1763) — Абақ Керейден шыққан.

Абақ Керейдің ішіндегі Шұбарайғыр руы 1400–1500 жылдары аралығында қалыптасқан екен. Шұбарайғырдан — Өтес, оның ұрпағы — Дәулен. Дәуленнен — әйгілі Толыбай сыншы. Ол кезінде әрі би, әрі атақты сыншы болыпты. Толыбай сыншы деген атағы жайылып, одан көп ұрпақ өрбіген екен. Ең кенжесі — Қожаберген тек Шұбарайғыр руының ұраны ғана емес, үш жүзге аты шыққан, ту ұстап, тұлпар мініп, жаумен алысқан, домбыра ұстап, күй шерткен, қобыздан жыр төккен батыр, күйші-жырау болған.

Қожаберген батырдың мекені — қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданындағы Гүлтөбе деген жер. Сонда дүниеге келген, ұлы дүрбелеңдер мен ұлт бостандығы үшін жанкешті айқастарға толы бір ғасыр өмір сүріп, ақтық демі де сол Гүлтөбеде үзілген. Ол Үргеніш, Бұқара, Самарқан медреселерінде оқып, өз заманының ең ғұлама адамдарының бірі болған. Төрт-бес жұрттың тілін білген. Жаумен өткізген шайқастарда қатардағы сарбаздықтан Ордабасы дәрежесіне дейін көтерілген. Елшілік қызметпен айналысқан. Тәуке ханның «Жеті жарғысын» құрастыруға да қатысқан. Өзі айтқандай, оны бұзау терісіне өз қолымен көшіріп жазған.

Қысқаша айтсақ, Қожаберген жыраудың қазақ халқының тарихында алар орны ерекше. Елі үшін сіңірген өзге де еңбектерін былай қойғанда, ісі қазақ халқының басты әніне айналған «Елім-ай» әні мен ұлтымыздың бір ғасырлық дерлік қасірет пен ерлікке толы шежіресі боларлық «Елім-ай» дастанын айтсақ та жеткілікті.

1759 жылы жаздың басында жеңіспен елге оралған батырлар арнап келіп, мүлдем қартайған Қожаберген жырауға сәлем беріп, қазақ әскерінің жеңіске жетіп, жер-суды қайтарып алғанын айтып, қарт қолбасшыны қуантады. Сонда Қожаберген жырау қолына қобыз алып «Жеңіс» атты тарихи толғау шығарыпты [18; 30].

Қожаберген Толыбайұлын даңқты Бұқар жырау ұстаз санаған. Атақты Абылайханның өзі бата алған, ақылгөй, дана тұтқан. Бауыржан Момышұлы «Қожаберген жыраудай бұрын-соңды өмір сүрген қазақ ақындарының бірде-біреуі қазақ жұрты жерінің көлемін, шекарасын айқындап берген емес. Ол кісінің «Елім-ай» жыры — әскери дастан», — десе, белгілі тарихшы Ермахан Бекмаханов: «Елім-ай» дастаны — тарихи эпопеялық жыр. 1723 жылы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» атанған ірі апаттың суретін ел көзіне елестеткен бірден-бір тарихи құжат», — деп бағалаған. Академик Манаш Қозыбаев: «Оны тек дастан деу аз сияқты. Оның арнасы кең — жырға ұлттың болу-болмауы, Отан тағдыры арқау болған. «Елім-ай» шын мәнінде ұлттық сананың биік шыңы, ұлттың сергелдеңге душар болғандағы мұңы, болашаққа құлаш сілтеп, қайсар, намысшыл қазақтың ұлт болмысын жаңғыртуға ұмтылысының шаншыла айтқан қайнар жыры, сыры», — дей келіп, «Илиада», «Одиссей» секілді мифологиялық шығармалармен қатар қойған. Әйгілі ақын Кәкімбек Салықов «Жеті жарғы» ашыпсың жарқын мәнін» деген толғауын Қожаберген жырауға арнаған:

*Ерен тұлға бабамыз Қожаберген,
Ер екенсің уақыттан оза желген.
Ел жаңарды, ақталды ақ сенімің,
Болашаққа қолыңды соза берген.*

*Ойран салған жан едің ойраттарға,
Ел шебінде тұрғанда ойландты Алла.
Ойлы сазға орадың жырларыңды,
Зар заманда зобалаң толғантқанда.
Сегіз қырлы, бір сырлы байқағаным,
Үлгі болды ұрпаққа бай талабың.
Әз-Тәукенің әйгілі заманында
Тайдырыпсың сан рет жау табанын.
Тарих сырын кең аштың, асыл бабам,
Жау қалмапты қазақты басынбаған.
«Елім-аймен» жеткіздің мұңға бөлеп,
Қазағымның көл-көсір жасын маған.
Бар қазаққа ерекше жақын адам,
Ұстаздығың ешқашан басылмаған:
Қаршадайдан жабыссам домбыраға,
«Елім-айдан» бастатты ақын ағам.
Ұстаз болып Бұқарға қарқындадың,
«Жеті жарғы» ашыпсың жарқын мәнін.
Бұрын өткен Шыңғысхан жорығынан,
Алаша ханын қазақтың айқындадың.
Кім сыйламас сендей зор ғұламаны,
Терең жаздың «Алқакөл сұламаны»,
Бүгін басқа күн туды: дербес елміз,
Басқан ізің болардай жыр алаңы.
Бір қуансақ ескерткіш қойып алып,
Сені атадық тарихтан ойып алып.
Шырт ұйқыдан, Қожеке, аунап түсіі,
Болып жатыр бір үлкен тойың анық.*

Даңқы сарбаздығымен де, сардарлығымен де, ақын-жыраулығымен де алты Алашқа әйгілі болған Қожаберген батыр 1763 жылы қазан айында 101 жасқа қарағанда ауырып қайтыс болған. Оның сүйегі «Бүркіт қонған» деген орманның маңындағы әкесінің есімімен аталатын «Толыбай сыншы» бейітінде жерленген.

2. Біржан сал Қожағұлұлы (1834–1897) — қазақ поэзиясы мен өнерінің тарихында алатын орны ерекше, даңқты халық композиторы, асқан әнші, дарқан ақын.

Біржанның руы — Ашамайлы Керей, оның ішінде — Тарышы. Тарышыдан — Смайыл, одан — Нұралы. Нұралыдан — Батыр, одан — Кенже, одан — Бертіс. Бертістен — Қожағұл, одан — Тұрлыбай, одан — Біржан сал. Ол әкесі Тұрлыбайдан гөрі, елдің билігіне, шешендік сөзіне үнемі араласқан атасы Қожағұлдың тәрбиесін көбірек көріпті [19; 11].

Бойында әншілік дарыны бар, домбырада шебер ойнайтын Біржан жастайынан қазақ даласына танымал болған. Ол бірегей сазды-поэтикалық шығармаларды дүниеге келтірген. Ел аралап, алуан түрлі айтыстардың ортасында жүрген. Айналасына дарынды жастарды жиып, өзіндік көшпелі театр құрған.

Кезінде Біржан сал қазақ жерінің барлық түкпірін аралайды. Ел көреді, жер көреді, талай той-думандардың сәні, көркі болады. Жүрген жерлерінің бәрінде бүгінге дейін ел аузында жүрген, халқымыздың өшпес мәдени қазынасына айналған әндер шығарады. Бүгінгі әншілеріміз айтып жүрген «Ләйлім шырақ», «Теміртас», «Жайма шуақ», «Айтбай», «Бурылтай», «Айбозым», «Асыл-Ақық», «Керкекіл», «Ақ серкеш», «Мәті-Дәулен», «Алтын балдақ», «Телқоңыр», «Аққошқар», «Көкек», т.б. әндері — мәңгі өлмейтін туындылар. Бұлардың бәрі бұрын жеке дауыста орындалса, ұлы композиторымыз Мұқан Төлебаев біразын «Біржан-Сара» операсында пайдаланған. Арқаның ақиығы Біржанның Жетісу бұлбұлы атанған ақын Сарамен айтысы да — өлмес қазынамыз [20; 236, 237].

Ақиық ақын К.Салықов өзінің «Біржан сал жайлы толғаныс» атты мақаласында ұлы әнші, ақтангер ақын туралы ойын былай түйіндейді: «Көкшетау өңірі, Сырымбеттің етегінде, Есілдің жағалауын жас кезімде еркін жайлап өскендіктен анам жағынан Үкілі Ыбырайға, ата жағынан Ақан Серіге және олардың аға деп сыйлаған ұстаздары Біржан салға деген сүйіспендік ана сүтімен дарыды

десем, артық болмас. Үш алыпты бір елдің, бір атаның ұлдарындай көріп Көкшетау Есіл өңірінде сал, серілер үмбетін құрып мектебін ашқандай көріп, өлеңдерін ертеден айтып жүрдім.

Ол кезде керей, уақ, атығай, қарауыл деп бөлінбейтінбіз. Өз басыма Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақ бәрі де туған аталарымдай көрінетін. Оған қоса халық ақыны, әкемнің жақын ағасы Молдахмет Тырбиұлы және Үкілі Ыбырайдың немересі, өзімнің туған бөлем әнші ақын Мұса Асайыновтар бұл төрт дүлдүлдің арасына рулық жік салмайтын. Үш жүзге бөлінгендерді жек көріп, «Атамның берген ақылы» деген өлең жазып, бөлімпаздардың кесірін де татқанмын. Қазір ғой, тәуелсіздіктің бір жетістігіндей шежірешіл болып алдық, үш жүз бе, үйді-үйге бөлініп теріс қарайтындар да табылып жатыр. Айтайын дегенім де: Біржан сал атамыз да керейдің ұлы екен, Үкілі Ыбырай бабамыздың «Атыңнан айналайын, керейім-ай, құдайдың арнап берген мерейін-ай» деп сыйлаған өлеңі де еске түсті.

Біржан салдың қанына сіңген даналықтың бір мәйегі — ел бірлігін сақтау. Ол Ақсары болысының беделді биі болған мың жарым жылқылы атасы Қожағұл Бертісұлын қанша арқау етсе, «Ақсары, Тоқсары мен екі Керей» деп қана өзі шыққан керей елін ғана емес, қатарлас өскен атығай, қарауылды бауыр тартып бәрінің бастарын қосуға тырысқан. Ол, ол ма ойшыл ақын: «Сайраған Орта жүздің бұлбұлымын» деп шалқып, кейде «қазақ жоқ Біржан десе нанбайтұғын» деп бүкіл елге қызмет еткенін алға тартады. Осы ойды Сәкен Сейфуллин:

*Қазақта кім білмейді Біржан салды,
Ағызған қызыл тілден шекер балды.
Сан ақын жарысқанда талай тойда,
Үздік боп бәйгіні ақын Біржан алды, —*

деп үлкен сүйіспеншілікпен жырға қосыпты. Біржан сал ел төңірегінде қалып қоймас ұлы өнерін шет елдерге жеткізуді армандайды. Сонда:

*Қырымға қарайтұғын ақиықпын,
Аң алмай жерге бекер қонбайтұғын.
Тұлпармын Көрғұлының ғиратындай,
Алдына жүгірсе мал салмайтұғын, —*

деп асқақ арманын қосып тасқындата жырлайды. Азаматтық үлкен мінез білдіріп, ел бірлігімен бүкіл елдің ұлағатты ұлдарын паш етеді: «Қарқабат, Қарақожа ата-бабам» деп керейін де ұмытқандай болады. Ол өз ата-бабасын ешқашан ұмытқан жоқ, ол елде бар асылдарды сүйеу етеді. Қалай десек те, көз көрген үлкендер Біржан салды Сегіз серіден кейінгі қазақтың сал, серілерінің шоқтығы биік ағасы, әншіліктің атасы санайтын. Міне, сол ұғымды өмір бойы көкейіме сақтап, бұлтарпай ұлағаттап келемін» [21; 133].

Рулық-патриархалдық әдет-ғұрыпқа қарсы шығып, жырына әйел теңсіздігін, әлеумет күйін арқау еткен өнерпаздың өмірі қиындықтар мен мұқтаждыққа толы болды. Қуғынға ұшырап, ауруға шалдыққан Біржан сал 1897 жылы дүниеден өтті.

3. Сәбит Мұқанов (1900–1973) — қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі. Ол 1922–1926 жылдары Орынбордағы рабфакта оқыды.

1923 жылы публицистік және әдеби қызметпен айналыса бастады. С.Мұқанов «Абай — қазақ әдебиетінің классигі», «Жамбыл — Қазақстанның халық ақыны», «Сәкен Сейфуллин» мақалаларын жазды.

1935 жылы Мәскеу Қызыл профессура институтының әдеби бөлімшесін бітіреді.

«Адасқандар», «Теміртас», «Өмір мектебі», «Жұмбақ жалау» (кейіннен өңделіп «Ботагөз» деп аталады), «Балуан шолақ», «Сырдария», «Тыңдағы толқындар» сияқты повестері мен романдары жарияланды [21; 202, 203].

Сәбең өзінің «Халық мұрасы» атты тамаша еңбегінде қазақ шежіресі туралы ойын былай түйіндейді: «Шежіре соншалық көп болғанымен, өрісі оншалық кең болмайды. Мысалы, Нұртаза маған: «Сенің әкең — Мұқан, оның әкесі — Шүкей, оның әкесі — Бектемір, ол — Байбарактан, Байбарак — Сырымбеттен, Сырымбет — Қосайдан, Қосай — Отарбайдан, ол — Шимойыннан, Шимойын — Сибаннан, ол Керейден туған» деп сегізінші атамен мені қазақтың ең көне руының бірі Керейге апарып тірей салды.

Мұндай шежіренің бергі жағы дұрыс болғанымен, арғы ескілікті жағы жаңылыс сияқты. Өйткені Керей тарихта соңғы мыңжылдықтың аржағынан мәлім. «Ашамайлы», «Абақ» болып бөлінетін Керей мың жылдан астам (мүмкін, одан көп болар) жасаған өмірінде, егер жүз жылда орта есеппен үш ата жасайды деп мөлшерлесек, кемінде отыз ата болып бұтақталады. «Абақ» негізінде Қытай мен

Монғолияда, «Ашамайлы» — Совет Одағында, Октябрь революциясына дейінгі әкімшілікте 50 болыстан астам ел болған. Бұл Нұртаза айтатын есептен әлдеқайда көп.

Керей жайлы осылай болса, оның бергі бір бұтағы Сибан, көне кездегі Италияның белгілі саяхатшысы Плато Карпинидің (1182–1252) Орта Азия көшпелілері жайында жазған еңбегінде аталады. Сонда бір ғасырда үш ата жасайды деп жорамалдасақ, тарихта мәлім кезінен бастағанда, Сибан мен менің арам 20–22 атаға созылады. Одан арғы Сибандар қайда?

Ауызша айтылатын шежірелердің бәрі де осындай. Қандай шежіреші қазақ болмасын (хат танымайтындары) жеті атасына дейін жақсы біледі де, одан арғысын бұлдыратып жібереді.

Кейде аталардың бұрынғы-соңғылары алмасып та кетеді. Мысалы, қазақ шежіресінде «Күрлеулі» (Қостанай мен Баянауылда) қазақтың, қыпшақтың бергі бір атасында саналса, біздің мың жылдықтың басында жасаған тарихшы Рашид-ад-Дин жазған «Жамғу-эт-тауарихта» Алшын бар, оны біз Кіші Жүздің бір бұтағына санаймыз. Рашид-ад-Дин кезінде «жүздер» болмаған.

Жалпы алғанда «қазақ» аталатын шежірелердің нұсқалары көп және өзара қайшылықтары да аз емес. Қазақтар бергі аталары мен арғы (түпкі) аталарын бір келкі айырады да, ортадағыларын шатастырады.

Кейбір рулар ауысып та келеді. Мысалы, «Қаракесек» немесе «Бике» аталатын, тағы сондай рулар Орта жүзде де, Кіші жүзде де бар. Бір жорамалда: Кіші жүзде «Керейт» аталатын румен Орта жүздегі «Керей» бір тұқым. Тіпті Сібірдегі «Корея» аталатын ұлтты да осыларға қосып қояды. Мәшһүр Жүсіп бұл жайда: «Аржағын Алла біледі», — деп тұңғыыққа тіреледі [22; 21, 22].

Сәбит Мұқанов — тамаша әңгімеші, кейіпкерлерді әлеуметтік-психологиялық сипаттаудың шебері болды. Ол қазақ романының дамуына үлкен үлес қосты [23].

4. Ғабит Мүсірепов (1902–1985) — қазақтың әйгілі жазушысы, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, Социалистік Еңбек Ері. Туған жері — қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданы.

Ғабен Орынбордағы рабфакта оқып жүргенде өзінің тырнақалды туындысы — «Тулаған толқындар» повесін жазады. Содан былай қарай баспа орындарында, партия, кеңес мекемелерінде жауапты қызмет атқара жүріп, шығармашылық жұмысын толассыз дамыта береді. Соның нәтижесіндей болып, «Қос шалқар», «Көк үйдегі көршілер», «Шұғыла», «Талпақ танау» әңгімелері мен «Бір адым кейін, екі адым ілгері» повесі жыл аралатып барып, бірінен кейін бірі жарық көреді.

Шығармашылық жолының бір белесін аналар туралы әңгімелер топтамасымен түйіндеген жазушы енді кең тынысты туынды жазуға кіріседі. Екінші дүниежүзілік соғыстың аяғын ала ол өзінің тұлғалы туындысы — «Қазақ солдатты» романын жазады. Роман тың тақырыбымен, образдарының көркем бейнеленуімен, сюжет құру шеберлігімен, тартымды тамаша тілімен таңдаулы қазақ романдарының қатарына қосылады. Бұдан кейін ол араға біраз уақыт салып барып, өзінің ең ірі салалы да салиқалы шығармасы «Оянған өлке» романын жариялайды.

Ғабит Махмұтұлы «Кездеспей кеткен бір бейне» кітабы үшін Абай атындағы республикалық сыйлық алады. Араға бес-алты жыл салып барып, прозадағы соңғы елеулі туындыларының бірі — «Ұлпан» повесін жариялайды.

Сонау отызыншы жылдарда-ақ үлкен драматург екенін танытып, «Қыз Жібек» операсының либреттосын, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» пьесасын берген Ғ.Мүсірепов кейінгі жылдарда да бүкіл қазақ драматургиясының тамаша туындысы болып табылған «Амангелді», «Ақан сері-Ақтоты» пьесаларын жазады. Оның шығармаларының негізінде кинофильмдер түсіріледі [20; 191].

Академик Серік Қирабаев «Ғабен романдары — рухани мәдениеттің озық үлгісі» атты мақаласында: «Ғабит — қазақ көркемсөзінің айтулы шебері. Оның тіл байлығы, әр сөзді орын-орынына қоя білуі, тілінің тазалығы кімді де болса ғажап қалдырады. Бұл тұрғыда онымен тең келетін жазушы біздің ұлттық әдебиетімізде жоқ. Оның тіл мәдениеті көп жазушыға үлгі бола алады. Әрине, жазушылық шеберлік деген тек тіл байлығы ғана емес, «Ғабит суреткер» деген ұғымға жоғарыда сөз болған шығарма идеясының терең ашылуы, әлеуметтік өмір шындығынан туатын тартыстардың нанымды өрістеуі мен шешілуі, образ жасаудың дәлдігі, көркем тілдің бейнелілігі — бәрі кіреді. Ғабит — осы жайлардың барлығын тең шеше білген жазушы. Ол заман талабын, өзгерістер заңдылығын ерекше сезінді, әлеуметтік күштердің ара салмағын дұрыс пайымдады, болашақты болжай алды, өткеннің бағасын дәл ұғынды. Осы тұрғыдан да ол үлкен суреткерлікке көтерілді. Адам бейнесін ашуда үлкен образдармен шектелмеді, эпизодтық бейнелердің өзінде аз сөзбен, жеке бір көріністе оны жарқ еткізе түсу — Ғабит өнеріне тән дүние. Жазушы жасаған

монологтар, ішкі монолог, диалогтар, әр кейіпкердің сөзінің ісімен сәйкестігі де жазушы шеберлігінің құрамына кіреді.

Ғабит — ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі. Оның шығармалары халықтың осы дәуірде туған рухани мәдениетінің озық үлгілеріне қосылады», — деп, Ғ.М.Мүсіреповтің шығармашылығына өте жоғары баға береді [24; 4].

Сөз соңында мына бір қызық ақпаратты жұртшылық есіне сала кеткен жөн сияқты. Ғабит Мүсіреповтің шығармалары әлем халықтарының 34 тіліне, олардың ішінде француз, ағылшын, неміс, испан тілдеріне аударылған. Екі жүз томдық әлемдік әдебиет кітапханасына қазақ жазушыларынан М.Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы мен Ғабеннің «Этнографиялық әңгімесі» ғана еніпті.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақтың көне тарихы / Дайынд. М.Қани. — Алматы: Жалын, 1993. — 400 б.
- 2 *Омарбеков Т.* Байырғы Керейлер (Керейттер) // Қазақ тарихы. — 2012. — № 4. — 2–5-б.
- 3 *Ақанов М.* «Керей», «Ашамайлы» және «Абақ» этнонимдері туралы // Қазақ тарихы. — 2007. — № 3. — 23–29-б.
- 4 Қазақ шежіресі. Үш тараудан құралған жин. — Целиноград: «ҚАЛАМГЕР» шығармашылық алқасы, 1991. — 92-б.
- 5 *Жалмұханбетов К.* Ғасырлар белесі. — Астана: «Ақарман-медиа» ЖШС, 2010. — 278 б.
- 6 *Сейдімбек А.* Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу. — Астана: Фолиант, 2008. — 728 б.
- 7 Қазақ Совет энциклопедиясы. — Т. 1 / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1972. — 648-б.
- 8 Қазақ Совет энциклопедиясы. — Т. 10 / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1977. — 648-б.
- 9 *Көпейұлы М.Ж.* Ит дүние. Таңдамалылары. — Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2008. — 416 б.
- 10 *Үсенбаев Т.* Қазақ шежіресі. — Т. 2. Орта жүз — Жан Арыс. — Алматы: «Полиграфкомбинат» ЖШС, 2007. — 376 б.
- 11 *Жұмағали С.* Керейлер жайлы бірер сөз // Азия-Транзит. — 2003. — № 9(42). — 32–36-б.
- 12 Қазақ Совет энциклопедиясы. — Т. 12 / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1978. — 600 б.
- 13 Қазақ Совет энциклопедиясы. — Т. 9 / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1976. — 640-б.
- 14 Қазақ Совет энциклопедиясы. — Т. 4 / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1974. — 672-б.
- 15 Қазақ Совет энциклопедиясы. — Т. 5 / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1974. — 656-б.
- 16 Қазақ Совет энциклопедиясы. — Т. 8 / Бас ред. М.Қ.Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет энцикл. Бас ред., 1976. — 664-б.
- 17 *Бұқар жырау Қалқаманұлы.* Шығармалары. — Алматы: Полиграфия, 1992. — 96-б.
- 18 Тінәлі: Шежіре / Құраст. Б.Смағұлов. — Астана: «Полиграфкомбинат» ЖШС, 2012. — 544-б.
- 19 Біржан сал Қожағұлұлы. Өлеңдер. — Алматы: Жазушы, 1967. — 228-б.
- 20 Тарихи тұлғалар / Құраст. Б.Тоғысбаев, А.Сужикова. — Алматы: «Алматыкітап» ЖШС, 2006. — 376 б.
- 21 *Салықов К.* Біржан сал жайлы толғаныс // Жұлдыз. — 2013. — № 9. — 131–139-б.
- 22 *Умарова Г.С., Шарабасов С.Ф.* Қазақ әдебиетінің тарихы: Оқулық. — Астана: Фолиант, 2007. — 244 б.
- 23 *Мұқанов С.* Халық мұрасы: Тарихтық-этнографиялық шолу. — Алматы: Жазушы, 2005. — 304 б.
- 24 *Қирабаев С.* Ғабен романдары — рухани мәдениеттің озық үлгісі // Егемен Қазақстан. — 2002. — 26 сәуір. — 4-б.

Р.С.Каренов

Этническое происхождение племени «Керей» и его родословная

В статье раскрыты историческая роль и место племени «Керей» среди других племен Среднего жуза. Описано происхождение племени «Керей», относящегося к Среднему жузу, и племени «Керейт», принадлежащего Младшему жузу. Дана историческая характеристика различных казахских родов, входящих в состав племени «Керей». Автором уделено внимание выдающимся личностям — выходцам из данного племени, сыгравшим особую роль в истории своего народа.

R.S.Karenov

Ethnic origin of the tribe «Kerey» and its genealogy

The historical role and place of «Kerey» tribe among other tribes of the Middle Zhuz are revealed. The «Kerey» tribe origin relating to the Middle Zhuz and the «Kereyt» tribe belonging Junior Zhuz are described. The historical characteristic of various Kazakh childbirth which is a part of a «Kerey» tribe is given. Attention is given to outstanding individuals — people from this tribe that played a special role in the history of his people.

References

- 1 *Ancient history of Kazakhs* / It is prepared by M.Kani, Almaty: Zhaly, 1993, p. 400.
- 2 Omarbekov T. *History of Kazakhs*, 2012, 4, p. 2–5.
- 3 Akanov M. *History of Kazakhs*, 2007, 3, p. 23–29.
- 4 *Genealogy of Kazakhs (the collection consisting of three chapters)*, Tselinograd: «KALAMGER» publ. group, 1991, 92 p.
- 5 Zhalmukhanbetov K. *Difficulties of centuries*, Astana: LLP «Akarman media», 2010, 278 p.
- 6 Seidimbek A. *Oral History Kazakhs: Research*, Astana: Foliant, 2008, 728 p.
- 7 *Kazakh Soviet Encyclopedia, 1* / Ed. M.K.Karataev, Almaty: The main ed. of the Kazakh Soviet Encycl., 1972, 648 p.
- 8 *Kazakh Soviet Encyclopedia, 10* / Ed. M.K.Karataev, Almaty: The main ed. of the Kazakh Soviet Encycl., 1977, 648 p.
- 9 Kopeyuly M.Zh. *Dog life. Favourites*, Almaty: International club after name of Abay, 2008, 416 p.
- 10 Usenbayev T. *Genealogy of Kazakhs, 2, The Middle Zhuz — Zhan Arys*, Almaty: «Poligrafkombinat» LLP, 2007, 376 p.
- 11 Zhumagali S. *Asia Transit*, 2003, 9 (42), p. 32–36.
- 12 *Kazakh Soviet Encyclopedia, 12* / Ed. M.K.Karataev, Almaty: The main ed. of the Kazakh Soviet Encycl., 1978, 600 p.
- 13 *Kazakh Soviet Encyclopedia, 9* / Ed. M.K.Karataev, Almaty: The main ed. of the Kazakh Soviet Encycl., 1976, 640 p.
- 14 *Kazakh Soviet Encyclopedia, 4* / Ed. M.K.Karataev, Almaty: The main ed. of the Kazakh Soviet Encycl., 1974, 672 p.
- 15 *Kazakh Soviet Encyclopedia, 5* / Ed. M.K.Karataev, Almaty: The main ed. of the Kazakh Soviet Encycl., 1974, 656 p.
- 16 *Kazakh Soviet Encyclopedia, 8* / Ed. M.K.Karataev, Almaty: The main ed. of the Kazakh Soviet Encycl., 1976, 664 p.
- 17 Buhar Zhyrau Kalkamanuly. *Works*, Almaty: Polygraphy, 1992, 96 p.
- 18 Tinaly: *Genealogy* / Compiler B.Smagulov, Astana: LLP «Polygraphcombinat», 2012, 544 p.
- 19 Birzhan sal Kozhagululy. *Works (songs)*, Almaty: Zhazushy, 1967, 228 p.
- 20 *Historical figures* / Compilers B.Togysbaev, A.Suzhikova, Almaty: LLP «Almatykitap», 2006, 376 p.
- 21 Salykov K. *Zhuldyz*, 2013, 9, p. 131–139.
- 22 Umarova G.S., Sharabasov S.G. *History of Kazakh literature: The textbook*, Astana: Foliant, 2007, 244 p.
- 23 Mukanov S. *Heritage of people: historical and ethnographic overview*, Almaty: Zhazushy, 2005, 304 p.
- 24 Kirabaev S. *Egemen Kazakhstan*, 2002, April, 26, p. 4.

UDC 101.1: 316

B.K.Dusalina, P.P.Soloshchenko

*Ye.A.Buketov Karaganda State University
(E-mail: aidana.akesina@gmail.com, p_soloshchenk@mail.ru)*

Philosophical aspects of humanization process of higher education

The article touches upon the problems of modernization of higher educational system in the context of the need of cultivating humanistic values in terms of civilizational crisis and mission of classical university in educating an independent and responsible person as the basic condition of educational humanization as well. The social and philosophical analysis of cognitive bases of humanization process of higher education including world and national tendencies of educational system development is offered.

Key words: humanization, education, classical university, Bologna process, activity approach.

We understand the word humanization as an ability of the education as social institution to provide conscious independence got by a person in mastering space and time in his life. One can judge on the prevalence of positive (or negative) tendencies in the process of humanization of the educational system which is the main condition for the reproduction of social life in all its diversity according to the increase (or decrease) of independence degree of the subject of educational activity.

In this regard general theoretical ideas of form and content of educational process are extremely mobile and specific historical types of educational programs of this or another society remained and still remain in a condition of constant transformation. Therefore, the problem of modern Kazakhstan humanization of education, in our opinion, is to maintain and use their own positive experience in this activity taking into consideration the general vector of the development of world education within the globalization conditions in organization and structure of the educational system. Nowadays, most representatives of domestic socio-humanistic knowledge taking an interest in humanization of education agree that current system of education and, in particular, such as the element of high school, continues to carry out, first of all, social order for training of narrow experts for the social production, skilled workers implementing functionaries sought technologised system of work organization [1; 54, 55]. This leads not only to the predominance of utilitarian and pragmatic approach to learning, in which knowledge becomes an information item, a product for sale and consumption, but also to the loss of students' own totality, to the formation of «one-dimensional man» (Marcuse), to the fragmentation of the human being as «person seldom meets himself» in modern technocratic world (Heidegger).

Currently, recognizing the objective character of widespread informative and communicative technologies, one should not stop thinking about its ambiguous influence on culture of thinking. From our point of view, human adaptation to the world of information technology is formed «mosaic» style of thinking. There is a weakening of reflective ability that leads to fragmentation of consciousness and has a negative impact on the development of the whole personality and complicates the process of self-identification. And as a result: the weakening of judgment's ability (Kant's «lack of judgement's ability is stupidity»), decrease of critical needs, profanity of objective and evidence-based knowledge, the promotion of sensual life's cult, strengthening of social apathy and infantilism, spread of irrational outlooks and superstitions. All this leads to a decrease of human's independence in choosing his relationships with the world around, to the gradual loss of the ability to be independent and responsible in perceiving and solving problems of social and personal life.

However, the main contradiction connected with tendencies said above, in our opinion, is as follows: the desire to be integrated into a new socio-technical system is due to the changes of person's determination

A.O.Boronoyev to the structure of ethnic identity include, on the one hand, the ideal representative of the nation, self-determination yourself through unity and independence and marking its place among others, on the other hand, awareness of national values included in the concept of «Homeland» by assessing with moral-psychological side. Whereas V.S.Mukhina defined national self-consciousness as an internal system of man. Of course, since consciousness is based on the human outlook on life, it is the result of human mental phenomena, such as sensation, perception, emotion, etc. In this case, national self-consciousness is an indicator of fixing his tastes, attitudes, interests, feelings, pride, language.

In this regard, significant statement of A.R.Luriya is about that ethnic identity is a phenomenon which is not only the result of a conscious analysis, but it is also a new psychological system, specifically designed to reflect the reality that determines the content of particularly conscious person. However, it is a purely individual phenomenon, enabling them to self-activity of the person showing his own views on himself and other people.

The level of development of national self-consciousness of man depends largely on ethnic prejudices formed in life personality of his relationship to his own nationality and inward looking. Ways of formation and development of national self-consciousness of these structures are realized in the process of socializa-

tion. As the above-mentioned phenomena is developed, depending on the specific environment of socialization of national identity and from the changes of social relations.

Thus, to the structure of national self-consciousness we can include the following main components: national stereotypes, national attitudes, beliefs and ethnic prejudice. Because these components determine the basic direction of the national life of the individual. And thus character, emotional state, a system of human communication are built. Hence, it becomes clear that for the study of human self-consciousness it is necessary to define manifestations of ethnic prejudice in his life's journey, their dynamics and social factors influencing them. For example, we can show the basis of such national characteristic of the Kazakh people's positive qualities like hospitality, fraternity, politeness and negative qualities such as laziness, strictness, envy only by revealing the causes and mechanisms for determining the positive and negative ethnic prejudice. Therefore, only correctly identifying the factors and mechanisms of manifestations forming ethnic prejudices we may disclose positive way formation of national self-consciousness.

Todd Nelson in his work gives wrong belief as object estimation (social group) in 60–70 years. He told: «But it, in principle, will be the direction. Therefore, in most cases, we considered it from affective, informative and characteristic points of view» [8; 25]. Because, on an explanation of the author, wrong belief in estimation of the person affective character which has arisen in this regard. According to the same author, in informative and social conditions the direction (estimation), that is «wrong belief» can weaken [8; 330].

Acquaintance to history, to present nature of the nation is not theoretical task, it is steady political compliance, unity. Expansion of the informative direction of members of the nation promotes correctly to estimate national values, to development of national culture. Forms belief of each member of the nation.

Belief is a special psychological phenomenon. Among them, religious beliefs are a special case, because they are created by circumstances of life of society. Together with feelings of belief there is basis of motivation, the purpose of activity of the person and is a reference point. Theological religious beliefs are not separated quality with all the heart the person or pleasure which was granted by god. In such look the belief joins common sense as a knowledge basis.

In the modern basic of concepts the national direction should be understood, first, as an uncertain condition of internal readiness. The national direction is formed through itorichesky development. Secondly, fixing of the main national napravleniye should be looked for in formations of national stereotypes. Formation of national stereotypes is a response to the social truth, each reaction or each situation not only is connected with okruzhayeshy reality, it is designated by this factor.

Thirdly, the national direction, as well as other directions, is formed through action process, but unlike them is shown as the specific social norm, a character indicator.

So, the national direction should be carried to funktsionalization process because the role of the national direction is interconnected with the provision of mentality of ordering. The national direction is shown through each nation as norm of primary activity of mentality. There national mental features are shown and form a form of manifestation of psychology, as the internal maintenance of the nation.

The direction was investigated at D.N.Uznadze's school as a special phenomenon and some determining is given it: «The direction is a dynamic state, constant readiness of one subject, an obespechivaniye participation of a stream of actions in this object character with precisely put orientation of the subject», etc.

In the person there is the whole area of activity, leads to simple conscious psychological actions and research of this area causes great scientific interest, and without special analysis it isn't possible to understand human psychology. If to consider his words, the direction — a phenomenon which conforms to physiological requirements of the personality, helps to define complexity of a condition of the person, to investigate his actions.

Agreeing with this opinion V.N.Myasishev showed that other social objects, difficult social and psychological situations and sphere of activity of the relation of the personality which arise in consciousness of the person through communication as are widely considered.

The orientation of the personality designates contrasts, which встречаются in the person. That is, it is considered the difficult situation, difficult object which influences formation of social and psychological life of the personality. For this reason it is possible to correlate an orientation of the personality to one accuracy (to reality, concreteness, clarity). In that case, wrong belief will be a basis of strengthening of this orientation.

In everyday life people perceive one thing differently, under the law someone has to be mistaken. But the psychological science acts against this conclusion. Perception of simple object not separate act, and part of difficult process. It is, first, connected with system, experience, interest considered объекта and with the

practical purpose of the subject. For example, if perceive it is scolded by a simple metal design, the engineer perceives it as a certain part of any car.

«Direction» which is a basis of each act of knowledge, communication and work is an orientation of the subject, the provision of a dynamic readiness, a tendency to a certain action, ability to satisfy certain needs of the individual. Formation of system of the direction of the person is found on the basis of his life experience, mood and develops not considerably for him through a certain social environment. In that case, formation of the national direction in consciousness of the member of the nation as wrong belief changes and carried out in the course of its socialization — in study, game, etc.

Decisive key ethnic wrong belief — manifestation in structure of a sonaniya and society history. On the eve of a civilization of each ethnic group to everyone is inherent to put itself above another, the relationship between the different nations wasn't identical, it is noticed in different stereotypes. The American sociologist and the psychologist who for the first time has made classification of these stereotypes, K.M.Kwan describes an image of others ethnic group through historical relationship in consciousness of the people. If two groups interact, create each other the positive direction, patiently look at some distinctions. And if groups do not communicate, won't influence vital interests, people won't be positive to each other or negatively. Their directions are expressed by curiosity.

If any nation against other ethnic group, understanding that is negative to this nation, creates wrong belief. And as, considers that their hostile relation was created from bad habits. They prove these concepts through the endured facts. For example, as: «We had one Mexican who gave nobody life! « (I.Kon). Such wrong opinion can be met and in everyday life. It is possible to see origin of the wrong direction to the child through wrong belief, for example, if the brother had a bad behavior, was the bad pupil, to estimate his brother as: «And your brother studied, both his study, and behavior were bad!». In the course of communication of groups wrong belief in national knowledge change, in connection with psychofunctional activity of consciousness at cross-cultural communication in the course of knowledge of each other of members of the nation understanding between them, ability to compromise leads to emergence of the direction of unity, coherence and integrity [9].

In the drawing located below, we see that in orientation system as the consciousness component, ethnic wrong belief are a psychofunctional changeable component.




Figure. Ethnic wrong installations the main component of national consciousness in orientation system

So, theoretical we prove that ethnic wrong belief are a basis of the direction and very weak, uncertain, ill-founded phenomenon. In this regard, ethnic wrong belief play estimating, ordering role in formation of

emotional and motivational character of the personality. Wrong belief, on different social situations, take a significant place in consciousness of the person and become an initial source in consciousness formation. That is, we can tell that the national consciousness and the direction of the personality is its justification, understanding, definition in the social environment which are noticed in actions, opinions, acts of the person in society and in this regard wrong belief and socialization of the person, directed on mastering of the basic rules of society.

References

- 1 Kon I.S. *Finding yourself: Personality and self-consciousness*, Moscow: Politizdat, 1984, 335 p.
- 2 Porshnev N.F. *The contrast of ethnic self-consciousness*, Moscow: Nauka, 1973, 320 p.
- 3 Uledov A.K. *The spiritual renewal of society*, Moscow: Nauka, 1990, 314 p.
- 4 Kaltakhchyan S.T. *Questions of history*, 1996, 8, p. 3–6.
- 5 Drobizheva L.M. *Soviet Ethnography*, 1991, 1, p. 3–13.
- 6 Chagai L.P. *National self-consciousness of person: the nature, contradictions, problems of formation*: Dis. ... PhD, Moscow, 1993, 208 p.
- 7 Sarakuyev E.A, Krysko V.G. *Introduction to ethno psychology*, Moscow: Institute practical Psychology, 1996, 344 p.
- 8 Nelson T. *Psychology of prejudices: Secrets of templates of thinking, perception and behavior, 2 nd international edition*, St. Petersburg: «prime-EVROZNAK», Moscow: OLMA-PRESS, 2003, 384 p.
- 9 Amirova B. *Ethnic wrong installations: theory and practice*, Pavlodar: Publ. PSPI, 2009, 395 p.

С.Бони, Б.Ә.Әмірова

Этностық жаңсақ нанымдар — ұлттық сана-сезімнің қалыптасуының бастапқы көрінісі

Мақалада сана-сезімді тұлғаның құрылымдық компоненті ретінде қарастырудағы ғылыми көзқарастарға талдау жасалған. Этностық жаңсақ нанымдар ұлттық сана-сезімнің қалыптасуындағы биосфералық жүйесіндегі тұлға бағыттылығының психофункционалдық өзгермелі компоненті ретінде зерттелді. Сонымен қатар ұлттық сана-сезім, бір жағынан, әлеуметтік категория, екінші жағынан — әлеуметтік-психологиялық феномен ретінде әлеуметтік психологияның зерттеу пәні болатындығы көрсетілді.

С.Бони, Б.А.Амирова

Этнические предубеждения — первичная предпосылка формирования национального самосознания

В статье представлен анализ подходов исследования национального самосознания как компонента структуры личности. На основе данного научного анализа определено, что этнические предубеждения являются основой формирования национального самосознания в биосферной системе направленности личности. Также рассмотрено самосознание как предмет исследования социальной психологии, что является, с одной стороны, социальной категорией, с другой — социально-психологическим феноменом и психофункциональным трансформирующим компонентом самосознания личности.

References

- 1 Кон И.С. В поисках себя: Личность и ее самосознание. — М.: Политиздат, 1984. — 335 с.
- 2 Поршнев Н.Ф. Противопоставление как компонент этнического самосознания. — М.: Наука, 1973. — 320 с.
- 3 Уледов А.К. Духовное обновление общества. — М.: Наука, 1990. — 314 с.
- 4 Калтахчян С.Т. К вопросу о понятии национального самосознания // Вопросы истории. — 1996. — № 8. — С. 3–6.
- 5 Дробизжева Л.М. Этническое самосознание русских в современных условиях // Советская этнография. — 1991. — № 1. — С. 3–13.
- 6 Чагай Л.П. Национальное самосознание личности: сущность, противоречия, проблемы формирования: Дис. ... канд. филос. наук. — М., 1993. — 208 с.
- 7 Саракуев Э.А., Крысько В.Г. Введение в этнопсихологию. — М.: Ин-т практической психологии, 1996. — 344 с.

8 Нельсон Т. Психология предубеждений: Секреты шаблонов мышления, восприятия и поведения. 2-е междунар. изд. — СПб.: Прайм-ЕВРОЗНАК; М.: ОЛМА-ПРЕСС, 2003. — 384 с.

9 Әмірова Б.Ә. Этностық жаңсақ нанымдар: теориясы мен практикасы. — Павлодар: ПМПИ баспасы, 2009. — 395 б.

ӘОЖ 37.15.3.001

М.М.Түсіпова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: TusupovaMM@mail.ru)

Білім берудің гуманистік парадигмасын жүзеге асырудың психологиялық аспектілері

Мақалада ҚР «Білім туралы» Заңында көрсетілген гуманистік басымдықты жүзеге асырудың психологиялық аспектілеріне тоқтала отырып, білім беру саласында қолданылған технократия және гуманизм парадигмаларына сипаттама берілді. Педагогикалық ғылымның өзекті мәселесі болып саналатын оқыту барысындағы педагогтың оқушымен субъект-субъектілі қарым-қатынас орнатудың психологиялық ерекшеліктері қарастырылды. Сонымен қатар білім берудегі тұлғаға бағдарланған гуманистік парадигманың А.Маслоудың «Гуманистік психология» теориясы бойынша берілетін өзін-өзі өзектендіру сияқты жоғары қажеттіліктерді қанағаттандыру жолдары мен өзара байланысы көрсетілген.

Кілт сөздер: парадигма, технократизм, гуманизм, мотивация, мотив, қажеттілік, технология, құзыреттілік, мониторинг.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптерінің бірі ретінде білім берудің гуманистік басымдығы көрсетілген. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім беру саласында оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог қауымының ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық [1].

«Гуманизм» терминін қазақ тіліне аударғанда «ізгілікті» деген сөздің мазмұнымен тұстас келеді, олай болса, белгіленген мақсаттарды жүзеге асыру үшін гуманистік ортаны құруда, алдымен, педагог қауымының бойында ізгілікті қасиеттердің табылуы шарт. Гуманистік психология теориясының негізін салған американдық психолог А.Маслоу (1908–1970). XX ғасырдың 60-шы жылдары өзін-өзі өзектендірген, ізгілікті қасиеттерді бойына жинаған адамға тән қасиеттер деп келесілерді көрсеткен екен:

- шындықты толығымен қабылдау және оған адекватты қатынаста болу (өмір шындықтарын бұрмалаусыз қабылдау, түсіну);
- өзін және өзгелерді қабылдау (өмірде әркімнің өз орыны бар, ешкімде біреудің қалауына сәйкес болуға міндетті емес, адамды барлық болмысымен қабылдау және сыйлай білу);
- өзінің сүйікті ісімен кәсіби тұрғыда айналысу, сол іске бағдарлану;
- әлеуметтік ортадан тәуелсіз болу, өзіндік дербес пікірінің болуы;
- басқа адамдарды түсуге қабілетті, адамдарға деген кеңпейілділік;
- тәжірибесімен бөлісу, объективті баға бере білу;
- жақсылық пен жамандықтың мақсаты мен тәсілдерін ажырата білу (мақсатқа жетуде кез келген тәсіл тиімді бола бермейді);
- жүріс-тұрыстың шынайы болуы;
- әзілге бейім болу;
- өзін дамыту, қабілеті мен потенциалды мүмкіндіктерін ашып, шығармашылық жұмыста, махаббатта, өмірде өзін-өзі өзектендіру;
- жаңа мәселелерді шешуге дайын болу, өз тәжірибесіндегі міндеттер мен қиындықтарды саналы сезіне білу, өз қабілеттерінің мүмкіндігін білу [2].

Қазіргі білім саласындағы жаңа формация педагогтеріне қойылатын талаптар мен құзыреттілік моделі жасалуда. Педагогке қойылған талаптарға сәйкес болу үшін педагогтың өзімен жұмыс жасауына тура келеді. Алдымен бұл өзгерістер адамның ойлау стилін өзгертуден бастауды қажет етеді.

«Мен қандаймын?» және «Қандай болуым керек?» деген сұраққа дәйекті жауап алу үшін білім беру жүйесінде қолданылған гуманизмге қарсы бағыттағы технократизм парадигмасының сипатына тоқталып кетейік.

Технократизм адам іс-әрекетін ұйымдастыруда қаталдық (әміршілдік) формасын көздейді және өз атауында тұрғандай механикалық, техногенді сипатқа ие. Механикалық принципті негізге алған автоматтандырылған жүйе адамға дайын жүріс-тұрыс пен ойлау тәсілін қолдануды талап етеді. Бұл ойлау жүйесіне стереотип болып қалыптасып, оның өмір бойына созылады, өйткені адам оның шектеуінен шыға алмайды, бойындағы әмбебап мүмкіндіктерін жүзеге асыра алмайды. Технократия принципін ұстанушылар барлық жағымды қасиеттерді біріктіретін жүріс-тұрыс моделін аз уақыт ішінде адам бойында қалыптастыруды көздейді, бірақ адамның адам ретіндегі құндылығы, өзіндік рухани байлығы, өзін жетілдіру мәселелері назардан тыс қалады. Технократизм парадигмасы адамға нұсқау беру арқылы көптеген шектеулер қояды, ол қоғамға, әлеуметтік топтарға, тіпті кеңестігі мен шығармашылығы жағынан шектейді. Адамзаттың табиғатпен үйлесімді даму мүмкіндігін шектейтін технократизм идеясын сынға алған кеңес философтары В.Соловьев, П.Флоренский, А.Карсавин, С.Булгаков және Н.Бердяев өз еңбектерінде оның адам ойлауын бір сарынды етіп, толыққанды дамуына шектеу қоятынын ашып көрсетті [3].

«Білім ол — күш» деген ұранды басшылыққа алған технократ-оқытушы дайын білімді оқушы бойына қалыптастыруға тырысады, оқушы тарапынан айтылған сын, ұсынылған жаңа бастама, идея технократия парадигмасында қолдау таппайды, өйткені бұл парадигманың саясаты әміршілдік стильде жүзеге асырылады. Және бұл парадигмада қалыптасқан жолдан ауытқуға немесе қателесуге болмайды, себебі техникаға негізделген идеяда қысқа уақытта сандық мақсатқа жету керек, қатенің себебін анықтап және салдарын жоюға, сапаға мән беруге уақыт мүмкіндік бермейді. Әміршілдік жүйе өз бағдарламасын ұсынатындықтан, адамның рухани дамуына, өмірдің мәнін ұғынып, табиғатпен үйлесімді өмір сүруіне де әсер етеді. Дайын сүрлеумен жүруді көздейтін бұл парадигма үшін адамның діни нанымдары, эстетикалық талғамы, құлықтылық қасиеттері, ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрлері мен мәдениеті маңызды емес, тіпті дінді жоққа шығарып, қалыптасқан ұлттық дәстүрді жойып, өз әмірін орындатқыза алады, сөйтіп, адамды автоматтанған іс-әрекеттің құлына айналдырады. Билік және заң үшін қоластындағылардың бір бағытта жүргені, берілген бұйрықтардың уақытылы орындалғаны, ұсынылған модельге сәйкес болуы өте ыңғайлы. Табиғи үйлесімділіктен, сұлулықтан, рухани байлықтан, діни нанымнан айырылған адамда, әлем туралы, өзі туралы бұрмаланған түсініктің қалыптасуына әкеледі.

Адамзатты қалыптасқан осындай жүйенің құрсауынан азат ету бойынша ғалымдардың ой пікірлері өз ұлтының тарихи даму кезеңдеріне байланысты: мысалы, XVIII ғасырда өмір сүрген неміс философтары И.Гете және Ф.Шиллер технократия жағдайында адам тұтастығын қалпына келтіріп, индивидті тұйықталудан құтқарудың түрлі тәсілдерін қарастырды. Ф.Шиллер «әр адам еркіндікте өмір сүруге құқылы, және оған қол жеткізудің бір жолы — рухани сұлулық», — деп санады [4].


XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында өмір сүрген кеңес философтары П.Флоренский, В.Соловьев, Л.Карсавин және Ж.Маритен адам тұтастығын сақтауда әмбебап, кіріктілген тұжырымдама ұсынды. Ол дінге негізделген, әлем тарихындағы барлық құндылықтарды біріктіруге қабілетті «интегралды гуманизм» жүйесі болды.

Қайта өрлеу дәуіріндегі гуманистік ойлар: «гуманизм» терминін (лат. *humanitas* — адамшылық) қолданды, яғни *humanitas* — адамның тәрбиесі және білімі, оның жоғарғы дәрежеге жетуіне мүмкіндік туғызу деген мағынаны білдіреді. Гуманизм қайта өркендеу дәуірінде дін мен феодализм құрсауынан адам баласын босатып, еркіндікке жетелеуді мақсат еткен әлеуметтік қозғалыс. Гуманизм адамзат және барлық басқа болмыс бастауларынан адамзаттың жоғары тұратындығын білдіреді.

Дамушы мемлекет ретінде бізде технократизмді басшылыққа алған саясатты бастан өткердік, демократиялы елде өмір сүріп жатқандықтан, оқытушылардың әміршілдік принципін басшылыққа алуы тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста қарама-қайшылық тудырып, қақтығысты жағдайлардың туындауына мүмкіндік береді. Сондықтан гуманистік парадигманы жүзеге асыруға психологиялық тұрғыда дайын болу үшін А.Маслоудың «Гуманистік психология» теориясымен танысып көрелік.

«Гуманистік психология» теориясы психологиялық дені сау, өз дамуының шегіне жететін, өзін өзектендіре алатын үйлесімді тұлғаның қалыптасуын көздейді және оның негізгі ұстанымы әр адамды біріккен, әмбебап, ұымдасқан тұтастық ретінде қарау. Гуманизм теориясы бойынша, «адам тағдырына деген жауапкершілікті өз қолына алып, ұсынылған мүмкіндіктердің арасынан еркін таңдау жасай отырып, өмір бойы өзін жетілдіруге тырысуы қажет» деп түсінген американ психологы А.Маслоу әр адамның толысуына және өзін өзі жетілдіруге деген потенциалды мүмкіндіктері бар деп көрсетеді. Адамның өзін жетілдіруінде мотивация ықпалының басым екенін айтады [5].

Мотивация — адамды әрекет жасауға итермелейтін, оның жүріс-тұрысын басқаратын, бағыттылығы мен белсенділігін анықтайтын және өз қажеттілігін қанағаттандыруға деген қабілеті. «Мотивация» ұғымының толық мазмұны ашылу үшін, оның құрылымдарының сатылап орындалуы шарт (1-сур.).




1-сурет. Мотивация құрылымы

Мотивация құрылымының қадам бойынша іске асырылуын оқушының танымдық мотивация бойынша түсіндіретін болсақ, баланың оқуға деген мотивациясын арттыруда, алдымен, оның сабаққа деген қызығушылығын ояту; қызығушылық болған жағдайда баланың саналы түрде оқуға, тануға деген өзіндік қажеттілігі пайда болады; осыдан келіп бала білім алуға байланысты өзіндік мақсатын қояды (мақсатты бала өзі қоюы қажет); ал мотив адамды әрекет жасауға итермелейтін ішкі күші деп түсінсек, бұл жерде баланың оқу мақсатына сәйкес өз әрекетін ұйымдастыруы жатады (үй тапсырмасы, таңертең сабаққа тұру деген әрекеттерді ата-ананың нұсқауымен емес, өздігімен жасауы); әрекет дегеніміз — мақсатқа жету барысында қолданылатын амалдар мен тәсілдер. Осы тізбек ретімен орындалып шыққанда мақсатқа қол жеткізу және қажеттілік пен қызығушылықтың қанағаттандырылуы және баланың оқу мотивациясының қалыптасқандығы туралы айта аламыз. Қорыта айтқанда, жаңа формация педагогы үшін гуманизм принципіне сәйкес мақсат қойып, соған қол жеткізуде ішкі мотивінің болуы өте маңызды.

Адам қажеттілігі иерархиялық сипатқа ие болғандықтан, төменгі қажеттіліктер қанағаттандырылмайынша, жоғары қажеттіліктерді өтеуге деген мотивациялардың мәні маңызды бола бермейді. Себебі төменгі қажеттіліктер қанағаттандырылған жағдайда өз маңыздылықтарын жояды да жоғары қажеттіліктерді қанағаттандыруға деген мотивация пайда болады. Өмірдің мәнін түсінуге тырысу арқылы адам өз қабілеттері мен мүмкіндіктерін пайдалана отырып өзін дамытуға талпынып, тұлға дамуының жоғарғы кезеңі — өзін жүзеге асыру кезеңіне өтеді.

Тұлғаның жоғарғы қажеттілігі болып табылатын өзін-өзі өзектендіруге деген қажеттілігі, яғни адам өз табиғатынан кім бола алады сол салада өзін өзектендіруі, өзінің потенциалды мүмкіндіктерінің жоғарғы шыңына жетуі. Қандай мамандық саласы болмасын адамның өзін өзектендіруіне негіз бола алады, сол кәсіпті терең игеріп, сапалы орындау арқылы да жоғары қажеттіліктерін қанағаттандыруға болады. Кейде адамдар өз әлеуметін түсінбей, оны жетілдіруді маңызды деп ойлай бермейді, себебі өз мүмкіндігі мен қабілеттеріне күмәнданады, ал өзін-өзі өзектендіру тәуекелге бел байлаумен, сыртқы күшке қарсы күресумен байланысты болғандықтан, қауіпсіздікке деген қажеттілікті қанағаттандыруды қолайлы санайды. А.Маслоудың қажеттіліктер пирамидасы бойынша бойымыздағы психологиялық түйінді анықтап, сонымен жұмыс жасау арқылы дамудың келесі кезеңіне өтеміз.

Ал мақсат қоюға негіз болатын қажеттілік мәселесі де А.Маслоу теориясынан тыс қалмаған, ол қажеттіліктер иерархиясын (пирамидасын) төмендегідей көрсеткен (2-сур.).



2-сурет. Қажеттіліктер иерархиясы (А.Маслоу)

Егер бұл суретті талдайтын болсақ, адамға табиғатынан берілген физиологиялық қажеттілік (тамақтану, тыныс алу, ұйықтау, сексуалды қажеттіліктер) базалық қажеттілік ретінде бірінші кезеңге алынады. Екінші кезеңге қорғануға деген қажеттілік (материалдық, тұрмыстық қажеттіліктер, денсаулығын сақтау, өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету). Төменгі қажеттіліктер қанағаттандырылған жағдайда үшінші кезеңге әлеуметтік қажеттіліктер (қарым-қатынасқа түсу арқылы отбасына, досқа, махаббатқа деген қажеттіліктер) келеді. Төртінші кезеңге өзін сыйлатуға деген, өз ортасында белгілі бір беделге ие болуға деген қажеттіліктерді жатқызады. Бесінші кезеңге, әрі қажеттіліктердің ең биік шыңы — адамның өзін жүзеге асыруға, өзін өзектендіруге деген қажеттіліктерін жатқызады [6].

А.Маслоу зерттеулері бойынша өзін өзектендірген адамдар саны өте аз болып келеді екен, оның себебін төмендегідей көрсетеді:

- төменгі және жоғарғы мотивацияны қанағаттандыруға кедергі келтіретін әлеуметтік жағдайдың әсері;
- өз мүмкіндіктерін бағаламау, өз қабілетіне күмәндану, сәттілікке деген қорқыныш адамның өзін жетілдіруіне кедергі келтіреді;
- қауіпсіздікке деген қажеттіліктің жоғары болуы адамның өзгеруіне, өсуіне, жетілуіне кедергі келтіреді, өйткені оның салдары тәуекелге, қателесуге, қобалжуға әкелуі мүмкін [5; 72].

Жалпы жоғарғы қажеттіліктердің қанағаттандырылмауын адам аңғармауы мүмкін және оны жүзеге асыруға деген ниеті де саналы бола бермейді, дегенмен, адамның өсуіне кедергі келтіріп, психологиялық денсаулығына әсер етуі мүмкін (апатия, депрессия; адамдарды, өмірді жақсы көрмеу; бүгінгі күнмен өмір сүру; әлемде болып жатқандарға, жаңа ақпараттарға қызығушылық танытпау; өшпенділік, жек көру, эгоизм; бір нәрсеге қол жеткізуге тырыспау; өмірдің мәнін жоғалту; нашақорлыққа, ішімдікке әуестену).

А.Маслоу өзін өзектендірудің бірнеше жолдарын төмендегідей көрсетеді:

- өзімізде және бізді қоршаған ортада болып жатқандарды саналы түрде аңғара білу;
- түрлі мәселелерді шешкенде белгілі таныс шешімдерден гөрі, жаңа жолдарды қарастыруға тырысу;
- жағдаятқа деген өзіндік қатынасын қалыптастыру, шешім қабылдауда өзгелердің пікірі мен көзқарасынан тәуелсіз болу;
- шыншылдық және жауапкершілікті өз қолына алу;
- өз инстинкті мен пікіріне сеніп, соған сәйкес әрекет ету (кәсіп таңдауда, өмірлік жар таңдауда, тамақтану режимі және т.б.);
- өз қабілеттерін өзіне ұнайтын іс-әрекет түріне бағыттау арқылы дамыту;
- өзін өзектендірудегі өтпелі кезең — адам жан тәнімен берілген жағдайда тұтас әлеммен үйлесімде болғанда, ойы айқын және нақты болады, әлемге деген көзқарасы өзгеріп, өзі содан шабыт алады;

- өзін өзектендірудегі келесі қадам — өзіндегі «психологиялық қорғаныстарды» анықтау (проекция, рационализация, ойдан шығарып тастау, идентификация және т.б.) және оны бұзу;
- өзін өзектендіру қажеттіліктерін қанағаттандыру, өмірдің мәнін түсіну және өзін жетілдірудегі өзінің мәнін жүзеге асыру [7].

А.Маслоу бойынша, адамда бұл қажеттіліктер кезеңмен орындалуы қажет. Мысалы, төменгі қажеттіліктер қанағаттандырылса, адамның тамағы тоқ, отбасы бар, материалдық қамтамасыз етілген болса да бұл толық бақытқа қол жеткізуге мүмкіндік бермейді.

Төменгі қажеттіліктерді адам алдымен маңызын түсініп айтарлықтай қанағаттандырған жағдайда жоғары қажеттіліктерді өтеу үшін жүріс-тұрысында мотивация пайда болады. Сонымен физиологиялық қажеттіліктер қанағаттандырылғанда қауіпсіздікке деген қажеттіліктер туындайды. Осылайша төменгі қажеттіліктерді қанағаттандыру негізінде қарым-қатынасқа деген, мамандықты игеруге, өзінің шағын ортасына деген қажеттіліктер пайда болады. А.Маслоу адамдардың өз идеалына қол жеткізу үшін өмірлік қажеттіліктерін құрбан етуге баратындықтарында жоққа шығармайды (аштық жариялау, өз өмірін қию), ал кейбір адамдарда махаббатқа, отбасына деген қажеттіліктен гөрі, карьера жасау қажеттіліктерін жүзеге асыруы мүмкін. А.Маслоу бойынша, адам орта есеппен физиологиялық қажеттілігін 85 %, қауіпсіздікке деген қажеттілігін 50 %, өзін сыйлатуға деген қажеттілігін 40 %, ал өзін өзектендіруге деген қажеттілігін 10 % қанағаттандырады деп болжайды [7].

Сонымен аталған парадигмаларды салыстыра отырып өз іс-әрекетімізде қандай басымдықты ұстанып жүргенімізді саралауға болады. Яғни гуманистік парадигманы басшылыққа алуда педагог өз бойына ізгілікті қасиеттерді қалыптастыра отырып, оқушылардың толыққанды, үйлесімді дамуына жағдай жасайды.

Бүгінгі күннің негізгі міндеті — білім беру жүйесін дамыту парадигмасының «баршаға білім беруден — таңдау бойынша білім беруге» ауысуы болып табылады. Ол Қазақстан Республикасы жариялаған білім беру басымдығында, «Жалпыға білім беру» моделінен «әр адамға білім беру» моделіне көшуге негізделген.

Ұстаз шәкіртінің білім алуға деген құштарлығын тудыра алмаса, оның ынтасы, пәнге қызығушылығы қалыптаспайды. Білім беруде оқушы өзі ізденіп жаңа тақырыпты өз бетінше оқып, түсініп, сыныптастарымен ой бөліссе, өз білгенін көпшілікке жүйелі түрде жеткізе алса, онда ұстаз нәтижеге қол жеткізгені. Оқушының білім алуға, ізденуге деген жауапкершілігі артқан сайын мұғалімнің міндеті мүлде өзгеріп, ол шәкіртімен пікірлесетін, олардың білгенін саралап, қиналған тұстарына кеңес беретін бағыт берушіге айналуы керек. Жаңаша білім беруде педагог өз бойында ізгілік принциптерін меңгерумен қатар, шығармашылықпен жұмыс істеп, жаңалыққа ұмтылып, оқытудың жаңа технологияларын шебер меңгергенде ғана білімі мен білігі жоғары маман бола алады. Педагог әр сабағын мақсат көздеп, проблемалық ситуациялар бере отырып, оқушының ойлануына, шығармашылық қабілетінің шыңдалуына жағдай жасайды. Таңдаған мамандық саласында жоғары жетістіктерге қол жеткізіп, заман талабына сай бейімделе білу адамнан икемділікті де талап етеді. Ал өзгерістерге тез бейімделу үшін ойлаудың шаблонды түрінен гөрі икемді болуы қажет.

Кәсіби шеберліктің жоғарғы шегі — шығармашылық жұмыс. Анықтамасына тоқталсақ, шығармашылық — бұл теорияны практикамен шебер ұштастыру, оқу-тәрбие проблемаларын жоғары біліктілікпен шешу, белгілі бір бақылау, зерттеу жүргізу. А.Маслоудың гуманистік психология теориясы бойынша өзін сыйлата білу және өзін өзектендіре білуге деген жоғары қажеттіліктерді қанағаттандырумен сәйкес келеді. Шығармашылық іс-әрекетке қойылатын талаптар:

- мақсат көздеу, оған жетуде белгілі бір тақырыппен айналысу;
- оқытудың, тәрбиелеудің және дамытудың технологияларын, әдіс-тәсілдерін кеңінен оқып үйрену, меңгеру;
- ғылыми ойларды, озық педагогикалық іс-тәжірибелерді, білім беру технологияларын, әдіс-тәсілдерді мектеп практикасына, оқу-тәрбие үрдісіне кеңінен енгізуде белгілі бір зерттеуден (эксперимент) өткізу;
- кезіккен проблемаларды шешуде білім, білік, дағдыны жүзеге асыру;
- жүргізілетін жұмыстардың нәтижесін талдап, мониторинг жүргізу;
- алынған қорытындыны баспаға шығару, тәжірибе тарату.

Білім сапасы білім, іскерлік, дағды негіздерінен тұрады: берілетін теориялық білімнің оқушы мүмкіндігі мен жас ерекшелігіне сәйкес жүйелі болуы, оқушының алған білімді практикада қолдану арқылы оны дағдыға айналдыруы. Сапалы білім осы үш негізді педагогикалық ұжымдағы әрбір

мұғалім қамтамасыз еткен жағдайда жүзеге асады. Ол үшін оқушының танымдық мотивациясына назар аударып, білімге деген қызығушылығымен, қажеттілігін қалыптастыру ең маңызды бастама болып табылады. Берілген білімді оқушы өз әрекетінде диагностикалап, өзін-өзі бағалап, өз іс-әрекетін мақсатқа сәйкес жоспарлап жүзеге асыру арқылы кемшіліктері мен оқшылықтарын анықтап дер кезінде түзетулер енгізсе, тиімді нәтижеге қол жеткізе алады. Нәтижеге бағыттала жұмыс жасауда ізгілікті педагог жұмысын жүйелі ұйымдастыру үшін білім беру саясатының мақсатына сәйкес, мектеп мақсатын ескере отырып, өз пәнінің мақсатын қояды. Себебі оқушылардың білім, білік және дағды деңгейі, пәндердің оқытылу жағдайы үнемі бақылауда болып, оқушы біліміне кешенді диагностика жүргізіп, алынған нәтижелерге үнемі талдау жасалған жағдайда педагогтың өз іс-әрекетіне деген жауапкершілігі артады. Оқыту үрдісінде алынған нәтиже бастапқыдағы мақсатқа сәйкес келсе, яғни, білімнің сапасы үнемі бағаланып, алынған нәтиже мен күтілген нәтиже өлшеніп отыратын мониторинг жүргізіліп отырса, оқушы бойында қалыптасып жатқан білім, білік, дағдының көзделген мақсатқа сай болуы немесе ауытқуын көре аламыз. Мониторинг қорытындысы арқылы педагогте, оқушы да өз әрекеттеріндегі кемшіліктер түзеліп, айырымдар анықталады. Осы әрекеттер үнемі жүргізілген жағдайда педагогтар мен оқушылардың танымдық мотивациясы артады және нәтижеге бағытталған іс-әрекет жүзеге асады.

Білім берудегі гуманистік парадигманы жүзеге асырудың психологиялық аспектілерін ескере отырып ізгілікті қасиеттерді бойына сіңірген педагогикалық ұжым, білім беру мекемесінде гуманистік орта құру арқылы өзін және өзгені сыйлап, құрметтей алатын, ойын еркін жеткізе алатын, стандарттан тыс ойлауға қабілетті, өзімен және қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүретін, толыққанды тұлғаның тәрбиеленуіне ықпал етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. — 2007. — 27 шілде. — № 319. // [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.zakon.kz
- 2 Бердяев Н.А. Смысл истории. — 3-е изд. — М.: Мысль, 2000. — С. 45.
- 3 Гуревич П.С. Новая технократическая волна на Западе. — 3-е изд. — М.: Прогресс, 1999. — С. 109.
- 4 Суркова Л.В. Технократизм: социокультурный феномен. — 2-е изд. — М.: Изд-во МГОУ, 1992. — С. 15.
- 5 Мэмфорд Л. Миф машины // Вестн. Москов. гос. ун-та. — 2001. — Т. 7. — № 1.
- 6 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://ru.wikipedia.org/wiki> (дата обращения 12.11.2008).
- 7 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: <http://pro-psichology.ru/sovremennye-psichologicheskie-teorii> (дата обращения 12.11.2008).

М.М.Тусупова

Психологические аспекты реализации образовательной гуманистической парадигмы

В статье рассмотрены психологические аспекты реализации гуманистической парадигмы, которая указана в Законе РК «Об образовании». Даны сравнительные характеристики гуманистическим и технократическим парадигмам, применяемым в сфере образования. Раскрыты психологические особенности формирования субъект-субъектных отношений педагога и учащегося в учебном процессе, который является актуальной проблемой, стоящей перед педагогической наукой. Указана взаимосвязь образовательной гуманистической парадигмы с теорией А.Маслоу «Гуманистическая психология» — главным принципом, лежащим в основе организации мотивации человека. Отмечено, что чем выше человек может подняться в этой иерархии, тем большую индивидуальность, человеческие качества и психическое здоровье он продемонстрирует.

М.М.Тусупова

Psychological aspects of realization of educational humanistic paradigm

The psychological aspects of realization of humanistic paradigm are examined in the article, that is indicated in Law «On education» of RK, given comparative descriptions to the humanistic and technocracy paradigms applied in the field of education. The psychological features of forming of subject- subject relations of teacher are exposed and student in an educational process, which is by the issue of the day, standing before pedagogical science. And also are educational relationship with the theory of humanistic paradigm A.Maslow «Humanistic Psychology», which is the main principle underlying the organization of human motivation, and the higher a person can rise in the hierarchy, the more individuality, human qualities and mental health it will demonstrate.

References

- 1 Republic Kazakhstan «On education» Law, 319, 2007, July, 27 // [ER]. Access mode: [www. zakon.kz](http://www.zakon.kz)
- 2 Berdyayev N.A. *Sense of history. It is a 3th publ.*, Moscow, 2000, p. 45.
- 3 Gurevich P.S. *The New technocracy wave in the west*, Moscow: Progress, 1999, p. 104.
- 4 Surcova L.V. *Technocracy the sociocultural phenomenon*, Mosco: Publ. MGOU, 1992, p. 15.
- 5 Memford JI. *Announcer MGU*, 2001, 7, 1.
- 6 [ER]. Access mode: <http://ru.wikipedia.org/wiki>, p. 18.
- 7 [ER]. Access mode: <http://pro-psixology.ru/sovremennye-psixologicheskie-teorii>

УДК 94 (574): 316.422 «1920/1936» (043)

М.М.Козыбаева

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана (E-mail: koz.mahabbat_85@mail.ru)

Влияние голода 1921–1922 годов на повседневную жизнь городского населения Северного Казахстана

В статье изучена проблема влияния голода начала 1920-х гг. на повседневную жизнь городов Северного Казахстана. Данный регион выбран не случайно, так как именно здесь наблюдались большие потери населения вследствие неурожайных лет и во время гражданской войны. Показано, что города региона активно участвовали в организации помощи голодающим, занимались сбором необходимых средств на ликвидацию последствий голода. Автором дан развернутый анализ архивных материалов и материалов периодической печати, рассказывающих о мероприятиях в городах и уездных центрах, направленных на борьбу с голодом, а также о благотворительных акциях.

Ключевые слова: повседневная жизнь, город, Северный Казахстан, продразверстка, голод 1921–1922 гг., джут, беженцы, комитет помощи голодающим, благотворительность.

Повсеместно в науке считалось, что голоду начала 1920-х гг. подверглось в основном сельское население. Безусловно, село понесло большие потери, но город активно участвовал в организации помощи голодающим, занимался сбором необходимых средств на ликвидацию последствий голода. В этом контексте актуальным для изучения остается вопрос влияния голода начала 1920-х гг. на повседневную жизнь городского населения Северного Казахстана, где голод приобрел большие масштабы. Северный Казахстан являлся крупным аграрным регионом, сильно пострадавшим в годы становления советской власти, а также в период голода начала 1920-х гг., что отразилось на социальном и демографическом облике крупных городов региона: Акмолинске, Кустанае, Кокчетаве, Петропавловске, Павлодаре и др. При подготовке статьи были использованы материалы архивов этих городов, работы ученых-историков Ж.Касымбаева, Г.А.Алпысбаевой [1, 2], Я.К.Духина, И.К.Тернового, С.В.Самаркина [3; 4], а также демографов А.Н.Алексеевко [5], М.П.Малышевой [6] и других. Большую источниковую ценность при изучении данной темы представляли архивные материалы и периодическая печать тех лет, освещавшая на своих страницах кампании по помощи голодающим.

Как известно, летом 1921 г. значительную часть Казахстана поразила засуха, которой предшествовал сильный джут. Он привел к гибели до 80 % скота. В ноябре 1921 г. число голодающих составило 1 млн 508 тыс. человек — 1/3 населения республики; к марту 1922 г. это число увеличилось и достигло более 2 млн 300 тыс. человек. Например, в Западном Казахстане к июню 1922 г. численность голодающих и больных составляла около 82 % от общей численности населения. Декретом ВЦИК летом 1921 г. в число голодающих районов были включены Уральская, Оренбургская, Актюбинская, Бокеевская, Кустанайская губернии. От голода 1921–1922 гг. в Казахстане погибли около 1 млн человек [5; 52].

В северо-западных районах Казахстана голод стал возможным не только в результате стихийного бедствия, но и из-за изъятия продотрядами сельскохозяйственных излишков. В отчете Кустанайского уисполкома отмечалось, что «настроение населения уезда, в особенности за последнее время, резко изменилось в худшую сторону на почве разверстки» [7; 14]. Власти действовали весьма жестоко. «Всех, кто будет мешать в работе по выполнению продразверстки, будем беспощадно устранять с пути» [8], — сообщалось на газетных страницах. В опубликованном в кустанайской газете «Красная

степь» в письме ЦК РКП (б), адресованном в 1920 г. всем губернским комитетам партии, разъяснялось: «Разверстка, данная на волость, уже является сама по себе определением излишков» [9; 1920, № 4]. То есть разверстка указывала на количество продукции, которую следовало изъять у крестьянина. Нередко хлеб забирали у бедняка. Так, в урожайных Семипалатинской и Акмолинской губерниях продотрядами было изъято до 80 % всех излишков, было собрано по продналогу более 4 млн пудов хлеба и 24,5 тыс. пудов масла. Изъятые же продукты — зерно, масло, мясо — отправлялись в пролетарские центры страны — Москву, Петроград, Самару, Казань, Саратов.

Особенно ярко обрисована ситуация в Кустанае, так как здесь, благодаря скученности населения, все проявления голода не ускользают от внимания. Год от года число голодающих увеличивалось. Наиболее сильно голод отразился на переселенцах — беженцах гражданской войны. О размерах голода свидетельствуют такие цифры: на ноябрь 1921 г. всего по району голодающих было 192340, из них по городу — 7436. С каждым следующим месяцем количество голодающих увеличилось на 25 %.

Вымирали целые семьи. Было зарегистрировано пять случаев людоедства и трупоедства. Если в начале 1921 г. основным видом преступлений был угон скота, то уже в марте — убийство людей с целью завладения продуктами. Так, было вырезано все семейство из четырех человек гражданина Паляева, жившего в семи верстах от г. Кустаная, с целью изъятия продуктов питания и одежды [10].

«Известия губкома» в г. Кустанае от ноября 1922 г. в статье «Борьба с голодом» называют главные причины голода: «1) Империалистическая и гражданская войны, когда была оторвана главная рабочая сила, как сельского, так и фабрично-заводского элемента, а с оторванностью ее ежегодное сокращение посевов, разорение сельского хозяйства и закрытие фабрично-заводских предприятий. 2) Засуха прошлых двух лет и сокращение посева до 50 %, постигший урожай, а также массовое появление вредителей сельского хозяйства, уничтоживших во многих случаях посевы» [11; 1922, № 13].

Началось неорганизованное массовое переселение голодающих из других регионов страны, особенно из Поволжья. Беженцы, не имея никакой вразумительной информации, надеялись в кустанайских степях найти спасение, но многие обрели здесь вечный покой. В одной из статей кустанайской газеты «Степь» говорилось: «Теперешнее голодное переселение из поволжских губерний — это, по общему мнению, безумие... Возможно, что сотни, а может быть, и тысячи из менее потерявших голову и просившихся куда попало, спасутся, но большая часть из них, несомненно, погибнет к тому времени, когда на место их вывоза уже придет необходимая помощь» [12; 1921, № 5].

Целые караваны переселяющихся крестьян, первоначально из голодающих губерний России, а затем и местных, ясно указывали, насколько сильно повлиял голод на население. «Красная степь» от 16 июня 1923 г. сообщала: «1921 год, год неурожая взбудоражил кустанайских хлеборобов. Зажиточные и за ними... и бедные начали собираться в погоню за урожаем на Украину» [9; 1923, № 61].

Усиливалось самовольное расселение, с которым государство вело решительную борьбу, о чем сообщалось в том же издании в заметке «К сведению переселенцев»: «Ввиду массовых ходатайств о переселении крестьянского населения в Поволжье и другие местности СССР, Наркомзем объявляет..., что в настоящее время ни в Поволжье, ни в какие-либо местности переселение не открыто и никакого зачисления не производится» [9; 1923, № 48]. Но это не повлияло на самовольные переселения. По этому поводу «Известия Кустанайского губернского комитета» от 25 сентября 1922 г. писали, что на 1922 г. «убыль населения по сравнению 1920 годом выражается в 29 %, из них умерших 9 %, остальные 20 % относятся за счет выехавших из пределов губернии...» [11; 1922, № 26].

Газета «Степь» писала, что «в 1921 году Декретом ВЦИК продовольственный налог с губернии для общегосударственных потребностей был снят» [12; 1922, № 34]. Работа советских органов проводилась в эти дни под лозунгом «Все на борьбу с голодом». Вслед за созданием в августе 1921 г. губернской чрезвычайной комиссии помощи голодающим (Губкомпомгол) были организованы районные, волостные, сельские, аульные комиссии помощи голодающим и волостные комитеты взаимопомощи. На 15 декабря 1921 г. действовали 8 районных, 75 волостных и 363 сельские и аульные комиссии.

Местная периодика отмечала и тот факт, что особенно в связи с коренными изменениями в хозяйстве, сокращением количества скота от голода пострадало казахское население. Так, периодическое издание «Бюллетень 3 Кустанайского съезда Советов» (№ 2 от 4 сентября 1920 г.), публикуя прения по докладу председателя губисполкома т. Тараненко, приводит смелые замечания казахского делегата Байканова, отметившего, что «принцип снабжения семенами не был соблюден», и бедняки (Федоровский район), приехавшие в Кустанай на коровах, уехали ни с чем [13; 1920, № 2].

В течение двух-трех месяцев население оказалось в небывалом бедственном положении. За неимением хлеба многие обращаются к всевозможным суррогатам. По свидетельствам местных газет, «съедается не только самый скот, но и его шкуры. Начинают питаться кошками, собаками, падалью и костями павших животных». Помощь могла быть оказана лишь самая незначительная. Детские дома, больницы, дома собеса в большинстве случаев почти совсем не получали хлеба, обитатели их пухли и в конце концов умирали медленной смертью. Открытые столовые и питательные пункты работали с большими перебоями из-за недостатка хлеба и других продуктов. Несмотря на все усилия, оказываемая помощь далеко отставала от действительной потребности в ней. Смертность достигла небывалых размеров [14].

«Красная степь» писала: «Голодает переселенческий элемент — все эти беженцы гражданской и империалистической войн, голодают почти все активные работники, голодают и вымирают пролетарские группы населения. В январе 1922 г. было 12 голодных смертей, в феврале — 500, в марте — 1500. Вымирают целые семьи. Установлено пять случаев людоедства и трупоедства. С весной на кладбищах выступило из земли большое количество гробов с трупами, похороненными зимой на недостаточную глубину. Ежедневно происходят жаркие собачьи схватки из-за человеческого мяса» [9; 1922, № 67].

По признанию властей, как сообщали местные печатные издания, даже губернская комиссия помощи голодающим (Помгол) была создана только 30 августа 1921 г., хотя мы помним, что «голод ясно обозначился» уже в июле. «Наступившая в это время осенняя распутица, изношенный транспорт с полуголодным скотом не позволили быстро создать комиссии на местах», — признавали в Помголе, представители которого в волостях появились лишь в ноябре. Вот что говорилось об оказании помощи голодающему населению в одной из кустанайских газет: «... учитывая то, что губерния собственными средствами с голодом справиться не в состоянии, Губпомголод с первых же дней стал стучаться во все, какие только можно, двери, требуя немедленной помощи. Но не всегда на стук сразу отворяют, не всегда просимое сразу и дается. Долгое время местные органы Помгола были предоставлены исключительно самим себе...» [12; 1921, № 12].

